

Қазақстан республикасының білім және ғылым министрлігі

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Бухгалтерлік есеп және басқару кафедрасы

Н.Ж.Алимова

АУДИТ

Оқу құралы



Қостанай, 2021

УДК 657.6(075.8)
ББК 65.053 я 73
А 50

Рецензенттер:

Сартанова Н.Т.- э.ғ.к., экономика және қаржы кафедрасының профессоры
Абаева Г.И., э.ғ.к., бухгалтерлік есеп және басқару кафедрасының
профессоры

Нурмагамбетова Л. И., э.ғ.к.,доцент М. Дулатов атындағы ҚИнЭУ

Автор:

Алимова Нургуль Жакабаевна, бухгалтерлік есеп және басқару
кафедрасының оқытушысы

А 50 Алимова Н.Ж.

Аудит: 6B04103-Есеп және аудит мамандығы бойынша оқу құралы –
Қостанай, 2021. – 120 б.

ISBN 978-601-356-033-5

Ұсынылған оқу құрал практикалық сабақтарын ұйымдастыру үшін,
аудит теориялық және әдіснамалық ережелерін меңгеруі бойынша
студенттердің тиімді аудиториялық жұмысы үшін арналған.

6B04103-Есеп және аудит мамандығының студенттеріне арналған.

УДК 657.6(075.8)
ББК 65.053 я 73

А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ Оқу - әдістемелік кеңесінде ұсынылған
және қарастырылған, 16.04. 2021ж., хаттама №2
6B04103-Есеп және аудит мамандығына арналған оқу құралы.

ISBN 978-601-356-033-5

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
© Алимова Н.Ж., 2021

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1 сабақ. Аудитке кіріспе.....	6
2 сабақ. Кәсіптік стандарттар, этика және заңды жауапкершілік.....	12
3 сабақ. Аудит мақсаты, аудиторлық дәлел және құжаттар.....	19
4 сабақ. Жоспарлау, мәні мен тәуекелі.....	28
5 сабақ. Ішкі бақылау.	44
6 сабақ. Аудиторлық іріктеу.	53
7 сабақ. Компьютерлік ортада аудиторлық тексеріс.....	66
8 сабақ. Табыс алу циклы және иемдену мен шығыстар.....	74
9 сабақ. ТМҚ және негізгі құралдардың сальдосы, өндірістік цикл, еңбекақы циклі және қаржылық-инвестициялық цикл....	90
10 сабақ. Инвестициялар, ұзақ мерзімді міндеттемелер, меншік капиталының шоттары және аудиторлық тексерісті аяқтау.	105

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастың дамуы шаруашылық әдістерін және формаларын қайта өзгертудің объективті қажеттілігін тудырады. Әміршілдік-әкімшілік жүйеде кеңінен тараған қоғамдық мүлікті талан-таражға салу нарықтық экономиканың ажырамас атрибуты болып табылатын іскерлік және ұқыптылықпен орын алмастырды.

Нарық жағдайына бейімделудің қиындығына қарамастан, елде ғылыми-техникалық саясат, маңызды теориялық және іс-тәжірибелік білім саласына айналатын нақты ғылыми әзірлемелерді жинақтаумен әлеуметтік-экономикалық қызметтің жаңа әрі озық нарықтық бағытын түбегейлі және қолданбалы зерттеу белсенділікпен жүргізілуде. Елдің микроэкономикасын басқару құралына аса қажетті әр түрлі бизнес салаларындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметін талдау, аудит және басқару есебі сияқты арнайы ғылымдар мен оқыту пәндеріне айрықша маңыз беріліп отыр.

Бухгалтерлік есепті реформалау және аудитті ұйымдастырудың озық тәжірибесі Халықаралық валюталық қордың (ХВК), Бүкіләлемдік банктің, Халықаралық даму бойынша Америка агенттігінің (ЮСА ИД), Еуропалық одақтың (ЕО) және Британдық кеңестің белсенді қатысуымен өткізілгендіктен, оны құраудың ағылшын-американдық үлгісі негіз етіп алынды. Бухгалтерлік есеп пен аудитті жетілдіру бойынша ұсыныс Конституция, Азаматтық кодекс, Бюджет кодексі, Салық кодексі, «Банкрот туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Шетелдік инвестициялар туралы», «Ақша аударымдары мен төлемдері туралы» заңдардың және компания, фирма мен коммерциялық ұйымдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да нормативті-құқықтық актілер талаптарын ескеру арқылы әзірленді.

Сонымен бірге ақпаратты жасаушылар мен пайдаланушылар арасындағы мүдделердің қатыспауы, меншік түрлері және нарық жағдайында пайда болатын басқа міндеттемелер бойынша бақылау объектілерін шектеу белгілі бір бизнес саласындағы қалыптасқан жағдайға тиянақты аудит жүргізуді талап етеді. Микро деңгейдегі бизнесте қабылданатын шешімнің сапасы алынған ақпараттың шындыққа жанасымдылығы мен оның талдамалық негізінің тереңдігіне тікелей байланысты болатыны іс жүзінде дәлелденген.

Қазақстан Республикасында индустриясы дамыған елдердің озық тәжірибесіне сәйкес бизнестің жаңаша кешенді тәуелсіз кәсіби аудит жүзеге асырылуда. Операциондық аудит пен қаржылық есептілік аудит және оның басқа да маңызды түрлері посткеңестік аумақтарда нарықтық экономиканың қалыптасуындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстармен және шындыққа жанасымды ақпараттармен мүдделілік танытатын пайдаланушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Бизнестің кәсіби аудит проблемасын зерттеудің көкейтестілігі

мүмкіндігінше аз шығынмен аса жоғары экономикалық тиімділікке қол жеткізуді оңташы ұйымдастыруға ұмтылатын барлық қатысушылардың мүддесінен білінеді. Аудит жоспарлау, талдау, үйлестіру, есеп, ұйымдастыру, бақылау және реттеу сияқты басқару қызметтерімен тығыз байланысты. Егер есептің көмегімен ақпарат көздері қалыптасатын болса, онда оның кешенді аудиті шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық процестерін жоспарлау, ұйымдастыру және реттеу барысында жіберілген кемшіліктер мен кателіктерді анықтауға және оны қайтадан болдырмауға мүмкіндік береді.

Бизнестің тиімділігін талдау мен кәсіби аудиттің жеткілікті дәрежеде әзірленбеу мәселесі оның біршама дайын нұсқасын нақтылауды ғана емес, сондай-ақ белгілі бір экономика секторының әр түрлі салаларындағы дағдарыс жиілігінде, нарық конъюктурасы өзгергенде және бәсеке деңгейінің болжап білуге болмайтын өзгеше жағдайларында оны ұйымдастырудың принциптік жаңа тәсілдемелерін әзірлеуді де талап етеді.

Мұның бәрі ұсынылып отырған оқулықтың мақсатын, құрылымын және мазмұнын анықтауға мүмкіндік берді. Ол «Аудит негіздері», «Аудит-1» және «Аудит-2», «Қаржылық бақылау және аудит», «Ілгерілемелі аудит» пәндері бойынша экономикалық мамандықтарда оқитын жоғары оқу орындарының студенттерін, магистранттарын және кадрларын дайындау мен қайта дайындау бойынша мемлекеттік бағдарламалар мен білім стандарттарының талабын, бухгалтерлік есеп және аудитті дамыту салаларындағы ғылыми зерттеулердің жетістіктерін ескеру арқылы дайындалады. Онда нарықтық экономика жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектілері қызметінің салалық және аймақтық ерекшеліктерін ескеру арқылы микро деңгейдегі бизнестің кәсіби аудитінің теориялық ұйымдастырушылық, әдістемелік және іс-тәжірибелік негіздері ашып көрсетілген.

№ 1 сабақ. Аудитке кіріспе

Осы сабақ аудиттік тексерістің мақсаты мен міндетіне толық түсініктеме береді. Ары қарай стандартты сөзсіз- жақсы (оң) аудиттік есеп берумен таныстырады. Сабақ сенімділіктің жаңа стандартына шолумен аяқталады.

Аудит мақсатына анықтама беріңіз:

Аудиттің негізгі мақсаты

- Аудиттің негізгі мақсаты қаржылық есептерде берілген ақпараттың нақты және объективті екендігін аудитордың өз мүмкіндігінше жеткізуі болып табылады.

Ақпараттық тәуекелділікке анықтама беріп, ол қалай пайда болатынын түсіндіріңіз

- Ақпараттық тәуекел – бұл қаржылық есептегі бар ақпарат дұрыс емес немесе адасуға бағыттайтын ақпарат.
- Ақпараттық тәуекел мына жағдайларда пайда болады:
 - ақпаратқа қол жетпеушілігі
 - ақпарат беретін адамдардың мотивациясы және алдын ала қорытындылауы
 - ұсынылғандардың және шаруашылық операциялардың үлкен көлемдігі
 - операцияның қиын, күрделі деңгейлілігі

Аудит тапсырмаларына анықтама беріңіз

- Аудит тапсырмалары өзіне мыналарды қосады:
 - уставты орындау және басқа да талаптар
 - ақпараттық тәуелді азайту
 - басқа да сенімділік бойынша қызметтер
 - салық салу бойынша қызметтер
 - консалтинг

Аудиттік фирманың негізгі қызметің баяндаңыз

- Аудиттік фирманың негізгі қызметі өзіне мыналарды қосады:
 - Аудиттік тексерістер
 - Келісілген процедуралар, шолу бойынша тексерістер
 - Бухгалтерлік есепті жүргізу және қайта құру бойынша қызмет көрсету
 - Сенімділікті көрсететін басқа да қызмет көрсетулер (бір нәрсенің нақты, дұрыс екеніне көз жеткізу мақсатымен өткізілетін тексерістер)
 - Салық салу бойынша қызмет көрсету (салық декларациясын толтыру, құру)
 - Консалтинг
 - Банкрот-кәсіпорынның басқару және банкрот ісі бойынша іс жүргізу.

Ішкі және сыртқы аудитті салыстырыңдар.

- Ішкі және сыртқы аудиттің бірнеше жалпы ұқсас белгілері бар:
- Тәуелсіздіктің қажеттілігі (мұқтажы)
- Таңдаулы тексерісті қолдану
- Қызмет көрсетудің теңбелгілік төлем бағасы
- Есеп беруді шығару
- Құрылған стандарттар аясындағы қызметтеу
- Сыртқы және ішкі аудиттің әртүрлі белгілері бар:
- Әртүрлі пайдаланушылар үшін есеп беруді шығару
- Әртүрлі тапсырмаларды орындау
- Жұмыстың сан түрлі көлемдері
- Әр күнгі шаруашылық операциялардағы қызығушылықтың алуан түрлі деңгейі
- Есеп берудің әртүрлі формасы мен мәні

Компаниядағы операцияндық аудиттің қызметін баяндау

- Операционды аудит тексерілетін белімнің үнемділігінің, нәтижелік және тиімділік бағасының мақсатымен компанияның тәсілдерін және операцияндық процедураның қандай да болмасын кез-келген бөлігін тексеру үшін қолданылады.

Үлкейтілген мемлекеттік аудитке түсініктеме беріңіз

- Үлкейтілген аудит, әдетте, 3 бөлімнен тұрады:
- Қаржылық есеп берудің аудиті
- Басқа үкіметтік талаптарға, ережелерге және заң нормаларына сәйкес келетін қаржылық есеп берудің үйлесімділігін анықтайтын лайықты тексерісі
- Жоспарланған бөлімшеде немесе тексерілетін программадағы өнімділіктің лайықтығын анықтайтын операцияндық аудит

Стандартты аудиттік қорытындының маңызды, басты бөлімшелеріне тоқталыңыз

- Стандартты аудиттік қорытынды 3 бөлімшелерден тұрады:
- Кіріспе бөлімде (параграф) аудиттік тексерістерді енгізілген қаржылық есеп беруді атап көрсетеді, тексерілетін компанияның басшылары қаржылық есеп берудің мазмұнына жауап беретінің хабарлайды. Өз кезегенде аудитор аудиттік есеп берудегі айтылған ойына жауап береді
- Негізгі бөлімде (көлемді баяндайтын параграф) аудиттік тексерістің халықаралық стандартына сәйкес тексерілгенің хабарлап, аудитордың өткізген жұмысының мінездемесін, сипатын анықтайды. Аудитордың жұмысының нәтижесі – қорытынды берудің негізі
- Ой-бөлімінде (аудитордың өз ойы көрсетілген параграф) қаржылық есеп берудегі аудитордың ойы айтылады.

- Стандартты аудиттік есеп беруде тексерілетін компанияның атауы, мекен-жайы, қаласы, және есеп берудің шығарылған мерзімі, аудитордың қолы болуы қажет.

Аудиторлық есеп беруде ескертпе қосудың себебін түсіндіру

- Аудиторлық есеп беруде ескертпе қосудың екі себебі бар:
- Қаржылық есеп берудің стандартты ережелерінен ауытқуы, осыған кіретіндері
 - ✓ Шоттарға назар аударудың сәйкессіздігі
 - ✓ Бағаның және баға әдістерінің сәйкессіздігі
 - ✓ Сәйкессіз ашылуы
- Аудиторлық тексеріс көлемінің шектеулігі мына шарттармен себеп болған
 - ✓ Клиентпен белгіленген шектеулігімен
 - ✓ Белгісіздігі және жағдайларымен

Аудитордың, шартсыз-оң, шартты-оң, теріс қорытынды немесе қорытындыны шығарудан бас тартудың жағдайларын айтыңыз (баяндаңыз)

- Егер ескерту қаржылық есеп берудің стандартты ережелерінен ауып кету нәтижесінен пайда болса, онда аудитор осы ауытқудың маңызды, маңызды емес немесе аса маңызды екенін ескеріп, шартсыз-оң, шартты-оң және теріс қорытынды шығаруы мүмкін
- Егер түсіндірме, ескерту тексеріс көлемінің ем қою нәтижесінен пайда болса, онда аудитор бұл ауытқудың маңызды емес, маңызды немесе аса маңызды екенін ескеріп, шартсыз-оң, шартты-оң қорытынды немесе ойын айтудан бас тартуы мүмкін

Стандартты аудиторлық қорытынды жасаңыз

Стандарттық аудиторлық қорытынды

Шартсыз-оң қорытынды

Ескертуі жоқ стандартты аудиторлық қорытынды тексерілетін ақпараттық халықаралық аудит стандарттарына және бухгалтерлік есепке толық сәйкес келсе ғана қолданылады.

Стандартты аудиторлық қорытынды негізгі 3 бөлімнен тұрады: кіріспе бөлім, негізгі бөлім және аудиторлық ой-пікір.

Кіріспе бөлім

- Кіріспе бөлімде тексерілген қаржылық есеп берудің тізімі, компания басшыларының қаржылық есеп беруді ұсыну ақпаратына жауап беретіні туралы белгі және де аудитордың есеп беруді тексеріп болғаннан кейін шығарылатын қорытындыға жауап беретіні туралы белгі болуы керек.

Мен _____(уақыты, мерзімі)_____ (жыл)_____(компания атауы) баланстық есеп берудің аудиторлық тексерісін өткіздім, сонымен қатар қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп беруді, үлестірілмеген табыс туралы есеп беруді және белгілі бір кезең мерзіміндегі ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беруді сол күні тексердім.

Негізгі бөлім

▪ Осы бөлімде аудиторлық тексеріс халықаралық аудит стандарттарымен сәйкес өткізілгені туралы хабарлайды, сонымен қатар аудитордың өткізген жұмыс мінезін анықтайды, сол жұмыстың нәтижесі қорытынды шығаруға негіз болады.

Мен аудиторлық тексерісті халықаралық стандартымен сәйкес өткіздім. Берілген стандартқа сәйкес мен аудиторлық тексерісті жоспарлап және өткізу керекпін. Осы тексерісті өткізгенде қаржылық есеп беруде ешқандай мәселелер туындауы үшін сенімділікті қамтамасыз етуім керек. Тексеріс қаржылық есеп берудің соммасын қолдайтын дәлелдемелерді, тесттерді зерттеулерді өзімен бірге қосады. Сонымен қатар аудит өзімен бірге басшылар қолданылатын бухгалтерлік есеп принциптерінің зерттелуін, басшылар дайындаған маңызды бағаларды және де қаржылық есепті берудің жалпы көрінісінің бағасын қосады.

Аудиторлық қорытынды

▪ Осы бөлім аудитордың ой-пікірінен тұрады.

Менің ойымша, қаржылық есеп беру қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарын сәйкес _____(күні) _____ (жылы) аяқталған кезеңдегі ақша-қаражатының қозғалысы және оның шаруашылық қызметінің нәтижелері және _____(күні)_____(жылы) компанияның қаржылық хал-жағдайы, күйі бүкіл маңызды аспектілерде шыңдықпен, әділдікпен көрсетілген.

▪ Стандартты аудиторлық қорытынды құрамында тексерілетін компанияның атауы, мекен-жайы, қаласы, есеп берудің шығарылған мерзімі, уақыты және аудитордың қолы болуы керек.

Қаласы _____ (қолы) _____
Күні _____ аудитор

Аудиторлық қорытынды

Мен _____(күні) _____(жылы) _____(компания атауы) баланстық есеп берудің аудиторлық тексерісін, қаржылық шаруашылық

қызметінің нәтижесінің есеп беруін, үлестірілмеген табыстың есеп беруін және сол күні аяқталған периодтағы ақша қаражатының қозғалысының есеп беруін тексердім. Осы қаржылық есеп беруге компания басшылары жауап береді.

Менің міндетіме осы есеп берудің аудиторлық тексерісінің берілгені бойынша бұл қаржылық есеп берудің ой-пікірін айтуы кіреді.

Мен халықаралық аудит стандарттарына сай аудиторлық тексерісті өткіздім. Берілген стандартқа сәйкес мен аудиторлық тексерісті жоспарлап өткізу керекпін. Осы тексерісті өткізген кезде қаржылық есеп беруде ешқандай мәселелер туындамау үшін сенімділікті қамтамасыз ету керек. Тексеріс қаржылық есеп берудің соммасын қолдайтын дәлелдемелерді тестері бар зерттеулерді өзімен бірге қосады. Сонымен қатар аудит өзімен бірге басшылар қолданылатын бухгалтерлік есеп принциптерінің зерттеуін басшылар дайындаған маңызды бағаларды және де қаржылық есеп берудің жалпы көрінісінің бағасын қосады. Менің ойымша, мен өткізген аудиторлық тексеріс өзімнің ой-пікірімді айтуға негіз болады деп есептеймін

Менің ойымша қаржылық есеп беру қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сай _____ (күні) _____ (жылы) аяқталған периодтағы ақша-қаражатының қозғалысы және оның шаруашылық қызметінің нәтижелері және _____ (күні) _____ (жылы) компанияның қаржылық хал-жағдайы бүкіл маңызды аспенбілерде шындықпен, әділдікпен көрсетілген.

Қаласы

Күні

(КОЛЫ) _____
аудитор

Салыстырмалы цифрлы материалды ашуда немесе аудиторлық қорытындыдағы қосымша ақпаратты көрсетуге қатысты ұсыныстарды беріңіз

- Мүмкін аудиторлық өзінің есеп беруіне қосымша ақпарат қосуы керек (мысалға, уставтың талабын орындау үшін). Аудиторлар бүкіл қосымша ақпараттардың аудиторлық қорытындыдан кейін тұратын бөлімге орналастыруды қадағалауы міндетті (аудитордың қорытындысын нығайтатын ақпараттардан басқалары)
- Егер салыстырмалы цифрлар материал тексерілмесе (немесе басқа аудиторлармен тексерілсе) онда осы туралы ақпарат қаржылық есеп берудің ескертуінде ашылуы керек немесе аудиторлық қорытындыға қосылады.

Сенімділікті көрсету бойынша міндеттер түсінігін түсіндіріңіз

- Сенімділікті қою міндетіне сәйкес аудитор тексеретін аспектілер бойынша жазбаша қорытынды құру керек. Осыған жауапты – тексеретін жақ (негізінен компания басшылары).

- Аудитор тексеретін жақтық сенімділік деңгейін бекітуін және сеніммен қамтамасыз етеді. Қаржылық есеп беру аудит түсінімділікті көрсету қызметінің класс түріне қатысатының атап өткен жөн.

Тікелей есеп берудің міндеттемесі мен қолдаудың міндеттемесінің арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.

- Қолдау міндеттемесіне сәйкес аудитор тексеріп жатқан жақтың (негізгі басшылықтың) зерттеу аспектілеріне хатты түрде ой-пікірін айтуы тиіс.
- Тікелей есеп беру міндеттемесінде бекіту хатты емес түрде жазылады және бухгалтер есеп беруде сәйкес баға критерилерін қолдана отырып, талқылау пәніне қатысты өз ой-пікірін айтуы керек

Концептуальды негізі бар аудиторлық міндеттерді сенімділікті көрсететін барлық міндеттер арасындағы арақатынастарды белгілеу

- Аудит бойынша міндет растау міндетіне қатысады. Басшылық қаржылық есеп берудегі бекітуге жауапты; ақпаратты қолданушылар – инвесторлар, кредиторлар және т.б. – қаржылық есеп беру негізіне қарай шешім шығарады аудитормен қамтамасыз етілген сенімділік деңгейі жоғары болып саналады, сондықтан аудиторлық тексерісті тек қана мамандығын жақсы білетін тәуелсіздікті бухгалтерлер (аудиторлар) өткізеді.

№1 сабаққа қатысты сұрақтар

C1.1 «Сенімділік» терминіне анықтама беріп, қаржылық есеп берудің нақты, дұрыс екеніне сенімділік қажет болатын шарттарды айтып беріңіз.

C1.2 Ішкі және сыртқы аудиторларды салыстырып, бір бірімен сәйкестіріндер

C1.3 Жергілікті орта мектептің бухгалтерлік есеп пәнінің оқытушысы сізден қоғамға не себептен аудитор қажет екенін оқушыларға түсіндіріңіз деп сұрады. Сіздің жауабыңыздың негізгі ойыңыздың қысқаша баяндамасы.

C1.4 «Аудит» терминіне және оның негізгі мақсаттарына анықтама беріңіз

C1.5 Стандартты аудиторлық қорытындының негізгі бөлімдерін атап шығыңыз. Әрқайсысының мақсаттарына тоқталыңыз.

C1.6 қандай жағдайларда аудиторлар өзінің есептеріне шектеулер қояды? Аудиторлық қорытындының мүмкін болатын түрлерін көрсетіңіз және де қандай жағдайларда аудиторлық қорытындының бір немесе басқа түрлері қолданылады.

C1.7 Сенімділікті көрсету міндеттемесі бойынша концептуалды негізінде тікелей есеп беру немесе оны қолдау қаржылық есеп берудің аудитінің қызметі болып табылады ма?

№2 сабақ. Кәсіптік стандарттар, этика және заңды жауапкершілік

Осы сабақ аудиттің кәсіптік стандарттарын, кәсіптік этиканы және аудитор қызметінің заңды ортасын қарастырады. (тәжірибеленіп жатқан кәсіптік бухгалтер)

Аудит стандарттарының және қаржылық есеп берудің стандарттарының процесін қысқаша айтып беріңіз.

- Стандартты тексеру, дайындау сатысына мыналар қосады:
- ◆ Мүмкін болатын жобаларды анықтау және зерттеу
- ◆ Жоба мәселесін дайындау, тексеру
- ◆ Жобаның қысқа мазмұндамасын дайындау
- ◆ Принциптер тізімін шығару
- ◆ Жобаның байқалатын, сыналатын нұсқасын шығару және мүмкін пайда болатын жауапты реакцияны зерттеу
- ◆ Жалпы ережелерді немесе нақты халықаралық стандартты шығару /басу/

Аудиторлық процедура мен аудиторлық стандарттарының арасындағы айырмашылықты анықтаңыз

- Аудит стандарттары – бүкіл аудиторлық тексеріс уақытында өзгертімейтін аудиттің сапасы туралы сипаттама (ұсыныс)
- Аудиторлық процедуралар – бұл жеке аудиторлық келісім кезіндегі керекті, нақты көлемдегі дәлелдемелерді алу үшін аудитордың қолданатын белгіленген және мамандалған іс-әрекеттері

Аудиттің халықаралық стандарттарын атап өтіңіз (анықтамалармен) және оларды аудиторлардың қолдануын баяндап беріңіз.

- Аудиттің халықаралық стандарттары өзіне жалпы стандарттарды, жұмысшы стандарттарды және есеп беру стандарттарын қосады.
- Осы стандарттар бүкіл аудиторлық келісімдерге қолданымды. Осы стандарттарға сәйкестік аудит үшін өте маңызды. Аудитор аудиттің халықаралық стандартқа сәйкес аудиторлық тексерісті өткізуді хабарлау үшін стандарттар минималды талаптарды ескереді.
- Жалпы жұмысшы стандарттар және есеп беру стандарттары төменде көрсетілген.

Жалпы стандарттар

- Аудиторлық тексеріс шындықпен, әділдікпен және өз ісін жақсы білетін кәсіптік адамдардың назарымен тексерілуі керек.

Жұмыс стандарттары

- Жұмыс сәйкесінше жоспарланған және жүзеге асырылған болуы керек. Егер аудиторда көмекшілері болса, онда оларды міндетті түрде қадағалап отыру қажет.

- Аудиторлық тексерісті жоспарлау үшін ішкі бақылаудың құрылымы туралы ақпаратты табу, іздеу қажет. Егер баға бақылау тәуекелдігінен максималды төмен болса, онда тесттің көмегімен бағаны қолдау үшін керекті дәлелдеулерді жинауы керек.
- Тексерудің қаржылық есеп берудің негізгі болған талдау, санау, растау, сұрау, қадағалау, тексеру барысында алынған маңызды ақпарат жатады.

Есеп берудің стандарттары

- Есеп беру аудиторлық тексеріске қатысты және аудитордың, басшылықтың жауапкершілігі туралы ескертуден тұратын қаржылық есеп беру тізімінен құрылуы керек.
- Есеп беру аудиторлық тексеріс қамтитын көлемін (масштабы) туралы хабарлау керек
- Аудиторлық есеп беруде аудитордың жалпы қаржылық есеп беру туралы ой-пікірі, немесе ой-пікірді айтпаудың себептері болуы тиіс.
- Ой-пікір қаржылық есеп берудегі ақша-қаражаттарының қозғалысы және шаруашылық қызметтің нәтижелері, қаржылық орнының барлық маңызды аспектілерінде әділді және дұрыс түрде айтылу тиіс. Қорытынды қаржылық есеп берудің халықаралық стандарт түрінде немесе ерекше жағдайларда, шешілген(ашылған) бухгалтерлік қағидаттары түрінде жазылуы керек. Есеп беру қорытындыда мүмкін болатын түсіндірмелерді нақты, оның түрде түсіндірілуі қажет.

Сенімділік стандарттарының мақсатын және халықаралық аудит стандарттары мен сенімділік стандарттары мен арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.

- Сенімділік стандарттары аудиторлық келісімдердің барлық түрлері мен концептуалды негізін қамтамасыз етеді. Олар қаржылық есеп беру аудиты мен қатар аудиттың (үлкен) сферасын және оған ұқсас (туыстас) қызмет түрлерін қамтиды. Халықаралық стандарттары тек қаржылық есеп беру аудитіне ғана қолданылады. Сенімділік стандарттар мен халықаралық аудит стандарттарының, яғни өзі екі стандарттар тобының басты, негізгі айырмашылығы-есеп беруде, ішкі бақылауда және тәжірибе өтіп жатқан мамангер адамның қызмет бабында, міндетінде(компетенция).

Аудиторлық фирмалар қоятын жеке ережелердің бақылау сапасының элементтер санап беріңіз:

- ✓ Жеке адамдарға(персоналдарға) тапсырма беру
- ✓ Кеңес беру
- ✓ Уәкілдік орындау, атқару
- ✓ Кәсіптік талаптар
- ✓ Дағдылар(әдеттер) және жете білушілік(компетентность)

- ✓ Клиенттерді қарсы алу, қабылдау және сақтау (немесе) жақс қарм қатынаста болу.
- ✓ Мониторинг

Этика терминіне және оның негізгі үш элементіне анықтама беріңіз.

▪ Этика- бұл адамның таңдау мәселелерінің жүйелі зерттелуімен , адам қолданатын (басқаратын) жаман мен жақсы стандарттарын зерттеумен, соның нәтижесінде өз дегеніне ждетумен айналсат\ын философия бөлігі.

Этиканың үш элементі:

- Шешімнің таңдау мәселелері
- Моральдық қағидаттар
- Шешімнің салдары(зардаптары).

Кәсіптік бухгалтердің (аудитордың) кәсіптік тәртіп кодексінің негізгі қағидаттарын түсіндіріп, атап беріңіз

- Негізгі принциптері
 - Тәуелсіздік
 - Әдептілік, сыпайылық
 - Әділдік, шындық
 - Кәсіптік жете білушілік және тиісті жинақтылық
 - Құпиялық
 - Кәсіптік тәртіп
 - Техникалық стандарттарға сай істеу, орындау
- Сіз осы принциптердің әрқайсысының мағынасын түсіндіруді білу керексіз

Этикалық мәселелерді шешуге бес сатылы әдіс қолданылады

- Этикалық мәселелерді шешудегі қолданылатын 5 сатысы:
 - Шешімді қабылдаған адамдарды және шешімді шығару үшін қажетті сұрақтарды қоса алдын ала мәселелерді аңықтау
 - Альтернатив тізімін құрастыру
 - Әр альтернативтерді маңызды аспектілерін адамгершілікпен бағалау
 - Мүмкін болатын шешімдерді тестілеп, ұсыну
 - Адамгершілікті, дұрыс таңдау жасау
- Сіз бухгалтерлер мен аудиторларда кездесуі мүмкін болатын этикалық делемаларды шешу әдістерің қолдануды білу керексіз

Этика кодексін баяндап (айтып) беріңіз

- Этика кодексі (заңдары) бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіптік тәртіпті басқаратын этикалық принциптер (қағидаттар) құрады. Тәртіп

ережелері нақты жағдайларда жалпы этикалық принциптерді қолдану кезінде мысал ретінде келтіреді.

▪ Осы стандарттар бүкіл кәсіптік ұйымдардың мүшелеріне таралады, тек кейбір стандарт түрлері қоғамдық тәжірибені жүргізіп жатқан мамандықтарға ғана қатысты болады. Мүше жұмысшысы бухгалтер немесе жай ұйымның мүшесі болсын, болмасын, осы стандарттар бәріне де жарамды (ортақ)

Аудитор көрсеткен ақпараттардың басқа пайдаланушыларда алдындағы аудитордың өз клиенттерінің алдындағы адамгершілік жауапкершілігін түсіндіріңіз.

▪ Аудитордың адамгершілік жауапкершілігі үшінші жаққа деген қатынасы жұмысшылардың, қызуғышылық білдірген тұлғалардың, олардың клиенттерінің қалаулары бойынша жұмыс істеуді. Бұл тәуелсіздікті, тиісті жинақтылық және кәсіптік жете білушілік, сонымен қатар аудиттік сенімділік стандарттарына сәйкес қызметті жобалап түсіндіреді.

Жалпы құқыққа сәйкес аудитордың міндеттемесін санап беріңіз

▪ Жалпы заңдарға сәйкес сотқа арыз жазушы (беруші) адам төмендегілерді дәлелдесе, онда аудитор кінәлі болып саналады:

- Шығындардың бар болуы немесе зиян келтіру ақиқаты
- Шарт-келісімдердің қатынасының бар болуы
- Қаржылық есеп беруді бұрыс ақпараттық болуы немесе аудитордың кері, дұрыс емес ұсыныстары
- Өзінің іс-жұмыстарын осы бұрыс есеп берулермен және ұсыныстармен негіздеу, дәлелдеу
- Есеп берулер мен ұсыныстар шығынның себеп болғаны туралы ақиқат
- Аудитордық, бухгалтердің жеңіл ойлауы, жауапкершіліксіздігі, салқынқараушылығы, оның азаматтық құқықты бұзушылығы және т.с.с. дәлелдейтін, көрсететін ақиқаттар, фактілер.

Аудитордың ұқыпсыздығын мойындау туралы талаптарды түсіндіріңіз

▪ Аудитордың ұқыпсыздығын мойындау үшін келесі талаптарды қолданыңыз:

- Арыз жазушы адам алдында заңдық жауапкершілік болуы керек
- Осы жауапкершілікті бұзуы болуы керек (мысалы, халықаралық аудит стандарттарынан ауытқуы, соны орындамау)
- Зиян келтіргені туралы дәлелдеме болуы керек
- Міндеттемелерді қадағаламау (орындамау) мен соңынан келетін шығынның арасындағы байланыс болуы қажет

Аудитор міндетті түрде орындайтын мүдделерін, жақтарын және заңдық жауапкершілік пайда болатын оқиғаларды баяндаңыз

- Аудитор клиент алдында, сонымен қатар үшінші жақ алдында жауапты. Аудиторды қатаң салқынқараушылық пен алаяқтық жасаған кезде ғана жауапкершілікке тартады. аудитор жай ұқыпсыздық, жауапкершіліксіздігі үшін де жауапкершілікке тартылады.

Аудитордың заңдық жауапкершілікке қалай қарайтыны туралы түсінік беріңіз

- Арыз жазушы адамның шығынды қалпына келтірудің қажетті шарттарын аудитор мына жағдайларда да теріске шығару мүмкін
- Арыз беруші адамның алдында жауапкершілік болмады
- Осы жауапкершіліктің бұзылуы болған жоқ (мысалы, халықаралық аудит стандарттарынан ауытқуы)
- Ешқандай шығын болмады
- Міндеттемелерді орындамау мен соңынан келетін шығынның арасындағы байланыстың болмауы

№ 2 САБАҚҚА ШАЛЫМА (ЖАЛПЫЛАМА) СҰРАҚТАР

C1.2

Соңғы жылдары сіздің клиентіңіз болып келе жатқан шағын өндіруші фирманың, «Рай» компаниясының қаржылық есеп беруін тексеру туралы аудиторлық келісімге сіз қол қойдыңыз. Басқа аудиторлық есеп беруді дайындаумен қолыңыз бос болмаған, сіз өзінің бухгалтеріңізді жіберіп, өзіңіздің көмекшіңізге тексерісті бастапқы стадиясын өткізуге және шоттарды тексеруден баста деп ақыл бердіңіз. Бұрынғы кезеңдегі жұмысшы құжаттарды қолдана отырып, аудитор шоттар сальдосын құрастырды, дебиторларды хронологиялық түрде бөліп қойды, растау туралы сауалдарды құрап, пошта бойынша жіберді, кредитпен есептеуді растайтын құжаттарды зерттеді. Сонымен қатар, ол қосымша жұмыстар атқарды. Оның жұмысы біткен соң сіз ол дайындаған жұмысты құжаттарды қарап шықтыңыз және де ол былтырғы жылдың жұмысшы құжаттармен сәйкес келетіне көз жеткіздіңіз.

Талап етіледі:

Қоғамдық бухгалтер аудит халықаралық аудит стандарты бойынша өткізілгені туралы өз ойын білдірді.

Аудиторлық жұмысшы стандарттарын атап шығыңыз. Осы стандарттар мысалдың қай жерінде бұзылды немесе бұзылмады?

C2.2

Этика Кодексінде құпиялылық туралы бөлімі бар ма?

C2.3

Көптеген адамдар аудитордың рөлін алаяқтылықты ашу фактісі ретінде көреді. Егер аудитор компанияның қаржылық есеп беруінде алаяқтық аспектілерді көре тұра, сөзсіз-оң қорытынды берсе, онда бұл аудитордың қателігі ретінде көрінеді.

Алаяқтықты ашудағы аудитордың міндеті, атқаратын қызметі, іс-жұмысы қандай?

C2.4

Қаржылық баспа ақпаратының жай оқушысы сертификатты бухгалтер болу өте қауіпті деп ойлауы мүмкін, себебі оларға қарсы үнемі соттық шығымдар беріледі. Сіз осы мәселеге, сұраққа қалай жауап бересіз? Аудиторлар жауапкершілікке тарту мүмкіншілігін кеміту үшін не істеуі керек?

C2.5

Мынадай нақыл сөз бар: «Маңызды адамгершілік моральді тест – өзінді басқа біреудің орында сезіну». Егер сіз жай ғана банк қызметшісі болсаңыз, онда сізге келген аудитордың қандай адамгершілік характеристикасы болғанын қалайсыз?

№2 САБАҚҚА АРНАЛҒАН БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

B2.1

Аудиттің 10 халықаралық стандарттары белгілі. Төменде осы стандартқа қатысы бар пункттер берілген:

1. Аудитор аудитті ұқыпты, тиянақты өткізіп, аудиторлық есеп беруді құрады
2. Тәжірибесі жоғары аудитор тәжірибесі төмен аудиторды басқарады
3. Аудитор клиенттің ішкі бақылау жүйесінің қорытындысын зеттеп, қалыптастырады
4. Аудитті өткізген кезде белгіленген жоспар бойынша жұмыс істелінеді
5. Аудитордың бухгалтерлік бөлімі және аудитте жұмыс істеу бойынша белгілі тәжірибесі бар
6. Аудитордың ойы, пікірі бойынша қаржылық есеп беру бүкіл қаржылық есеп берудің халықаралық стандартына сәйкес
7. Аудитор аудитті өткізу кезінде әділ және қасақана емес болуы
8. Клиент осы жылы, былтырғы жылы сияқты бухгалтерлік есеп қағидаттарын қолданды
9. Аудит барысында клиенттің қаржылық есеп беру қорытындысын құрудың керекті барлық дәлелдемелері алынды
10. Клиенттің қаржылық есеп беруіндегі ескертуде барлық берілгендер бар
11. Аудитор қаржылық есеп беру туралы ой-пікірін айтады

Талап етіледі:

А. Әр бекіту аудиттің стандарттарының қай категориясына және қай атауына жататының анықтандар (яғни жалпы стандарты, жұмыс стандарты және т.с.с.)

В. А пункттегі әр жауапқа стандарттан толық бекітілме алындар. Жауапқа келесі форматты қолданыңыз:

Стандарт идентификациясы	Стандарттан бекітілме

Б2.2

«Қателер» мен «бұзулар» терминдерінің арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіздер

Б2.3

Аудитор тәуелсіз болып саналмай, шынымен міндетті түрде тәуелсіз болу керек.

Талап етіледі:

(а) Қаржылық есеп берудегі тексеріс кезінде 3-ші жақтың сенімхат контекстінде «аудитор тәуелсіздігі» терминін түсіндіріп беріңіз

(б) 1. Аудитордың нақты тәуелсіздігін не анықтайды?

2. Аудитордың айқын тәуелсіздігін не анықтайды?

(в) Аудитор қай уақытта нақты тәуелсіздік болуы, бірақ қай уақытта құмарлық болып көрінуі мүмкін

(г) Мына қаржылық есеп берудегі тексеріс кезінде аудитор дербес бола алады ма?

1. шіркеудің ақшасын немесе бағалы қағазын сақтаушы кезінде?

Түсіндіріңіз

2. егер оның жұбайы(күйеуі) көңіл көтеру кешенінде казначей-бухгалтер болып жұмыс істесе және де сол аудиторлық қызмет көрсетулер төленбесе? Түсіндіріңіз

№3 сабақ. Аудит мақсаты, аудиторлық дәлел және құжаттар

Бұл сабақ аудит мақсатының дәл анықтамасын береді. Сіздер қаржылық есеп беру тексерісіндегі қолданылатын негізгі аудиторлық процедураларды және сай келетін аудиторлық дәлелдерді қарастырындар.

Аудиттің мақсатын дәлірек жазындар.

- Аудиттің қаржылық есеп беруінің негізгі мақсаты аудиторға шын және нақты көзқарасын білдіруге мүмкіндік беріледі, онда қаржылық есеп беруде субъекттің қаржылық жағдайы, ақша қаражатының қозғалысы және қызмет нәтижесі ұсынылады. Бұны былай айтуға болады «қаржылық есеп беруде өзгеру мәні болмайды деп көзқарас білдірді болады».

Мәнді өзгерістердің пайда болуын атаңдар және мәнді өзгерістердің бар болуы мен аудитор жауапкершілігінің жүйесін көрсетіндер

- Өзгерістерге қателер, алаяқтық және т.б. жатады. (Алаяқтыққа қаржылық есеп берудің фальсификациясын немесе активтердің дұрыс қолданбауын жатқызуға болады).
- Аудитор күрделі өзгерістерді анықтаса, міндетті түрде басшыларға айту керек (күрделі өзгерістерге мәнді өзгерісті немесе ішкі бақылау жүйесіндегі жетіспеушіліктерді жатқызамыз).

Құқықсыз әрекет тізімін келтіріңіз және бұл әрекетке сай аудитордың, қолбасшылардың жауапкершілік жүйесін бағаландар

- Халықаралық аудиторлық тәжірибе бойынша комитет (ХАТК) құқықсыз әрекетті анықтайды «субъект ұсынылатын құқығында әрекет ететін субъект жұмыскерлеріне / қолбасшыларына немесе қолданылатын субъектіге, мемлекеттік нормалардың немесе шетелдік немесе жергілікті құқықтардың бұзылуы».
- Қолбасшылар субъекттің әрекетін қадағалайтын заңдар мен нормалардың орындалуына жауапты және құқықсыз әрекетті анықтау және оны болдырмау. Сонымен қатар қолбасшылар мақсатқа жету үшін процедуралар мен жүйелерді кірістіруде жауапты болады.
- Аудитор нормалар мен заңдардың анықтамасына жауапты болады, оны ескермесе нәтижесінде қаржылық есеп берудің мәнді өзгерісі болып табылуы мүмкін.

Нақты аудиторлық мақсатымен байланысты және қолбасшылардың нақтылаған түрлі типтерінің мысалын келтіріңіз

*Қаржылық есеп беру туралы негізгі жеті бекітулер:

- Бар болуы
- Толықтылығы
- Құқығы және міндеті (жеке құқығы)
- Пайда болуы

- Өлшемі
- Құнды баға
- Ұсынылуы мен ашылынуы

Кейбір кітаптарда қаржылық есеп берудің бес бекітілуі келтіріледі, онда бар болу (баланс бабы) мен пайда болу (операция қатынасындағы табыс және шығын туралы есеп бабы), өлшем (операция қатынасындағы табыс және шығын туралы есеп бабы) мен құнды баға (баланс бабы) біріктірілген.

Қажетті көлемдегі дәлелдерді және мінездерді анықтаған кезде аудитор немен пайдаланылады

*Аудитор мамандырылған көзқарасын қолдана отырып дәлелдеудің жеткілігін анықтайды:

- * Мәндерін
- * Бақылау тәуекелін және негізгі тәуекелін қарастыруын
- * Алда болған тексерістің тәжірибесін
- * Дәлелдеулердің көңдірілуін
- * Тексеріс кезінде анықталған алаяқ фактілерін немесе қателерін

Аудиторлық дәлелдемелерді алу үшін қолданылған негізгі аудиторлық процедураларды сипаттандар. Әр процедураның жағымды және жағымсыз жақтарын бағаландар.

- Аудиторлық процедуралар өзіне есептеу, қадағалау, сұраныс және дәлел, инспектік және аналитикалық процедураларды қосады.
- Аудитормен жүзеге асырылған есептеу (жеке есеп шығару немесе қайта есептеу) бағадағы сенімділік үшін күрделі дәлелдеме болып табылады, бірақ бар болу немесе толықтыққа дәлел бола алмайды.
- Аудитордың қадағалауы бар болу туралы нақты ақпарат береді. Бірақ басқа ешбір ақпарат ұсынылмайды. Мысалы, активтің бар болуы оның субъектімен ұстауы дәлел бермейді.
- Тәуелсіз жақтарды сұрастырғанда мәнді дәлел ұсына алады, сол кезде ішкі сұраныс кішкене объективті болады. Бұл процедураны қолданғанда субъект туралы білген және субъектіден тәуелсіз, шыншыл затқа (на предмет честности) ақпаратпен бағаланады.
- Тәуелсіз жақтардан алынған дәлел (аудитор бақылауымен жіберілген және алынған пошта), алынған ақпараттың тәуелсіз шарттарымен, баға және бар болу дәлелі жеткілікті болады. Бірақ, егер аудитор жіберілген және алынған поштаны бақылай алмаса клиенттен алынған мүмкіндік ақпаратқа әсер етіп бұл процедураларды қолдануынан алған дәлелдерді әлсіретеді.
- Дәлел жолымен инспектірілген құжаттар құжаттарды іздестіру үшін қолданылады, бар болуын дәлелін ұсынады. Қадағалау толықтылықты дәлелдейді. Тәуелсіз жақтармен дайындалған құжаттар ең сенімді болып табылады (мысалы, банкте сақталатын несие туралы құжат). Ең сенімсіз

құжат тәуелсіз жақтардың субъектіде сақталатын және субъектімен өзімен дайындалған құжаттар болып табылады, өйткені олар фальсифицирленген болуы мүмкін.

- Аудитор аналитикалық процедураларлы қолданған кезде цифрлық материалдар арасында маңызды байланыс бар екеніне сенімді болу керек, ол күтімді құрылымға әсерлі болу мүмкін. Сонымен қатар күтіммен қамтамасыздандырылған сенім жүйесі аналитикалық процедуралардың тапсырмаларына сай болу керектігін қадағалау қажет. Бәрінен бұрын талдауды болашақта іздестіруді қажет ететін және нақты дәлелді табу үшін қаржылық есеп беру облысын ерекшелену керек.

Аудиторлық дәлелді табу үшін аналитикалық процедуралардың ерекше қолдануын түсіндіріңдер.

- Аудит ұзақтылығын және көлемін, мінезін анықтау үшін аудиторлық тексерісті жоспарлау кезеңінде талдауды қолдануға болады. Сонымен қатар талдау нақты бекітулерді дәлелдейтін, негізгі дәлелдер үшін қолданылады. Тексеріс кезеңнің аяғында талдау қаржылық есепті ұсыну соңғы баға үшін қолданылады.
- Негізгі дәлелді алу үшін қолданылатын талдау көрініс және жоспарлау үшін қолданылатын талдаумен салыстырғанда сенімді болу керек. Талдауды өткізу үшін қолданылатын сенімді ақпарат жүйесімен шектеледі.

Бухгалтерлік маңыздылықты бағалау және тәуелсіз компанияның қызметімен пайдаланылатын субъектінің ережесінде бұл дәлелдеулерді алу аспектілері үшін аудиторлық дәлелдерді алу аспектілерін жазыңдар.

- Қолбасшылармен қабылданған бухгалтерлік бағаны маңызды бағалау үшін міндетті түрде сай дәлелдерде алу керек.
- Субъект тәуелсіз мекеменің қызметін қолданса аудиторлық процедуралардың дәлелін алу үшін әсерін тигізе алады. Аудитордың дәлелді алу жолы сервистік мекемелердің басшылығына тәуелді болады, және осы мекемемен ұсынылған мінездеме және қызмет көлемі. Сонымен қатар бар болған дәлелдерге сәйкестік және жетістік жүйесі аудитормен алған ақпаратқа әсерін тигізеді. Аудиторлар аудиторлық дәлел ретінде аудиторға қызмет ететін есептерді жиі қолданылады.

Аудиттегі жұмыс құжаттарды қолдану мақсатын жазыңдар.

*Осы жұмыстың негізінде жасалынған аудиторлық тексеріс және нәтиже барысында істелінген жұмыс туралы жұмыс құжаттарында болады. Олар аудитордың халықаралық стандартына толық сәйкестікте аудиторлық тексерісті өткізу туралы куә болады.

Мамандырылған келісімдегі жұмыс құжатының мазмұны мен формасын жазыңдар.

*Жұмыс құжатының мазмұны мен формасына мынадай факторлар әсер етеді:

- Аудиторлық есептің формасы мен келісім мінездемесі;
- Субъектің өнері және мінездемесі;
- Субъектің ішкі бақылауы және бухгалтерлік есеп жүйесінің жағдайы мен мінездемесі;
- Анықталған жағдайлардағы ассистенттермен істелінген жұмыс және қолбасшы жолында қажет;
- Аудитті жүргізу барысында қолданылатын нақты әдістер.

Жұмыс құжатының кілттік элементтерін атап шығындар.

- Жұмыс құжатында болады;
- Сәйкес аудиторлық жұмысты жоспарлау туралы дәлел;
- Алынған аудиторлық дәлелдерді суреттеу (описание);
- Қадағалау және қолбасшылыққа сай дәлелдер;
- Жазуларды нақтылайтын қаржылық есепке сай дәлелдер.
- Өзгертулерді кеттіру және бағалау дәлелі;
- Клиенттермен айырысқан хат жазулардың көшірмесі.

Келісімді қорытқанға дейін негізгі әрекеттерді жазындар.

*Келісімді қорытқанға дейін негізгі әрекет өзіне қосады:

- Клиент пен фирма арасындағы тәуелсіз бағалау;
- Алдағы кезеңдегі болған жылдық және қаржылық есеп беру сияқты алынған ақпарат;
- Бұрын болған аудитормен араласу;
- Банкирлермен, заңгерлермен, клиенттің мекемесімен және т.б. араласу
- Келісімге қатысты тәуеклді немесе ерекше қажеттіліктерді қарастыру;
- Тапсырманы орындау үшін фирма ресурстарының жетістілігін бағалау.

Жаңа аудиторлық келісімді қабылдау алдында қандай факторларды ескеру керек?

- Клиент пен фирма ұжымы арасындағы қаржылық немесе іскердік қарым қатынас;
- Клиенттің адалдығы;
- Клиенттің іскерлік тәуекелінің жүйесі (банкротқа шалдығу тәуекелі);
- Аудиторлық есептің шектелуі.

Хаттық-келісімнің құрылымы және мақсаты қандай?

*Хаттық-келісім құрамында аудитор мен субъект арасындағы ережелер болады, нақтылағанда:

- Аудит мақсаты және мінездемесі;
- Қаржылық есептерді ұстау үшін қолбасшылардың жауапкершілігі;
- Барлық маңызды өзгертулерді тексергенде анықталатын тәуекел;
- Төлеу жүйесі;
- Субъект құрастыратын жұмыс құжаттарының тізімі;
- Клиент келіскен ережелерді бекіту.

Келісім хат

Аудит Сервис ААҚ-ң сертификатталған бухгалтерлері

15 наурыз, 1999.

Ахметов Серік, Тур АҚ-ң Президенті,
Достық 32, Алматы Қазақстан

Құрметті Ахметов мырза:

Берілген хат 1999 жылдың 31 желтоқсанына, яғни есепті кезеңнің аяғына Тур АҚ-ң аудит бойынша қаржылық есептің шартын қолдайтынын мәлімдейді.

Біз 1999 жылдың 31 желтоқсанына Баланс Есебінің тексерісін жүргіземіз және қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижесі туралы сәйкестендіріліген есеп беруді, бөлінбеген пайда мен 1999 жылдың аяғына ақша қаражатының қозғалысын тексереміз. Орындалатын тексеріс жалпы аудиторлық стандарт бойынша жүргізіледі, яғни ол қаржылық есеп берудің дұрыс жүргізілуін және нақты жоспарлануын талап етеді.

Аудит процедурасы өзіне қаржылық есеп берудегі қосымшада берілетін ақпарат пен сомманы дәлелдейтін тест, дәлелдеме негізіндегі тексерісті қосады. Сонымен қатар біз компания басқармасымен орындалған есеп принципі мен маңызды баға көрсеткіштерін және қаржылық есеп берудің жалпы мағынасын бағалаймыз.

Есеп берудегі қате мінездемесі бойынша, ұқыпты ұйымдастырылған және орындалған аудит, барлық маңызды қателерді анықтай алмауы мүмкін. Әрине, біз тексеріс барысында күдікті болатын ақпаратты ұсынамыз.

Есіңізге сала кетейік, қаржылық есеп беруді және сәйкестендірілген ескертулерді құрастыру, компания басшысының міндеті болып табылады. Бұл өзіне, есеп саясатын және операциялық қызметтің тиімділігіндегі компания мақсаты мен міндетіне жету кепілдігін беретін, ішкі бақылау жүйесін құрасытыруды, активтерді қорғау, қаржылық есеп берудегі сенімділікті және бектіліген заңға бағынуды қосады. Аудит бөлігі негізінде, біз компания басқармасынан ұсынылатын ақпарат бойынша жазбаша нақтылауды сұрай аламыз.

Сонымен қатар біз 1999 жыл бойынша компанияның салық декларацияларын қарастырамыз. Біз салық декларациялаы сізбен толтырылатынын түсінеміз. Сонымен қатар, жыл бойы сізге салық тиімділігінң сұрақтары бойынша немесе іскерлік саясаттағы өзгерістерді қарастыратын қызметтерді ұсына аламыз.

Берілген қызметтің бағасы, үнемді және бекітілген сатвка бойынша, + транспорттық және басқа да шығындар. Есеп беруге шоттар әр екі жеті сайын беріледі және алынған бетте төленуі міндетті.

Сіз үшін қызмет көрсетуге әрдайым қуаныштымыз. Егер берілген хат сіздің түсінігіңізді дұрыс көрсетсе, мархабат, тіркелген көшірмеге қол қойып, бізге жәберуді сұраймыз.

Сіздің шынайы
Аудит Сервис ААҚ-ң
Серіктестері

Бекітілген:

Кіммен: _____

Мерзімі: _____

3 сабаққа арналған сұрақтар

В 3.1

Қаржылық есепте қолбасшылармен жасалынған нақты бекітілген дәлелдерді алу үшін аудиторлық процедуралар қолданылады. Кейбір процедуралар бір бекітулерді дәлелдеу үшін қажет, басқалары басқаларды нақтылау үшін қолданылады. Қажетті дәлелге тәуелді тексеріліп бекітілген дәлел үшін аудитор тиісті процедураны тандайды.

Қажет:

Кесте құрып, сол жақтағы бағанаға барлық аудиторлық процедураларды атап шығындар. Әр бағананың қарама-қарсына бұл процедурамен тексерілетін, қолбасшылармен бекітілетін масылдарды келтіріңдер.

В 3.2

Сіз Х компанияның жылдық қаржылық есеп беру аудиторлық тексерісіне қатысасыз, ол 1999 жылдың 31 желтоқсанда аяқталады. Тексерілмеген баланстық есеп мынадай ақпарат ұсынады, жылдың аяғында Х компанияның \$ 285,950 соммаға негізгі құралдар бар екенін.

Қажет:

- (а) Х компанияның аудиторлық тексерісінің бас мақсатын анықтаңыз.
- (б) Негізгі құралдарға қатысты нақты аудиторлық тапсырмаларды жазыңдар.

В 3.3

«Ең басты сен тексерісті қалай өткізгенің емес, аспект маңыздылығын қалай құжаттайтының маңызды» сөзіне баға бер.

В 3.4

Дәлелдердің салыстырымдылығы.

(1) Әр дәлел көзін анықтаңдар (тікелей ақпарат, сыртқы және т.б.) және олардың маңыздылығына сай орналастырыңдар:

- (а) Несиегерлердің айлық есеп беруде көрсетілген сомма.
- (б) «Шот бойынша төленген» бөлімінде құжаттарды нақтылайтын журнал регистріне кіргізілген соммалар.
- (в) Қолданылмаған жеңілдікке шығын сомасы, аудитормен тексерілмеген нақтылы құжат бойынша аудитормен есептелген сомма.
- (г) Тікелей аудитормен алынған несиегердің хатында көрсетілген сомма.

(2) Әр дәлел көзін анықтаңдар (тікелей ақпарат, сыртқы және т.б.) және олардың маңыздылығына сай орналастырыңдар:

- (а) Тікелей аудитормен алынған клиенттің облигация ұстанымы, тәуелсіз сенімді тұлғаның хатында көрсетілген сомма.
- (б) Басшы кеңесінің отырыс протоколынан алынған сомма.
- (в) Облигация статусын және ережелерді тексергеннен кейін аудитормен

есептелінген облигацияларға есептелініп амортизация бойынша шығын және пайыз соммасы.

(г) Аннулирленген чектерде көрсетілген сомма.

В 3.5

Аналитикалық процедуралар дәлелдерді алу үшін экономика тиімді әдісі б.т. Қаржылық есептегі ақпарат үшін бірінші реттік дәлелдерді алу үшін талдау қолданылғанда, талдаумен қамтамасыздандырылған сенім жүйесі бұл процедураның қолдану мақсатына сай болу керек.

Бірінші реттік құжаттарды алу үшін аналитикалық процедураларды қолдану мақсатына сай емес, аудитор алатын сенім жүйесіне келтіретін тәуекелді жазыңдар.

3 сабаққа бақылау тапсырмалары

К 3.1

Клиенттің ТМҚ аудитін жоспарланғанда, аудитор қаржылық есеп қатынасында қолбасшы бекіткен 5 категориядан тұратын келесі аудиторлық тапсырмаларды қояда:

1. Нарықтық құн және төмен өзіндік құн бойынша жатымды түрде (надлежащим образом) қорлар көрсетіледі.
2. Баланстық шотты құрастыру күні қоймада болған, баланстық есепке қосылған қорлар.
3. Қорлар көлеміне барлық шикізат пен материалдар, дайын өнімдер, аяқталмаған өндіріс кіреді.
4. Қаржылық есептің ескертулерде ашылған салынған қорларының бар болуы.
5. Қорларының қарым-қатынасында клиенттің жеке заңды құқығы бар.
6. Қорлар барлық баптарды өзіне қосады, олар компаниямен алынған және баланстық есептің күніне және консигнацияға сатып алушыларға жіберілген қорлар.
7. Қорларға қосылмаған, жеткізушілерден консигнация бойынша алынған қорлар.
8. Инвентаризациялық ведомосінде нәтиже шығарылып, көлем және баға көрсетіледі, және нәтиже бас кітапта қорлардың сальдосымен келістіріледі.
9. Қорларға қосылған қалып қойған тауарлар, жатымды түрде идентифицирленген және дұрыс бағаны көрсетеді.
10. Ағымды активтер сияқты баланстың есепте дұрыс классифицирленген қорлар.

Қажет:

Жоғарыда атап кеткен пункттерде жеке аудиторлық тапсырмасынан шығатын бекіту категориясын анықтандар.

К 3.2

Аудиторлық дәлел бойынша жұмыс стандартының қажеттілігіне сай, аудитор келесі тест түрін өткізе алады: (а) шаруашылық операцияларының детальдарын, (б) сальдо детальдарын тестілеу, (в) аналитикалық процедуралар. Төменде берілген бір категорияға сай жеке аудиторлық процедуралар аталынған.

1. Фактілік нәтижелерді жоспарланған күтіліммен салыстырындар.
2. «Төленген» чек есебімен чек реестрінде проводкаларды тексеріндер.
3. Төленуге есептелген пайыздарды қайта есептендер.
4. Клиенттің берешек сальдосын нақтыландар.
5. Қорлар айналымының коэффициентін есептендер және өсім бойынша берілгенімен салыстырындар.
6. Жылдың аяғында банктік шоттарды тексеріндер.
7. Шот-фактура есебімен реализация журналы бойынша проводкаларды тексеріндер.
8. Жылдың аяғында қалған кеңсе тауарын тексеріндер.
9. Жыл ішінде алған жерге жеке құқықты аудару туралы акты оқындар.
10. Қолбасшыдан хат-ұсынысты алындар.
11. Құрылысқа кеткен шығын шоты бойынша проводкаларды тексеріндер, олар капиталды болу керек.
12. Ескерілген қорлар туралы шаруашылық қойма басшысын сұраңдар.

Қажет:

Жоғары атап шыққан процедуралардың нөмірлерін атап шығындар. Әр процедура үшін маңызды және алынған нақтылайтын ақпарат типі бойынша тест типін көрсетіндер. Өз жауаптарыңызда келесі форматтарды қолданыңыздар:

Процедура нөмірі	Маңызы бойынша тест түрі	Нақтылайтын ақпарат типі

К 3.3

«Бриз» компанияның бухгалтері 31 желтоқсанында аяқталатын жылдық қаржылық есепті дайындайды. Бухгалтерлік жазуларды қарағаннан кейін Сіз реклассифицирленген проводкаларды және келесі дұрыстаулар қажет екенін көреміз:

1. Кеңсе тауары бойынша сальдо \$2,400 құрайды. 31 желтоқсанға қорлар \$1,700 соммаға кеңсе тауараның бар екенін көрсетеді.

2. Екі шот бар, олар сақтандыру балансымен байланысты; аванспен төленген сақтандыру, сальдо \$9,200 және сақтандыру бойынша шығын, сальдо \$2,800. Есеп беру мерзімінен шықпаған сақтандыру \$3,000 құрайды.
3. Жалға беру төлемінен түскен төлемдер (\$25,000) жалға беру кірісіне несиеленген. Жылдың аяғында жалға беру төлемінің соммасы \$5,000 құрайды.
4. Резервтің несиелік сальдосы сенімсіз қарызға \$6,000 құрайды. Ранжирлеу кестесі алдын ала есептелген өлшемнің сенімсіз қарызы \$14,000 құрайды.
5. Несиегерлік берешектің шотындағы сальдо \$122,400 құрайды. Болашақта тауарды сатып алу үшін «Бриз» компаниясымен берілген аванс түрінде \$10,400 берілген соммасы кіреді.
6. \$3,200 мөлшеріндегі жылдың басында алынатын пайыздар бухгалтерлік жазуларда көрсетілген пайыздардан алынған барлық жинақылар пайыз бойынша кіріс шотына несиеленген. Ағымды жылдың 31 желтоқсанына есептелген пайыз алу кезінде \$3,800 құрау керек.
7. \$6,000 мөлшеріндегі капиталды шығындар құрылыс бойынша шығын шотына 1 қазанда дебиттелген станоктың ескерілген жылдық ставкасы 10% 09hfqls7
8. \$5.000 мөлшеріндегі жеткізу бойынша транспорттық шығындар жіберу бойынша транспорттық шығын шотына дебеттелінген.
9. Дебиторлық қарыз сальдосы \$118,400 құрайды. Берілген сальдо сатып алушылар шотының есебінен ұсынылған, несиелік сальдо \$15,000 құрайды.
10. Облигация бойынша төлем сальдосы \$550,000 құрайды. Облигация бойынша қарыз соммасы төлеу мерзімі келесі жылы болатын \$50,000 құрайды.

Қажет:

Журналға дұрыстау және реклассифицирленген проводкаларды кіргізіңдер. Дұрыстауларды санмен, ал реклассификацияны-әріптермен белгілендер.

№ 4сабақ. Жоспарлау, мәні мен тәуекелі

Бұл сабақ аудиторлық тексерістің жоспарлау барысының алғашқы сатысында әрекеттерді қарастырады, өзіне қосады:

- Маңыздылық сияқты қарастыратын өзгеру мерзімін анықтамасы;
- Түрлі тәуекел типінің бағасы қаржылық есеп беру тексерісімен және оның құрылуымен байланысты, таппау тәуекелінің жоспарлауын анықтау үшін аудиторлық тәуекелінің моделін қолданылуын қосады.

Аудиттің жалпы стратегиясын дамыту үшін жоспарлаудың негізгі көрсеткіштерін атап, аудиторлық жоспарлаудағы тексеріске анықтама беріңіз

- Аудиторлық тексерісті жоспарлау процесі жалпы аудиторлық стратегияны дамытып, кейін жеткілікті аудиторлық дәлелдеуге сәйкес келетін концептуалдық негізіндегі жалпы аудиттің стратегиясын және жеке стратегияны дамытады.
- Аудиттің жалпы стратегиясын дамыту барысында, аудитор субъект бизнесімен танысу қажет; осы бизнеспен байланысты тәуекел сатысын анықтау; аудиттің мақсатын анықтау; ішкі бақылау туралы ақпарат алу және қаржылық есепті дайындаудың әр түрлі аспектілерін анықтау.

Субъект бизнесінің сипаты туралы мәліметтерді алу барысында аудитордың міндеттерін сипаттаңыз

- Табысты және тиімді жоспарлау мен аудиторлық тексерісті өткізу үшін, аудитор субъект бизнесінің сипаты туралы мәлімет алу міндетті.
- Субъект бизнесінің сипаты туралы мәліметтерді алу барысында аудитордың міндеттері:
 - Барлық тәуекелділіктерді қарастарытын және анықтайтын, табысты тексерісті өткізу және жетілдіру;
 - Экономикалық тиімді әдістерді қолдану негізінде, тиісті және жеткілікті дәлелдемелерді беретін, тиімді тексерісті өткізу және жетілдіру;
 - Аудитордың тексеріс нәтижелері мен оларды дәлелдейтін дәлелдемелерді бағалау дәлділігін жақсарту;
 - Субъектіге тартымды қосымша қызметтерді ұсыну.

Бизнес туралы мәліметтердің бар болуы аудиторлық мақсатқа жетуідегі ықпалын түсіндіріңіз

- Аудитор субъектінің бизнесі туралы білімін қолданылады;
- Аудиторлық тексерісті жақсы өткізу және жоспарлау, маңызды өзгерістердің тәуекелге ұшыру барлық түрлерін қарастырып анықтайды.
- Тиімді тексерісті өткізу және жобалау, ол ең тиімді экономика әдістерді қолдануымен қажетті аудиторлық және жеткілікті дәлелді ұсынады;

- Оны нақтылайтын аудитор бағалаған тексеріс нәтижесі және дәлелді жақсартады;
- Субъектіге толымды қызметті ұсыну.

Бизнес туралы қажетті мәліметті алу үшін аудитор қолданылған әдебиет пен әдістерді мысалға келтір

- Бизнес туралы қажетті мәліметті алу үшін аудитор қолданылған әдебиет пен әдістерді мысалға келтіру:
 - Бизнесі бақылау, мысалы, жабдықтар мен өндірістік жерді қарау;
 - Қолбасшы және ұжыммен сұраптама жүргізу;
 - Субъектінің заңдық құжаттарын білу, мысалы, Кеңес басшыларының отырыс протоколы және мекеменің тіркелімді құжаттары;
 - Бизнес-ортаны білу, мысалы, өсімдегі (отрасль) экономикалық жағдай туралы мәлімет алу үшін өсім бойынша прессаны қарау;
 - Арнайы пресс-релиз және журналдарды білу сияқты, өсім бойынша нақты факторды білу.

Субъектінің бизнесі туралы ақпаратты алу үшін аудитор бизнес аспект тізімін келтіріңдер:

- Аудитор білу керек:
 - Субъектінің шаруашылық операциялардың нәтижесі мен негізгі өнерін;
 - Субъектінің мақсаты мен оның миссиясын;
 - Субъектінің бақылау жүйесін;
 - Субъект қызмет ететін бизнес-ортаны;
 - Аудитордың бәсекелестерімен салыстыру бойынша өсімдегі клиенттің жағдайын;

Аудитор субъектінің өнерімен байланысты тәуекелді қалай анықтайтынын түсіндіріңдер:

- Субъектінің өнерімен байланысты тәуекелді анықтау субъектінің бизнес мінездемесі туралы ақпарат алғанда және аналитикалық процедураларды қолданған жоспарлау барысында жүзеге асырылады;

Аудиторлық тексерісті жоспарлау үшін қаржылық есептің аспектілері мен аудиторлық тапсырмаларды анықтау және субъектінің ішкі бақылау жүйесі туралы ақпараттың маңызын түсіндіріңдер:

- Ішкі бақылау туралы ақпарат аудиторлық процедуралардың мерзімін, көлемін және мінезін анықтауға көмектеседі.
- Қаржылық есептегі аудиторлық аспектілер мен тапсырмаларды анықтау, жалпы аудиторлық тексерістің тиімді емес тәуекелін және қажетті жұмыстың көлемін анықтауда аудиторға көмектеседі. Бұл жақсы және тиімді аудитті жоспарлауға көмектеседі.

Аудиторлық тексерісті жоспарлау барысында талдау мақсатын түсіндіріңдер:

- Аналитикалық процедуралар аудиторлық процедуралардың мерзімі және көлемі, аудиторлық тексерісті жоспарлау мақсатымен мінезді анықтау барысында қолданылады.

Аудиторлық тексерісті жоспарлау барысында қолданылатын жалпы аналитикалық процедураны суреттендер:

- Аудитор ағымды кезеңнің күтімді нәтижесін анықтау үшін субъектінің бизнес білімін, алдағы кезеңнің ақпаратын, өсім бойынша статистиканы, бюджетті және т.б. қолданылады. Аудитор нағыз сандық материалды алдағы кезеңнің күтілімімен салыстырады, онда нәтиже күтімге сай келмейтін облыстарға көңіл бөледі. Бұл процесте тренд талдауы, коэффициент талдауы, регрессия талдауы және келісімді қабылдау ережесі қолданылуы мүмкін.

Тексерілмеген қаржылық есепті қолданып аналитикалық процедураның үш кезеңін суреттендер:

- Тексерілмеген қаржылық есептің үш кезеңі;
- Салыстырымды ақпаратты дайындау және алдағы кезеңге қатысты болған өзгерістерді табу;
- Салыстырмалы берілгенде табылған қарым-қатынасты және өзгертулерді суретте;
- Аудиторлық тәуекелділіктің жоғары облысын анықтау және тапқан өзгерістерді түсіндіруге дайындық.

Қаржылық ақпаратты қолданатындарға әсер әдісін және концепция маңызын түсіндіріңдер.

- Өзгерім маңызды болып табылады, егер, қаржылық есептегі ақпарат қолданушының келісімін өзгертетін өзгерім болса. Келісім мінезі және потенциалды ақпарат қолданушы туралы ақпарат, ол түрлі аудиторлық тексеріс үшін немесе маңызды келісімге әсер ете алады және қабылдай алады.

Маңыздылық аспектілерінің сапасы мен саны арасында айырмашылықты, сонымен қатар маңыздылыққа әсер ететін факторлардың сапасы мен саны арасындағы айырмашылықты түсіндіріңдер.

- Маңыздылықтың сандық аспектісі – бұл қаржылық есептегі ақша сомасындағы потенциалды өзгерісте көрсетілген.
- Маңыздылықтың сапалы аспектісі мынадай облыстарға қатысты:
- Мөлшер мен құқықтың бұзылу мүмкіндігі;

- Ағымды қиыншылық болып табылатын қатысты емес аспектілердің ашылуы, қаржылық есептегі компанияның қаржылық жағдайын ұсыну нақтылығы және дәлдігін анықтау үшін маңызды.

Берілген аудиторлық тексеріс үшін аудитор қай жолмен маңыздылықтың жалпы деңгейін анықтай алатынын суреттендер:

- Аудитор мамандырылған ойлауларды қолдана отырып, маңыздылықты анықтай алады. Маңыздылықты анықтау үшін аудиторлар орнатылған қолбасшылық ориентирлерді қолданады. Ең жайлған түрі – 5%-дан 10%-ға дейінгі салықты төленгенге дейін кіріс. Басқа ориентирлер -05%-дан -10%-ға дейін барлық активтер соммасы; жеке капитал сомасы 0,5%-5,0%-ға дейін; вал кірісінің көлемі 0,5% - 5% дейін; және таза табыс 0,5% - 1,0%-ға дейін.

Аудиторлық тексеріс барысында маңыздылықтың қолданылуын суреттендер:

- Тексеріс барысында аудитор барлық өзгерістерді бір параққа кіргізеді. Аудит біткеннен кейін аудитор тексеріс барысында тапқан барлық өзгертулерді есептейді, субъектімен дұрысталған өзгертулерді ескере отырып, қалған өзгертулердің санын қолбасшының ориентирлерімен жағымды қорытынды шығару туралы келісімді құрастырып және маңызды емес немесе маңызды анықтама үшін салыстырылады.

Аудиторлық қорытындыға әсер ететін өзгерту типтерін суретте:

- Аудитор өзгерістерді тексеріс барысында табады. Аудитор мүмкін өзгертулер деп санайтын өзгертулер нақты болып табылады. Аудитор бұны маңызды таңдамадан алынған жалпы таңдаманың нәтижесін шығару жолымен келісім қабылдайды. Мүмкін өзгертулер өздігінше өзіне маңызды емес таңдамадағы өзгертулерді, сонымен қатар алдағы кезеңнің кез-келген дұрысталмаған өзгертулерін қосады. Болжауланған және өзіндік өзгертулер сомасы қаржылық есептегі максималды болатын өзгертулер болып табылады. Аудитор бұл жағымды қорытынды шығару туралы келісімді қабылдау үшін маңызды болып табылатын көлеммен салыстырылады.

Аудиторлық тәуекелге анықтама беріп оның компоненттерін суреттендер

- Аудиторлық тәуекел – бұлаудитордың маңызды өзгертулері бар қаржылық есепке қатысты жағымды қорытынды шығару тәуекелі (аудитор тәуекел деңгейін анықтайды, ол оны қаржылық есепті қолдану жүйесі және клиенттің банкротқа ұшу бағасына негізделіп қабылдай алады).
- Міндетті тәуекел – бұл субъектінің ішкі бақылау тиімділігінің есебінің маңызды қатені жіберу тәуекелі.
- Бақылау тәуекелі – бұл ішкі бақылау жүйесімен өз уақытында табылып және дұрысталынбайтын маңызды өзгеріс тәуекелі.

- Таптау тәуекелі – бұл аудитордың процедураларды істеу барысында аудитормен табылмаған маңызды өзгеріс тәуекелі.

Аудитор стратегиясын істеу үшін олардың маңызын түсіндіріңдер және аудит тәуекелінің моделін суреттеңдер:

- Аудит тәуекелінің моделі аудитор қабылдайтын табылмаған тәуекел (DR), аудитор қабылдайтын тікелей аудиторлық тәуекелмен өзгертілетінін көрсетеді. Ол бақылау тәуекелімен (CR) және клиент тәуекелімен (IR) қайтымды тәуекелділігі бар. Қаржылық есептегі кез-келген жеке бекітілу қатынасындағы аудитор қабылдайтын табылмаған тәуекелді табу үшін тәуекел моделі қолданылады:

$$DR = \frac{AR}{IR * CR}$$

Бекітуді жақсарту үшін қажетті дәлел санын және аудит тәуекелінің түрлі компаниялардың вариациялары арасындағы айырмашылықты түсіндіріңдер:

- Дәлелдердің қажетті саны таптау тәуекеліне пропорционалды қайтымды өзгереді, оны аудитор қабылдай алады, басқа сөзбен айтқанда, таптау тәуекелі төмен болса, онда дәлел саны көбірек қажет етіледі.
- Дәлел саны бақылау тәуекелімен және маңызды тәуекелмен өзгертіледі және аудитор қабылдауға дайын аудиторлық тәуекелімен қайтымды тәуелділігі бар.

Аудитті жоспарлағанда тәуекел мен маңыздылықтың маңызын түсіндіріңдер:

- Аудитор аудит тәуекелінің моделін жоспарлау барысында қажетті дәлел көлемін бағалау үшін және аудит жұмысының мерзімі және көлемін, мінезін жоспарлау үшін.
- Қажетті дәлел саны соммадан қайтарымды тәуекелділікте өзгеріледі, бұндай жағдайда маңыздылықтың бірінші ретті бағасы аудиторға аудит жұмысының мінезін, көлемін және мерзімін көрсетеді.

Аудиторлық бағдарламалардың мақсаты мен мазмұнын айтыңдар:

- Аудиторлық бағдарламалар аудиторлық жұмысты және оның аяқталуын құжаттайтынын көрсетеді. Олар аудиторлық фирмамен шот немесе операция түрлігін жақсарту үшін істелінеді. Олар аудит тиімділігін үлкейту үшін тексерістің бақылау кестесі ретінде қолданылады. Бұндай жағдаймен, аудитор әр аудиторлық тексерісі үшін аудиторлық процедуралардың рет-ретін қайта істеуге міндетті емес. Сонымен қатар олар барлық қажетті процедураларды өткізуді қамтамасыз етеді.

Аудиторлық бағдарламаның баланстық есепті тексеру және аудиторлық бағдарламаның ішкі тексерісі арасында айырмашылықты түсіндіріңдер.

- Ішкі бақылаудың аудиторлық бағдарламаны тексеру субъектінің ішкі бақылау туралы түсінікті алу үшін аудитормен қолданылады және бақылау тәуекелін және қажеті тәуекелді бағалау кезінде бақылау құралдарын тестілеу үшін.
- Тестілеу бағдарламасы маңызы бойынша дәлелді алу үшін қолданылады, қаржылық есепте пайда болатын түрлі сальдоларға қатысты тексерісті бекіту үшін қажет.

КЕЙБІР БАҚЫЛАУ ТЕСТІЛЕРДІ ӨТКІЗУ ҮШІН АУДИТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МЫСАЛЫ

Дайындаған _____ Күні _____
Тексерген _____ Күні _____

«Мир» компаниясы

1 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын, жыл ішіндегі ақша қаражатының төлеу қатынасындағы бақылау-операцясының жоспарланған тестілері

Жұмыс құжатына сілтеме	Бақылау тестінің нақтылауы	Аудитор	Күні
	<p><i>Бар болу немесе әсер ету:</i></p> <p>1. Ақша қаражатын төлеу журналынан ақша қаражатын төлеу бойынша операцияның үлгісін тандаңдар және бар болуын анықтандар: А. аннуирленген чектердің қатынасы Б. құжаттарды нақтылау және төлеу бойынша ақталған құжаттардың қаражаттарының қатынасы</p> <p>2. Чектерге қол қоятын адамдардың тізімімен чектердегі қолдармен салыстырындар (1 пункт)</p> <p>3. Құжаттарда «Төленген» штампының бар болуын тесеріндер (1 пункт)</p> <p>4. Чектерге қол қою және қаражаттық ақталған құжаттардың бекітуі бойынша орнықтыру міндеттемесін қадағаландар.</p> <p><i>Толықтылық:</i></p> <p>5. Төлем журналында чектердің реттік нөмірлерін және алдын ала нөмірленген чектердің есебін тексеріндер және дәлелдеулердің қолданылуын қарастырындар.</p> <p>6. Қолданылмаған чектердің сақталуын және дұрысталуын қадағаландар.</p> <p><i>Баға:</i></p> <p>7. Жоғарыда таңдалған (1) пункттегі операциялар үшін чектердің бірігу элементтерін тексеріп тәуелсіз дәлелдерін ақталған ақша құжаттарын нақтылайтынымен қарастырындар және қайта тексеруді өткізу көмегімен тест өткізіңіз.</p>		

	<p>8. Берілген ақша қаражаттарын төлеу чектері бойынша ағымды нәтижелердің тәуелсіз дәлелдерін қарастырыңыз және берілгеннің таңдуын жасаңыз және таңдауды қайта жасап тест өткізіңіз.</p> <p>9. Тәуелсіз банктік салыстырылымдарды тексеріңіз. (Ескерту: толықтылық қатынасында 8 және 9 қадамдар дәлелдеме береді.</p>		
--	--	--	--

Бар болу тексерістің аудиторлық бағдарламалары (маңызы бойынша тесттер)

1. Субъект банкінен нақтылауды алу (бантің стандарттық нақтылауы)
2. Барлық банктердің шотынан жазуды алу.
 - A. Банктік нақтылауға дейін жазу (выписка) бойынша банк шотының сальдосын қадағаландар.
 - B. Тексерілген есеп сальдосын Бас кітаппен салыстырыңдар.
 - B. Субъекттің есеп жазуында бар, есепті сальдоның арифметикалық есебін істендер.
3. Несиенің банктік нақтылауын және оның қамтамасыздығын қараңдар.
4. Кезең аяғында аудиторлық мекемеге банктік жазуды банкке поштамен жіберу клиенттен ұсыныс жасауды талап етіңдер.
 - A. Келесі кезеңнің басында банктік депозитпен субъект жазуына келісті депозитті салыстырыңдар.
 - B. Келесі кезеңнің басында төленген чектерді субъекттің жазуына сәйкес төленбеген чектерді салыстырыңдар.
5. 10 жұмыс күн кезеңі біткенге дейін және кейін банктер арасындағы аударым тізімін құрыстырыңдар. Субъекттің кітабі бойынша аудару күшін, банкпен жазуды баптарды дұрыстауларды құжаттандар, егер олар бар болса.
6. Субъект болғанда қолма-қол қорын қайта есептеңдер.
7. Клиенттің компенсация қалдығын есекере отырып келісімді нақтылайтын хат алу.

4 сабаққа арналған сұрақтар

В 4.1

Сіздің аудиторлық компанияда барлық тексеріс үшін Сіздің фирmanızда маңыздылықтың бірыңғай стандарты неге жоқ екені жас маманды қызықтырады, бірақ әр жеке тексеріс үшін маңыздылықты анықтау түрлі ориентерлермен қолданады.

Сіздің анықтамаңызды екі түрлі компания мысалында көрсетіңіз: \$18 миллиард сомасына активтері бар АҚ «Ұлттық мұнай компаниясы» және \$250,000 сомасына активі бар дәріхана. Маңыздылықтың екі деңгейін қолданыңыз: \$100,000 мөлшеріндегі барлық тексеріс үшін жалпы стандарт және барлық активтерден 1%.

В 4.2

Маңыздылықтың концепциясы аудиттің халықаралық стандартына сай аудиторлық тексерісінің 3 кезеңінде қандай рөл атқаратының түсіндіріңдер.

В 4.3

Түрлі аудиторлық тексеріспен байланысты аудиторлық тәуекелінің жүйесін аудиторлар нақты өлшемейді. Оны бағалау жолы және нақты құралдар болмағанда төмендеген аудиторлық тәуекелінің немесе жоғары деңгейде жеткенде қалай анықтауға болады.

В 4.4

«Аудиторлық тәуекел» және «аудиторлық сенімділік» концепциялары арасында қарым-қатынасты түсіндіріңдер.

В 4.5

Жүйе және субъектінің бизнесі туралы түсінікті алу үшін ақпарат көзі мен кейбір әдістерінің мысалын келтіріңдер.

В 4.6

Сіздің ойыңызша, бухгалтерлік бағалаудың ең объективті дәлелі не болып табылады? Алынуға тиісті күмәнді шоттары бойынша резервті қолдану мысалында өз жауабыңызды айтыңыз.

В 4.7

«Жалпыдағы аудиторлық тәуекел» және «бухгалтерлік баланстың жеке шоттарымен байланысты аудиторлық тәуекел» арасындағы айырмашылық неде?

4 сабаққа арналған бақылау тапсырмалары

К 4.1

Кестеде Х компанияның қаржылық-шаруашылық кәсібінің нәтижесі туралы есеп беруі және баланстың берілгені ұсынылған.
(000 жіберіледі)

	(1)	(2)	(3) (4)	
			Айырмашылығы	
	Ағымды жыл (аудит өткізілген жоқ)	Өткен жыл (аудит барысында тексерілген)	Сомма	%
Активтер				
Ақша қаражаты	584	564	20	3,5
Алынуға тиісті шоттар	4,411	4,313	98	2,3
Қаражатсыз қарыз бойынша резерв	(78)	(76)	(2)	2,6
Қорлар	8,047	7,160	887	12,4
Төленген шығындар	175	134	41	30,6
<i>Ағымдағы активтердің нәтижесі</i>	13,139	12,095	1,044	8,6
Негізгі құралдар	9,636	9,436	200	2,1
Жиналған амортизация	(1,244)	(1,139)	(105)	9,2
Активтер нәтижесі	<u>21,531</u>	<u>20,392</u>	<u>1,139</u>	<u>5,6</u>
Жеке капитал мен міндеттемелер				
Төленуге тиісті шоттар	5,146	4,759	387	8,1
Есептелген міндеттемелер	353	371	(18)	(4,9)

Ұзақмерзімді қарыздың ағымды бөлігі	500	500	0	0,0
<i>Ағымдағы активтің нәтижесі</i>	5,999	5,630	369	6,6
Ұзақмерзімді берешек	<u>4,000</u>	<u>4,500</u>	<u>(500)</u>	<u>(11,1)</u>
<i>Міндеттемелердің нәтижесі</i>	<u>9,999</u>	<u>10,130</u>	<u>(131)</u>	<u>(1,3)</u>
Акционерлік капитал	5,300	5,300	0	0,0
Бөлінбеген пайда	6,232	4,962	1,270	25,6
<i>Жеке капиталдың нәтижесі</i>	<u>11,532</u>	<u>10,262</u>	<u>1,270</u>	<u>12,4</u>
Жеке капитал мен міндеттемелер нәтижесі	<u>21,531</u>	<u>20,392</u>	<u>1,139</u>	<u>5,6</u>
Табыс және шығыс				
Сатып алу	30,160	28,876	1,284	<u>4,4</u>
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	<u>(15,043)</u>	<u>(14,932)</u>	<u>(111)</u>	<u>0,7</u>
Жалпы кіріс	15,117	13,944	1,173	8,4
Сауда, жалпы және әкімшілік шығын	(10,684)	(10,547)	(137)	1,3
Пайыздар	<u>(480)</u>	<u>(540)</u>	<u>60</u>	<u>(11,1)</u>
Салыққа дейінгі кіріс	3,953	2,857	1,096	38,4
Табыс бойынша салық	<u>(550)</u>	<u>(524)</u>	<u>(26)</u>	<u>5,0</u>
Таза пайда	<u>3,403</u>	<u>2,333</u>	<u>1,070</u>	<u>45,9</u>

Қажет:

А. Маңыздылықты жоспарлаған кезде тәжірибеде стандартты кіріс немесе «үлкен саусақтың ережесі» қолданылады. Ағымды кезеңнің берілгенін қолдана отырып, (аудитте тексерілмеген) кестені қарап, қаржылық есеп беру үшін маңыздылық жоспарының бірнеше альтернативті көрсеткішінің калькуляциясын жасандар.

1. Баланс үшін екі альтернативті көрсеткіш.
2. Қаржылық-шаруашылық кәсібінің нәтижесі туралы есеп беру үшін екі альтернативті көрсеткіш:

В. Аудитор альтернативті көрсеткіш арасында маңыздылықты қалай таңдайды?

С. Баланс үшін жоспарланған маңыздылықтың деңгейі сияқты аудитор \$200,000 қолданатының шешті, деп болжайық. Кестеде көрсетілген активтер шоты үшін бұл сомманы орнықтырудың екі жоспарын дайындандар және әр жоспарды дәлелдендер.

К 4.2

Қаржылық есеп беру маңызды өзгеруі мүмкін, егер қатесі болса немесе мөлшер және заңның бұзылуы, олар жеке немесе қаржылық есептің халықаралық стандартымен қаржылық есепті ұсынуына әсер тигізе алады.

Қажет:

- А. Егер фактілерден кемшілік болса, қаржылық есеп өзгеруі мүмкін. Қаржылық есепті өзгертуге әкелетін жағдайдың екі типін анықтаңыз.
- В. Аудитті жоспарлаған кезде маңыздылық екі деңгейде бағалану керек. Бұл екі деңгейді атап, әр қайсысын дәлелдендер.
- С. Клиенттің аудитін жоспарлау 31 желтоқсанда аяқталатын шілде

кезеңінде өткізуге болады. Егер жылдың бірінші алты айының мәліметі болса, жылдық аудит үшін аудитор жоспарланған маңыздылықтың деңгейін қалай анықтай алады?

- D. Шот сальдосының өлшемі шотының өзгертілген соммасының жоғары шегін анықтайды. Бұл анықтама дұрыс па? Түсіндіріңдер.
- E. «Шоттың маңызды сальдосы» және «Маңыздылық» терминдері арасында айырмашылықты көрсетіңдер және түсіндіріңдер, нақтылау үшін қажетті дәлелді соммамен бұл түсініктер қалай байланысты.

К 4.3

Төменде төрт жағдай көрсетілген, қаржылық есептің нақты нақтылауы үшін қажетті жоспарланған таппау тәуекелінің тиімді деңгейін аудитор анықтағысы келеді. Аудитор ойын аудиторлық тәуекелінің сансыз анықтамасы, тиімді тәуекел және бақылаудың жеткіліксіз тәуекелі алу үшін қолданады.

	<u>Жағдай</u>			
	А	В	С	Д
Аудиторлық тәуекелдің қажетті деңгейі	Төмен	Төмен	Төмен	Төмен
Қажетті тәуекелдің бағаланған деңгейі	Салмақты	Жоғары	Төмен	Төмен
Бақылау тәуекелінің жоспарлап, бағаланған деңгейі	Төмен	Максималды	Жоғары	Төмен
Таппау тәуекелінің жоспарланған деңгейі				
Жоспарланған дәлелдемелер				

Қажет:

- A. Кестедегі берілген тәуекел компонентін қолдана отырып, әр жағдай үшін таппау тәуекелінің тиімді деңгейін анықтандар.
- B. Жағдайларды келесі ретте орналастырыңдар: қажетті міндеттеменің үлкен санынан (1) қажетті міндеттеменің кіші санына дейін (4). D жағдайының классификациясын түсіндіріңдер.

К 4.4

Төменде жеті жағдай келтірілген, онда аудитор табылмаған тәуекелінің жоспарланған тиімді деңгейін анықтау үшін аудит тәуекелінің моделін қолданғысы келеді және қаржылық есептің нақтылауы қатынасында дәлелдеудің жоспарланған деңгейі. Аудитор өз ойын таппау тәуекелін, тиімді тәуекелін және аудиторлық тәуекелдің санды түсінігін алу үшін қолданады.

	Жағдай						
	A	B	C	D	E	F	G
Аудиторлық тәуекелділіктің қажетті деңгейі	1%	1%	5%	5%	5%	5%	10%
Бағаланған қажетті тәуекел	20%	50%	20%	50%	20%	50%	50%
Бақылау тәуекелінің жоспарлап, бағаланған деңгейі	50%	50%	50%	40%	20%	25%	20%
Таппау тәуекелінің жоспарланған деңгейі	-----	-----	-----	----	-----	----	-----
Жоспарланған дәлелдемелер	-----		-----	---	-----		

Қажет:

- А. Жоғарыда аталып кеткен тәуекелдің төрт типіне анықтама беріңдер.
- Б. Аудиторлық тәуекелдің моделін қолдана отырып, жоғарыда берілген әр жағдай үшін таппау тәуекелінің жоспарланған деңгейін есептендер.
- В. Жеті жағдайдың градациясын келесі рет бойынша жасаңдар: (1) қажетті дәлел санының үлкенінен (7) қажетті дәлел санының кішігіріміне дейін.
- Г. Таппау тәуекелінің жоспарланған деңгейіне келу үшін процедура катынасындағы дәлелді алу (Е) және (G) жағдайында алынған нәтижелер не көрсетеді?
- Д. Келесі факторлардың біріншісін ғана өзгеруі Сіздің (Б) пункттегі жауаптарыңызға қалай әсері тиетінің айтындар, сол уақытта басқа екі фактор кестеде көрсетілген деңгейлер үшін өзгеріссіз қалады:
 - 1. Аудит деңгейінің қажетті деңгейінің өсуі.
 - 2. Қажетті тәуекелдің бағалаған деңгейіне келуі.
 - 3. Жеткіліксіз бақылау тәуекелінің жоспарланған бағаланған деңгейінің өсуі.

К 4.5

Төменде нақтылаудың он жұбы ұсынылған:

- 1. А. ТМҚ-дың бар болуы.
Б. Ғимараттардың бар болуы.
- 2. А. Ақша құралдарының бағасы.
Б. Мерзімі өткен кіріс салықтың бағасы.
- 3. А. Төленуге тиісті шоттардың болуы.

- Б. Төленуге тиісті шоттардың толықтылығы.
4. А. Төлем бойынша қарыз қатынасындағы міндеттер мен құқықтар.
Б. Міндеттемелер қатынасындағы міндеттеме және құқысы.
 5. А. Құрылыс және техникалық қызмет бойынша шығын қатынасындағы ашу және ұсыну.
Б. Телефондық шығындарды ашу және ұсыну.
 6. А. Ұзақмерзімді инвестициялардың бағасы.
Б. Жердің бағасы.
 7. А. Алынуға тиісті шоттардың болуы.
Б. Алынуға тиісті шоттардың толықтылығы.
 8. А. Ақша құралдарының болуы.
Б. Ақша құралдарының бағасы.
 9. А. Сенімсіз қарыз бойынша шығын бағасы.
Б. Амортизация бойынша шығынды өлшеу немесе бағалау.
 10. А. Филиалданалынуға тиісті шоттарды бағалау.
Б. Банкке төлеуге тиісті вексельдерді бағалау.

Қажет:

А. Нақтылаудың әр жұбына (А) немесе (Б) пунктiнiң қайсысы – тиiмдi тәуекелдiң жоғары жүйесi бар екенiн көрсетiңдер және неге екенiн түсiндiрiңдер.

Б. Жеке нақтылауға әсер ететiн факторлардан басқа тиiмдi тәуекелдiң бағасы факторларды қарастыруды қажет етедi, олар барлық немесе шаруашылық субъекттiң қаржылық есептi нақтылау немесе барлық шоттарға тиiмдiлiгiн көрсету мүмкiн.

К 4.6

Төменде қаржылық есепте болатын бiр немесе одан да көп қолбасшылардың бекiтулерi үшiн аудиторлық тәуекелiнiң компонентiне әсер ететiн аудитормен танылатын факторлар келтiрiлген.

1. Клиенттiң мұқтаждығын есепке ала отырып, түрлi келiсiм-шарттың ережесiмен қатысты клиенттерге өндiрiс жабдықтар жалға берiледi.
2. Компанияның бақылау жүйесiнiң процедурасы мен саясаты қолма-қол алу немесе банктiң шотына аудару тиiмдi емес.
3. Компанияны басқару үшiн 20 % кiрiс жоспарланған көрсеткiштi өсiру үшiн мақсатымен қысым көрсетедi.
4. Қаржы емес мiнездiң сыртқы (внешних) берiлгенiнiң болуы, ол компанияның сатуларымен тығыз байланысты, кiрiс көрсеткiшiнiң өзгерiлуiн анықтаған кезде аналитикалық процедуралар тиiмдi болмайтының көреміз.
5. Қолбасшылардың звеносында кiлттiк кадрлардың үлкен ағымы бақыланады.

6. Аудитор аралық күн емес, баланстың жабылу күнінің жағдайы бойынша алынуға тиісті шоттарды нақтылайтының шешеді.
7. Жеке айналымды құралдардың көлемі болмағандықтан компания қиыншылық көреді.
8. Әкімшілік қызметкерлердің жоғары деңгейдегі жұмыс істеп, шаршауға шалдыққан себебінен бухгалтерлік ақпаратты тексерген кезде көптеген қателер болған.
9. Төмен деңгейдегі тәуекелділікті қамтамасыз ету үшін, аудитор шоттардың сальдо элементтерінің тестілерін жайып қолдануын жоспарлайды.
10. Компанияның негізгі кәсіп түрі гендік инженериямен байланысты.

Қажет:

Төменде берілген кодтарды пайдалана отырып, келесі факторлар әсер ететін компонент тәуекелін анықтандар:

- IR – тиімді тәуекелдің бағаланған деңгейі;
- CR – жеткіліксіз бақылаудың жоспарланған деңгейінің тәуекелі;
- DR – таппау тәуекелінің жоспарланған деңгейі.

К 4.7

Компанияның қаржылық есеп беру аудитін өткізу туралы ұсынысымен аудиторға бірінші рет жолықты. Аудитор мен компания және барлық қажетті жақтардың арасында алдын ала барлық ауызша келісулер қорытындыланып болған. Енді аудитор міндеттеме-хаттармен айналысып жүр.

Қажет:

- A. Кәдімгі міндеттеме-хатқа қосылатын пункттерді атаңдар.
- B. Міндеттеме-хаттарды дайындаудан түсетін пайда туралы айтыңыздар
- C. Міндеттеме-хаттарды кім дайындап, жазу керек?
Міндеттеме-хатты қашан жіберу керек?
Неге міндеттеме-хатты кезең сайын жаңарту керек?

К 4.8

1998 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған «Восход» компаниясының жылдық қаржылық есеп беру аудитін аудитор Иванов өткізді. 1999 жылдың бірінші қаңтарында компания Ивановқа аудиторды ауыстыратыны туралы хабардар етті. 1999 жылдың бесінші қаңтарында «Восход» компаниясы 1999 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдық қаржылық есепті өткізу туралы Сидоров деген аудиторды шақырды.

Қажет:

- A. Келісім-міндеттемені қабалдар алдында Сидоров Ивановқа қатысты қандай процедураларды істеу керек?

В. Тұрақты клиенттің аудитінде өткізілмейтін, бұл аудитті жоспарлау барысында Сидоров қандай толымды процедураларды істеу керек?

К 4.9

Бірінші жұмыстық стандарт өзіне адекватті жұмысты жоспарлауды қосады.

Қажет:

- А. Аудитті жоспарлау мақсаты неде қорытындыланады?
- В. Жоспарлау кезінде клиент туралы қандай ақпарат негізгі болып табылады?
- С. Негізгі ақпаратты алу үшін аудитормен қолданылатын басты процедураларды анықтаңыздар.
- Д. Жоғарыда С пунктінде анықталған, әр процедурадан алынатын екі негізгі ақпарат түрін түсіндіріңдер.

К 4.10

Берілгеннің қаржылық және қаржылық емес арасындағы құрылған қаржылық ақпаратты бағалауынан аналитикалық процедуралар тұрады. Олардың диапазоны қарапайым салыстырудан элементтердің берілгені және көптеген байланыстарды қосатын комплексті модеодерді қолдануға дейін өзгереді. Олар тіркелген соммадан аудиторлардың күтіміне дейін алынған коэффициент немесе тіркелген суммаларды салыстыруды өзіне қосады.

Қажет:

- А. Жалпы мағынада аналитикалық процедуралардың тапсырмасын жазыңыз.
- В. Аудитор күтілім жасайтын негізгі ақпарат көзін анықтаңыз.
- С. Аудиторлық тапсырмаларының мақсатына жету үшін берілгеннің мәліметтің нақтылауын аудитрдың қарап шығуына әсер ететін факторларды атандар.

К 4.11

«Протон» компаниясы мамандырылған құрал-жабдықтардың негізгі дистрибьюторы болып табылады. 1998 жылдан 2000 жылға дейін, яғни үш жылдың аралығында компанияның реализациясының орта деңгейі \$900,000 шамасында құрады. 2000 жылдың аяғында компания активтерінің жалпы мөлшері \$850,000 құрады. «Протон» компаниясы аудиторлық компанияның жаңа клиенті болды. Сіздің қалауыңыз бойынша ревизор және оның ұйымы 2000 жылдың 31 желтоқсанында бітетін үш жылдық кезеңді келесі коэффициенттер құрды:

	1998 жыл	1999 жыл	2000 жыл
Ағымды өтімділік	1,80	1,92	1,96
Өте қажетті өтімділік	1,08	0,99	0,87
Дебиторлық қарыздың айналымы	8,75	7,71	6,42
Қорлардың айналымы	4,73	4,32	3,42
Жалпы активтерге жалпы қарыздың Пайызы	48,0	45,0	42,0

Жалпы активтерге ұзақмерзімді қарыздың пайызы	28,0	24,0	21,0
Негізгі активтерге сатулардың қатынасы (негізгі активтердің айналымы)	1,58	1,69	1,79
1996 жылы сияқты сатуып алу пайызы	1,00	1,0	1,05
Жалпы пайданың пайызы	36,0	34,7	34,6
Сатып алуға таза пайданың қатынасы, %	7,0	7,0	7,2
Активтердің жалпы сомасына кіріс, %	7,7	7,7	7,8
Акционерлік капиталға кіріс, %	13,6	13,1	12,7

Қажет:

А. 2001 жылдың аудиті үшін Сіздің ойыңызша маңызды болатын жеке коэффициенттерде ерекше байланыс сақтайды.

В. Компанияның қаржылық жағдайында және операциялық нәтижесінде маңызды тенденцияларды анықтандар.

С. Сіздің ойыңызша тенденция нәтижесінде ерекше ауытқу 2001 жылда аудит үшін қандай

5 сабақ. Ішкі бақылау.

Осы сабақ ішкі бақылаудың бағалау жүйесін, қолданылатын әдістерін және себептерін қарастырады. Ол ішкі бақылаудың бағыттары мен субъекті қолданатын бақылау процедурасы арасындағы байланысты түсіндіреді. Сіздер ішкі бақылау жүйесінің құжаттау әдістерін, бақылау тәуекелінің бағасы және бақылау жолдарының тестілеуін оқып үйренесіздер. Сабақ аудит стратегиясын құрудағы ішкі бақылаудың рөлін қарастырумен қорытындылады.

Ішкі бақылау жүйесіне анықтама беріп, ішкі бақылау бағасының қажеттігінің 2 себебін айтып өтіңіз.

- Ішкі бақылау жүйесі өзіне барлық процедуралар мен саясатты қосады. Осының барлығы субъекті нұсқаумен қабылданды. Субъекті мақсатқа жету үшін көмек көрсетіп, қызметтің тиімді жүруін қамтамасыз етеді.
- Аудиторлар ішкі бақылауды бағалайды:
- бақылаудың тәуекел бағасын анықтау, аудит жоспарлауының негізгі алу және аудиторлық процедураның уақытын, көлемін, мінезін анықтау үшін;
- Ішкі бақылауды жақсарту үшін басшылықтың конструктивті ұсыныстарын тұжырымдау үшін.

Ішкі бақылаудың қатынасы бойынша аудитор мен басшылықтың қызығушылығының айырмашылығын айтып беріңіз және басшылықты да, аудиторды да қызықтыратын ішкі бақылаудың мақсаттарын баяндап беріңіз.

- Ішкі бақылауға қатысты басшылық өз алдына мынадай мақсат қояды: компания қызметінің тиімділігін және тәртіптілігін қамтамасыз ету. Аудитордың бақылауға қызығушылығы болуы керек, өйткені бақылау қаржылық есеп беруді дайындаумен байланысты.
- Аудиторды, басшылықты бас қосатын қаржылық есеп беру бойынша қызығулары өзімен бірге шындықты, толықтықты, рұқсаттықты, нақтылықты, топтастыруды, есепті және орынды дәуірге бөлуді қосады.

Бақылау жүйесі мен бақылау орталықтың мінезін айтып беріңіз.

- Бақылау орталығының элементтері болып табылады:
- Операционды цикл мен басшылық филоофиясы;
- Компанияның ұйымдастырушылық құрылымы,
- Директорлар кеңесінің жұмыс істеуі,
- Жауапкершілік пен басқару қызметін тарату әдістері;
- Бақылаудың басқарушылық әдістері, соның ішіндегі ішкі аудит;
- Сыртқы әсер ету, соның ішіндегі аудит;
- Берілген электронды өндеулер жүйесі үшін бақылау ортасы.

- Бақылау жүйесі активтерді сақтауды, алаяқтықты алдын – алуды және қаржылық есеп беруді көрсететін дұрыстықты қамтамасыз етуге көмектесетін нақты процедуралардан тұрады.

Ішкі бақылау бағасының 3 кезеңін айтып беріңіз.

- Ішкі бақылау бағасының 3 кезеңі болып саналады:
 - Субъектіде қолданылатын ішкі бақылаудың түсінігін алу.
 - Бақылау тәуекелінің алдын – ала бағасы және аудиторлық амалдардың таңдауы.
 - Бақылау құралдарының тестілеу аудиторлық процедуралары.

Аудитті жоспарлау мақсатындағы ішкі бақылау ұғымын баяндап беріңіз және мән бойынша аталды, қыйыстырылған амалды қолдана отырып ішкі бақылау жүйесі туралы жеткілікті ұғынысты аудитор қалай алатынын түсіндіріңіз.

- Жоспарлау барысында аудиттің халықаралық стандарттары аудитордан түсінуді талап етеді.
- Мәні бойынша амалды қолданғанда (бақылау тәуекелінің бағасы максимум) аудитор бақылау ортаны, жинау бойынша бақылау жүйесін және берілгендерді қайта істеу, тіркеуді түсінуі міндетті. Аудитор табылған ақпаратты құжатауға міндетті.
- Қыйыстырылған амалды қолданғанда аудитор ақпараттың және берілгендердің сенімділігін арттыратын бақылау жолдарын түсінуі қажет. Сонымен қатар, аудитор сенетін бақылау жолдарын тестілеу керек. Себебі осы тестілеу арқылы ол жоспар бойынша жұмыс істеп жатыр ма әлде жоқ па екенің анықтайды.

Ішкі бақылау жүйесінің 7 мақсатының (тапсырма) әрқайсысына анықтама беріп, тірендеп шығындар.

- Ішкі бақылау жүйесінің 7 мақсатына кіреді:
 - Шындық: жазып қоятын бүкіл шаруашылық операцияларды жазып қою.
 - Толықтық: есепті талап ететін бірде – бір операция өткізіп алмауы тиіс;
 - Рұқсаты: барлық операциялар есеп алдында бекітеді.
 - Нақтылық: барлық соммалар міндетті түрде есептеп шығарылады.
 - Топтастыру: операциялар сәйкес шоттарға жазып қойылды;
 - Есеп: Барлық операциялар есебі қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес толық жазылған;
 - Лайықты кезеңдеу: операциялар сәйкесті кезеңдерге жазылған.

Қаржылық есеп берудің бекітуімен бақылау тапсырмаларының байланысын түсіндіріңіз.

<i>Бақылау бағыты</i>	<i>Пайда болу, бар болуы</i>	<i>Толықтық</i>	<i>Өлшеуіш, Баға</i>	<i>Құқықтар, міндеттемелер</i>	<i>Көрмету және ашу.</i>
Шындық	X			X	
Толықтық		X		X	
Рұқсат	X		X		
Нақтылық			X		
Топтастыру					X
Есеп					X
Лайықты кезеңдеу	X	X			

Жақсы бақылау жүйесінде тауып алуға болатын бақылаудың жақсы процедураларын айтамыз.

- Бақылаудың жақсы жүйесі өзіне қосады:
 - сенімді және жетік білетін персонал;
 - Шаруашылық операциялар мен іс – шараларға рұқсат
 - Міндеттемелерді тиісті бөлу;
 - Істеп қою және сәйкес құжаттамаларды, есепті жазуларды қолдану;
 - Есепті жазуларға, активтерге кіруге болатын бақылау;
 - Тәуелсіз, кезең сайын теңестіру немесе салыстырып тексеру.
 - Қателерді тауып алу бойынша қоданылатын тәжірибе.

Компьютерлік бақылаудың негізгі әсер неде жатады?

- Операциялар есебінде компьютерлік технологияларды қолдану техникалық міндеттемелердің қосымша бөлінуін талап етсе де, ол қатерлерді табудың электрондық әдісін қолдану жолымен ішкі бақылауды күшейтеді. Бақылаудың осындай жүйелері өзіне мынадай программаларды қосады: түзету, анықтық бойынша тексеру; қателерді табу мен дұрыстау; бақылау процедураларының нәтижелерін өңдеу.

Ішкі бақылау бойынша міндеттемелерді құжаттау жөніндегі талаптарды санап беріңіз.

- Ішкі бақылау бойынша мәліметтер құжаттамасы өзіне қосады:
 - Бақылау ортасының бағасы нәтижелерінің жазбалары;
 - Ақпараттарды өңдеу, жазу, жинауды атқаратын бақылау жүйесін баяндау;
 - Ақпараттардың сенімділігін арттартын (ішкі бақылауға негізделген) бақылау жүйесін баяндау.

Ішкі бақылау жүйесі туралы мәліметтерді құжаттау үшін тестілерді, сызба – блокноттарды сұрақтамалар, хабарлы баяндамаларды қолдануды айтып беріңіз.

- Хабарлы баяндауды жүйенің мінездемесін анықтауда қолданылғаны жақсы.
- Жұмысшыларға, қызметшілерге сұрақ қою бақылау жүйесіндегі кемшіліктерді анықтауға көмекеседі.
- Сызба - блокнотар жүйені жақсы түсіну мен ұғыну үшін суреттеме ретінде көрсетіледі.
- Бақылау жлдарының тестілері аудитормен жүзеге асырылады. Ол барлық бухгалтерлік есеп жүйесі арқылы бір операцияны бақылап отыру жолымен жүзеге асырылады. Осы жол барлық бақылау жүйесі расында да бар екенің және қолданылатының көрсетеді.

Ішкі бақылау жүйесі бойынша сұрақтар мысалы.
Ақша түсімдерін реттеу.

Шарттар.

1. Барлық ақша түсімдері әр күні сайын, толық және тез депозитке салынады ма?
2. Дебиторлық берешек есебінің жүргізушісінен, қызметісінен, кассирден басқа біреулер банк депозиттер сала ма?
3. Кассир вексельдерді есептеуден және алу шоттарынан толық босатылды ма? Бас кітаптағы есептен ше?
4. Кассир айлық есеп берулерге, депозиттық берешектердің есептік жазбаларына кіруге болатын рұқсатынан айырылған жоқ па:

Шындық.

5. Ақша – қаражаттарының есебі мен сақтауын жауап бермейтін қызметкерлерге банк шоттарының айлық тексеруі жүргізіледі ме?
6. Депозитке салу банктері мен ақша аударымдары ведомстерінен ақша түсімдерінің журналды жазулары үнемі істелініп тұрады ма?

Толықтық.

7. Почтаны ашатын қызметкер түсу тізімдерін (ақша аударымдарының ведомстві) құрайды ма?
8. Ақша чектері автоматты түрде қадағалана ма? Ішкі аудитор машиналық шоттардың мәліметтерін тексереді ме?
9. Түсімдер кітаптары немесе жүзеге асыру үшін нөмірленген шот – фактуралар қолдаылады ма? Жоқ құжаттарды табу үшін нөмірлеу жүйелігі тексереді ме?

Рұқсат.

10. Уәкілетті қызметкер тұтынушылар шоты бойынша төлеуден жеңілдік беруге рұқсат береді ме?

Нақтылық.

11. Ішкі аудитор немесе депозитті салуды өткізбейтін басқа қызметкер депозитке салу туралы бланк дубликатын сақтайды ма?

12. Кассирден басқа біреу депозиттер мәліметтері мен ақша аударымдар ведомосінің мәліметтерін салыстырады ма?

Топтастыру.

13. Кредиторлық жазбалары класификациясы бойынша нұсқау есебіндегі басшылықта ақша түсімдері берілген бе?

Есеп.

14. Кімде – кім шоттар есебінің қосымша журналдар мәліметтерін бақылау шоттарымен тексереді ме (барлық жазбалардың тұтынушылар шотында жазылғанын анықтау үшін)?

Кезеңдеу.

15. Ақша түсімдерінің жазбаларын қалай даталау керек екені басшылық есебінің нұсқасында берілген бе?

Аудиторлық бақылау тәуекелін максимум немесе максимумнан төмен бағалауына әсер ететін факторларды түсіндіріңіз.

■ Мына жағдайларда аудитор максимум бағамен бақылау тәуекелін бағалауы керек:

- егер ішкі бақылау жүйелері осы бекітулерге қолданылмаса;
- егер ішкі бақылау жүйелері эффективті болмаса; немесе
- ішкі бақылау жүйесінің эффективті бағасы жеке бекітулер қатынасына орынды, жөнді болмаса.

Аудитордың бақылау құралдарының тестілеу себептерін түсінді.

■ Егер ол бақылау жүйесіне негізделген болса, аудитор сонда ғана бақылау құралдарының тестілеуін өткізеді және мән бойынша тестілеуді азайтады. Осы тестілеуді аудитор құрастырылған процедураның сәйкестігіне, анықтығына сенімді болған соң ғана қолданылады. Мән бойынша тестілеуді азайту бақылау құралдарының тестілеуіне кеткен тырсын ақтайды.

Бақылау тесттерінің көлем мен мінезін баяндап, осы тесттерге мысалдар келтіріңіз.

■ Бақылау тесттері ішкі бақылау жүйесінің қолдануын анықтау үшін құрастырылады. Осы эффективті, жоспарға сай және бүкіл период ішінде өткізілуі тиіс.

■ Бақылау тестінің нысан болып төлеген квитанциялардың көшірмесі, олардың квитанция – заказдарымен салыстыруы және операциялардың бекітуі саналады.

Белгілі уақыт аралығындағы бақылау құрамдарының тестілеуін қолданудың мағынасын түсіндіріңіз.

▪ Бақылау тәуекелінің максималдан төмен бағасы растау үшін аудитор уақыт аралығында бақылау құрамдарының тестілеуін өткізеді. Уақыт аралығындағы тесттер сұрыптаудың өлшемін азайтады. Солай болғандықтан пәні бойынша кейбір тесттер тексеріс аралығында өткізіледі, бақылау тесттері бір уақытта өткізілуі тиіс. Қос тестілеуді қолданудың арқасында (шоттар сальдосы мен бақылау құралдарының қыйыстырылған тесттері) аудиторлық тексерістің тиімділігін арттыруға болады.

Ішкі бақылауды бағалау және оқып үйрену аудит стратегиясына қалай әсер ететінің түсіндіріңіз.

▪ Аудитор мән бойынша тестілеу азайту үшін ішкі бақылаудың кейбір жүйелеріне енеді. Ол үшін аудитор ішкі бақылау жүйесі туралы түсініктеме алу керек, сосын барып тестілеуге көшуі тиіс.

5 сабаққа шолу сұрақтары.

С 5.1

Аудиторлық із дегеніміз не? Аудитор процесінде ол қалай қолданылады?

С 5.2

Ішкі бақылау туралы сұрақтарды (1), блок – схемаларды (3) және хабарлы баяндауды қолдана отырып ішкі бақылау туралы мәліметтерді құжаттаудың артықшылықтарын мен кемшіліктерін айтып беріңіз.

С 5.3

Аудиторлық келісімнің тиімділігін талықлау үшін ерекше жиналыста жергілікті қоғамдық – бухгалтерлік фирманың 12серігі жиналды. Джон «Сөзсіз, Мартин мен Смит құрастырған компанияның жалпымызға белгілі саясатын біз барлығын бағалаймыз. Әсіресе ірі клиенттеріміздің аудиторлық тексерісі қатнасында. Ол өте маңызды роль атқарады. Мартин мен Смиттің ірі халық компанияларындағы жұмысының тәжірибесі біздің қызметімізді дамытуға көмектесті. Бірақ та, ішкі бақылау құралдарының тестілеу мен тексерістерді өткізудің стандартты саясаты біздің шығындарымызды көтереді. Біздің персонал жұмысты өткізуге жұмсайтын бар уақытқа клиенттер толық төлемеу керек деп ойлаймын. Онан да мен келісім бойынша біздің серіктерімізге бақылау тәуекелін бағалау сияқты масштабты жұмысты шешуге құқық беру туралы ұсынса жасайық. Мен шеткі консерватор адам болса да, сапалы аудиторлық тексерісті өткізуге болады деп санаймын.», - деп айтты.

Осы тақырыпқа байланысты дискуссия ұзаққа созылып, соңында Мартин былай деп айтты: «Біз Джон ұсынып тұрған ұсыныстан бас тартуымыз керек, себебі ол аудиттің халықаралық стандарттарынан толық ауытқып тұр»

Сіздің осы сұраққа байланысты айтыңыз? Джон ұсынысы мен Мартиннің айы туралы сіз не айта аласыз? Тақылаңыз.

С 5.4

«Симон мен Ко» құрылыс компаниясының 2 бөлімі бар. Президент Симон үйдің төбесін өндірумен байланысты бөлімді басқарады. Симон модульді өндірумен байланысты бөлімді Джонға тапсырады. Компанияның жетіп персоналы мен толық жұмыс күн істейтін ішкі аудиторы бар. Ал Джон мен оның көмекшісі өздері, жеке жұмысты өткізудің барлық мәлімдемелермен иелік етеді, бәсекелессіз мәлімдемелер арқылы материалдарды сатып алады, ТМЗ – ның бақылауын қолға алады, құрылыс процестерді басқарып жүреді, жұмыс аяқталған соң клиенттерге шоттар жібереді, мәліметтердің барлық өзгерістерін айтады және де клиенттерден барлық төлемдерді жинап алады. Джон бөлімінің Симон бөлімінен тек қана бір айырмашылығы бар – ішкі аудиторды жұмыстан босату.

Талап етіледі.

Ішкі бақылау жүйесіне қатысты осы жағдайды талқылаңыз және мүмкін болатын қателіктерді анықтаныз.

5 сабаққа қатысты бақылау тапсырмалары.

К 5.1

Осы бөлімге ішкі бақылау құрылымының 5 компоненттеріне анықтама берілді. Төменде «Радуга» компаниясының тағайындалған процедуралар мен саясаттарының нақты түрлері берілген:

1. Басшылық ұйымның барлық деңгейіндегі персоналдардың тәжірибесі мен қажетті бөлімдерін мұқият түрде қарастырады.
2. Жалпы бақылау мен бақылау құралдарын қолдану мәліметтердің электронды өңдеуінің бөлімімен анықталады.
3. Компания басшылығы жұмысшылардың, қызметкерлердің арсыз немесе заңсыз әрекеттеріне қарсы іс – шаралар қолданады.
4. Шот – фактурадағы қателіктер туралы клиенттен түскен шағымдарды басшылық сақтықпен қабылдайды.
5. Бизнестің жаңа бағыттары сияқты жұмыстарды өзгеріс болғанда, пайда болатын тәуекелдерге басшылық ерекше көңіл бөледі.
6. Бір жұмысшы қателік жасап, оны жабуы мүмкін. Сондай болмас, қызметкерлердің міндеттерін бөледі.
7. Бухгалтерлік есеп жүйесі өзіне дұрыс бағасының шартын қосады.
8. Басшылық қаржылық есеп беруді көрсеткен дайындыққа қатысты тәуекелдіктерді анықтайды және талдайды.
9. Ішкі аудит бөлімінің қызметшілері кезең сайын ішкі бақылау жүйесінің әр түрлі компоненттердің тиімділігін бағалайды.
10. Шоттар жоспарлы, қаржылық есеп беру мен бухгалтерлік есеп бойынша басшылығы, компания саясаты бойынша құрылды және енгізілді.

Талап етіледі.

А. Ішкі бақылау жүйесінің компоненттеріне қатысты процедураның немесе саясаттың әр түрін анықтаңыз.

Б. Ішкі бақылау жүйесінің компоненттеріне қосымша бір процедураны немесе саясатты анықтау.

К 5.2

Сіздің фирманың клиенті «Роса» компаниясы төмендегі көрсетілген мәселелерді шешу үшін сізге келді. Компанияда келесі қызметтерді атқаратын 3 әкімшілікті қызметкер жұмыс істейді:

1. Бас кітапты басқару.
2. Төлемге шот регистрын басқару.
3. Алуға шот регистрын басқару.
4. Қол қоюға чектерді дайындау.
5. Төлеу журналын басқару.
6. Қайтару және жеңілдіктер кезеңде шоттар соммасын азайту (шоттардың азайтылғаны туралы хабарландыруды беру және құру)
7. Банк шоттарын салыстыру
8. Алынған ақша қаражаттарын банк шотына салу және жинау.

Талап етіледі.

Сізден жоғарыда айтылған қызметтерді үйлестіру, бөлу бойынша кеңес сұрап жатыр. Осының бәрін компания ішкі бақылаудың жоғарғы деңгейіне жету үшін істеп жатыр. Осы жұмысшылар ешқандай бухгалтерлік қызметтерді атқармайтыны туралы болжам бар.

(а) Сіз 3 қызметкердің арасында жоғарыда айтылған қызметтерді қалай бөлер едіңіз, қайтару және жеңілдіктер кезінде шоттар соммасын азайту және банктік тексеру бойынша көрсетілген, нақтылы жұмысты қоспағанда, бүкіл қызметті орындау тең уақыт көлемін алады. (Сыбыр сөз: әр жұмысшыға қызмет атауын беріңіз)

(б) Жоғарыда айтылған қызметтердің ішінен 4 мүмкін болатын қанағатсыз комбинацияларды атап өтіңіз.

К 5.3

Людмила Быкова бірінші рет аудит өткізіп жатыр. Ол «Ромашка» компаниясының 2000 жылы қаржылық есеп беруін тексеру керек. Людмила бақылау құралдар бойынша тестіне қатысты пайда болған келесі сұрақтарға жауап беруге сізден көмек сұрап жатыр.

1. Бақылау құралдары бойынша тестінің жалпы мақсаты қандай?
2. Бақылау құралдары бойынша тест қашан орындалады?
3. Бақылау құралдары бойынша тестерді орындау үшін қандай аудиторлық процедуралар қолданылуы мүмкін?
4. Әр аудиторлық процедура көрсететін дәлелдемелер сапасының арасында айырмашылық бар ма?
5. Бақылау құралдары бойынша тесттер қандай сұрақтарға жауап беруі тиіс?
6. Аралық жұмыс аяқталған соң, бақылау тесттерді орындауға қатысты аудитордың жауапкершілігі қандай?(немесе оның болмауы)
7. Қос (екі) мақсатты тестер дегеніміз не және оларды бақылау құралдары тесттерінің ауыстырушы ретінде қолдануға бола ма?

8. Бақылау тестерін орындау үшін «Ромашка» компаниясының ішкі аудиторларын қандай қолдануға болады?(егер ол мүмкін болса)

Талап етіледі.

А. Людмиланың сұрақтарына жауап беру.

Б. Людмилаға бақылау құралдары тесттеріне қатысты аудит программасының мазмұнын түсіндіру.

В. Бақылау құралдары тесттерін орныдағанда құжаттарды тексеру қажет екені туралы ауытқуды көрсету. Аудиттің басқа бөлімдері үшін ауытқудың маңызы?

К 5.4

Ішкі бақылау құралымының бірнеше шектеулерін анықтап, баяндап бер.

К 5.5

А. Міндеттерді бөлудің мақсаты неде?Түсіндіріңіз

Б. Міндеттерді сәйкес бөлудің маңызды 4 жағдайлы түрлерін анықтаңыз.

К 5.6

А. Ішкі бақылау құрылымында түсінікті алуды қамтитын 2 сұрақты анықтаңыз.

Б. Ішкі бақылау құрылымының компонентері туралы білімді аудитор қалай қолдану керек.

К 5.7

Барлық аудиторлық процедуралардың маңызы дәлелдемелерді жинауда болып табылады. Осы арқылы аудитор жалпы қаржылық есеп беру туралы қорытынды жасайды.

Талап етіледі.

А. Төмендегі нысандарды толықтыру үшін аудиторлық дәлелдемелерді жинаудың 5 аудиторлық процедурасын анықтаңдар.

Процедура (іс шара)	Сипаты
Бақылау	Аудитор жылдық инвенторизация сияқты кейбір функцияларды өткізуге катысады.

Б. Әр бекітуге клиенттің ТМЗ қалдығына қатысатын бес ортақ бекітуге және бір айырықша мән бойынша тестілеуді сипаттаңыз.

Бекіту	Мән бойынша тестілеу.

№6 сабақ. Аудиторлық іріктеу.

Осы сабақта аудиттегі іріктеудің мінезін және оны мән бойынша аудиторлық жұмысты ішкі бақылау құрылдарын тестілеу процесінде қолдануды қарастырады. Құң негізінде анықталған іріктеуге ерекше көңіл бөленген.

Аудиторлық іріктеуге қолданылатын терминдерге анықтама беріңіз.

- Іріктеуді зерттегенде алынған нәтижелер негізінде шоттар сальдосы және шаруашылық операциялар классын жалпы қорытынды шығару бойынша аудитордың іс - әрекеттері аудиторлық іріктеуді түсіндіреді.
- Бас жиынтық – операциялардың жеке классы немесе баланста бір статьяны құрайтын бүкіл элементтердің жиынтығы. Әр элемент бас жиынтықтың бірлігі ретінде саналады.
- Әр іріктелген элемент іріктеудің элементі деп аталады. Іріктеудің элементтер жиынтығы іріктеуді құрайды.

Аудиторлар қолданатын іріктеудің себептерін түсіндіріңіз және аудиторлық іріктеуді қолдануға бойынша 2 мысал келтіріңіз.

- Аудиторлар бас жиынтық туралы абсолютті сенімділік алу мүмкіндігін сирек кездескен соң, іріктеуді қолданады. Сонымен қатар баланста бір статьяны құрайтың жеке элемент немесе операцияны зерттеу экономикалық тиімсіз.

- Аудиторлық іріктеу бақылау тәуекелін бағалау үшін бақылауды тестілеуде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар ол қаржылық есептерге қосылған сальдонның мән бойынша тестілеу барысында қолданылуы мүмкін.

Іріктеуді тексерістің статистикалық және статистикалық емес әдістеріне анықтама беріңіз, осы әдістер қандай жағдайда қолданатының және әр әдістің ерекшеліктерін айтып беріңіз.

- Іріктеулі тексерістің статистикалық әдісі ықтимал теориясын қолданудан құрылады. Іріктеулі тексерістің статистикалық емес әдісі статистикалық есептеулерге негізделген.

- Сұрыптау тексерісінің статистикалық әдістің еределігі – аудиторлық тәуекел туралы мәліметтердің қол ашығы. Осы әдіс аудиторлық мәселеге белгілі дәне нақты әдісті талап етеді. Сұрыптау тексерісінің статистикалық емес әдістің ерекшелігі – аудитордың кәсіптік ой – пікірлерді еркін қолдануы.

- Егер кездейсоқ сандар бас жиынтық элементтеріне қатысты болса, егер объективті ақтаулы нәтиже болса, онда іріктеудің статистикалық әдісі қолданылады. Ал егер аудитор бас жиынтық туралы қосымша мәліметтерімен иеленсе, егер объективті ақтаулы нәтиже талап -етілмесе, егер бас жиынтық элементтерінің кездейсоқ сандар қатынасымен мүмкін болмаса немесе күрделендірілген болса, онда іріктеу тексерісінің статистикалық емес әдісі қолданылады.

Іріктеулі қатерлігі, сонымен қатар α - тәуекелінің (1- ші қатардағы қателік), β - тәуекелігін (2 – ші қатардағы қателік) пайда болған қателер және іріктеуден тыс қателер түсінігің түсіндіріп беріңіз.

▪ Іріктеулі қателік тұрақты тәуекелдің бар болуынан анықталады. Жиынтық анық емес болып көрінетін тәуекел болса, онда оны α - тәуекелінің (немес 1- ші қатардағы қателік), деп атайды. Ал жиынтық анық болып өрінетін тәуекел болса, онда оны β - тәуекелігін (немес 2 – ші қатардағы қателік) деп атайды. Себебі ол құрамында тозуы бар жиынтық туралы оң, дұрыс шешімдерді қалыптастыруға келеді.

▪ Іріктеуден тыс тәуекел (іріктелмеген тәуекел) мына жағдайларда пайда болады: 1) Аудитордың жинақталған элементтердің тексеріс үрдісінде қатені табудағы сәтсіздігі; 2) аудиторлық өткізген тесттің (мысалға, бұрыс жиынтықан элементтерді жинақтау) мақсатына сәйкесіздігі.

Бақылаудың барлық тесттері үшін атрибутивті іріктеуді өткізу үшін 7 сатылы концептуалды негізді баяндаңыз.

- Атрибутивті іріктеудің 7 сатысы:
- Аудиторлық тексерістің тапсырмаларын анықтаңыз
- Ауытқудың шарттарын анықтаңыз
- Бас жиынтықты анықтаңыз
- Іріктеу шамасы анықтаңыз
- Бақылау тексерісінің процедурасын өткізіңіз
- Дәлдемелер бағасын өткізіңіз

Сапалы белгілер бойынша тексеріс өткізу үшін іріктеу шамасын анықтауға әсер ететін факторларды көрсетіңіз

- Атрибутивті іріктеудің шамасын анықтауға әсер ететін факторлар:
- Бақылау эффективті емес тәуекелдің төмендеуінің қабылданатын ықтималдығы
- Ауытқудың мүмкін коэффициенті
- Бас жиынтықта болатын ауытқудың күтілетін коэффициенті
- Бас жиынтық шамасы
- Іріктеу шамасы бас жиынтықтағы ауытқудың күтілетін коэффициентімен, бас жиынтық шамасымен тура байланысты. Іріктеу шамасы, мөлшері мүмкін ауытқу коэффициентімен және сенімнің мүмкін тәуекелімен кері тәуелдіге өзгереді. Бас жиынтық мөлшерінің әсері минимальды.

Бақылау тесттері үшін іріктеу мөлшерін анықтау үшін статистикалық іріктеу қалай қолданылады.

- Іріктеу шамасы сенімінің иуікін тәуекелінің сәйкес көмегімен анықталады, сонда бас жиынтықта ауытқудың күтілетін коэффициенті мен ауытқудың мүмкін коэффициентіне сәйкес мән таңдауы қажет.

Статистикалық және статистикалық емес іріктеу көмектесінде тестілеу нәтижелерінің бағалау әдістерін түсіндіріңіз.

- Статистикалық әдісті қолданғанда, аудитор бақылаудың тәуекелін төмендетудің берілген мүмкін ықтималдықпен сәйкес бағалы кестені таңдайды, іріктеудің қажетті шамасының және ауытқу санының мәнін табады. Аудитор іріктеу қателігін есептеу мен түзетуден кейін бас жиынтықты қабылдау немесе ауытқу мүмкін.

- Іріктеу тексерісінің статистикалық емес әдісін қолданғанда, аудитор іріктеу нәтижелеріне негізделген бас жиынтықты ауытқу немесе қабылдау туралы шешімге келгенде өзінің кәсіптік ой – пікірін қолдану керек.

Аудиторлық тәуекел, іріктеу тәуекелі және контексте мән бойынша тестілеудің мінездемесін айтып беріңіз.

- Мән бойынша тестілеудегі іріктеу тәуекелі аудиторлық тәуекелмен байланысты, себебі екеуіде аудитор мәнді тозуы бар бас жиынтық туралы оң, дұрыс қорытынды шығаратын тәуекелді көрсетеді. Осындай іріктеу үшін мүмкін болатын тозу бүкіл қаржылық есеп беру мәнінің критерийі бойынша анықталады.

Мән бойынша тесттер үшін іріктеуді өткізу үшін 7 сатылы концептуальды негізгі айтып беріңіз.

- Мән бойынша тесттер үшін аудиторлық іріктеуді 7 сатысы:
- Тест мақсатын анықтаңыз
- Бас жиынтықтан алнатын іріктеуді анықтаңыз
- Аудиторлық іріктеудің әдісін таңдаңыз
- Іріктеу мөлшерін анықтаңыз
- Мән бойынша аудиторлық процедураларды өткізіңіз
- Дәлелдемелер бағасын өткізіңіз.

Бас жиынтықтың ішкі вариативтілігін және маңыздылығын көрсету үшін аудитор стратификацияны қалай қолдану керектігін түсіндіріңіз.

- Стратификация көмегімен аудитор аса қауіпті тәуекел болып бағаланатын ерекше зерттеуі үшін таңдап алады және де олардың басқа іріктеу тарапынан, тарауынан бөледі. Стратификация іріктеу шамасына немесе тәуекел мінездемесіне негізделді. Мысалға шоттарды бөлу мен таңдап алу жатады. Бұл іріктеуді төмендетуге және сәйкесінше бас жиынтықта ықтималды қателіктің оданда төмен бағасына алып келеді.

Мән бойынша тесттердің іріктеу шамасын анықтауға әсер ететін факторларды баяндаңыз.

- Мән бойынша тестілеуде іріктеу шамасына әсер ететін факторлар:
- Қателік анықтылық еместің тәуекелі
- Мүмкін болатын қате
- Ақша түріндегі күтілетін қате
- Бас жиынтық ішіндегі вариативтілік
- Бірінші 3 фактор кері тәуекелдіде іріктеу шамасына әсер етеді: соңғы 3 фактор тікелей іріктеу шамасына әсер етеді.

Аудитордың мән бойынша тестілеу нәтижелерінің бағалау әдістерін түсіндіріңіз.

▪ Біріншіден, аудитор іріктеуден табылған қатені бағалап және осы бағалауға негізделе, бас жиынтықта мүмкін болатын қате мөлшерін анықтай отырып, бас жиынтыққа қатысты түйін шығарады. Аудитор мүмкін болатын қатені бағалауда іріктеу тәуекелін есепке алады және барлық табылған қатенің сыммасын салыстырады.

Аудитор шоттар сальдосында мүмкін болатын қатені тексеру үшін іріктеу шоттар бірлігін құруда ақша бірлігінің іріктеуін қалай қолданатынын түсіндіріп беріңіз.

Ақша бірлігінің іріктеуін құрудағы қадамдар:

- Тест мақсатын анықтаңыз
- Қате шартын анықтаңыз
- Бас жиынтықты анықтаңыз
- Іріктеу бірлігін анықтаңыз
- Мүмкін қатені табыңыз
- Қателік нақтылығының мүмін болатын тәуекелін анықтаңыз
- Жиынтықтағы қате ставкасын есептеңіз
- Іріктеудің бастапқы шамасын анықтаңыз
- Кездейсоқ элементтерден іріктеуді құрастырыңыз
- Аудиторлық процедуралары өткізіңіз
- Жиынтық үшін іріктеу нәтижелерін талдап қорытындылаңыз
- Қателерді талдап шығыңыз
- Жиынтықты қабылдау туралы шешімді қарастырыңыз.

Аудиторлық қалайша іріктеуді бағалайтын және барлық жиынтық туралы іріктеу нәтижелері бойынша түйінді шығаратынын түсіндіріңіз.

▪ Аудитор нәтижелерді санау үшін атрибутивті іріктеудің бағалық кестесін қолданады. Атрибутивті нәтижелерін ақша бірлігіне аударады. Ол үшін аудитор қате болып анықталған жиынтықтың әр элементінің қате дәрижесін туралы болжам жасауы керек. Осы ақпарат қатенің төменгі және жоғарғы шамасын анықтау үшін қолданады. Егер жиынтықтағы қате мәні берілген әр түрлі шамадан асып кетсе, онда іріктеу ауытқиды, қабылданбайды. Жиынтықтағы қатенің мүмкін мәні – аудит үшін маңызды деп анықталған қате шамасы.

Статистикалық, іріктеу бағасының кестесі

Бақылау тестері үшін статистикалық іріктеу нәтижелерінің бағалау кестесі.

Ауытқудың жоғарғы шамасы (жиынтық ≥ 5000 бірлік)

5% бақылау тәуекелінің баға тәуекелі үшін тым төмен.

Іріктеу шамасы	Табылған ауытқулардың саны мөлшері								
	0	1	2	3	4	5	6	7	8
25	11,3	17,6	*	*	*	*	*	*	*
30	9,5	14,9	19,5	*	*	*	*	*	*
35	8,2	12,9	16,9	*	*	*	*	*	*
40	7,2	11,3	14,9	18,3	*	*	*	*	*
45	6,4	10,1	13,3	16,3	19,2	*	*	*	*
50	5,8	9,1	12,1	14,8	17,4	19,9	*	*	*
55	5,3	8,3	11,0	13,5	15,9	18,1	*	*	*
60	4,9	7,7	10,1	12,4	14,6	16,7	18,8	*	*
65	4,5	7,1	9,4	11,5	13,5	15,5	17,4	19,3	*
70	4,2	6,6	8,7	10,7	12,6	14,4	16,2	18,0	19,7
75	3,9	6,2	8,2	10,0	11,8	13,5	15,2	16,9	18,4
80	3,7	5,8	7,7	9,4	11,1	12,7	14,3	15,8	17,3
90	3,3	5,2	6,8	8,4	9,9	11,3	12,7	14,1	15,5
100	3,0	4,7	6,2	7,6	8,9	10,2	11,5	12,7	14,0
125	2,4	3,7	4,9	6,1	7,2	8,2	9,3	10,3	11,3
150	2,0	3,1	4,1	5,1	6,0	6,9	7,7	8,6	9,4
200	1,5	2,3	3,1	3,8	4,5	5,2	5,8	6,5	7,1

10% - бақылау тәуелігінің баға тәуекелі үшін тым төмен

Іріктеу шамасы	Табылған ауытқулардың саны мөлшері								
	0	1	2	3	4	5	6	7	8
20	10,9	18,1	*	*	*	*	*	*	*
25	8,8	14,7	19,9	*	*	*	*	*	*
30	7,4	12,4	16,8	*	*	*	*	*	*
35	6,4	10,7	14,5	18,1	*	*	*	*	*
40	5,6	9,4	12,8	15,9	19,0	*	*	*	*
45	5,0	8,4	11,4	14,2	17,0	19,6	*	*	*
50	4,5	7,6	10,3	12,9	15,4	17,8	*	*	*
55	4,1	6,9	9,4	11,7	14,0	16,2	18,4	*	*
60	3,8	6,3	8,6	10,8	12,9	14,9	16,9	17,9	*
70	3,2	5,4	7,4	9,3	11,1	12,8	14,6	16,2	17,9
80	2,8	4,8	6,5	8,3	9,7	11,3	12,8	14,3	15,7
90	2,5	4,3	5,8	7,3	8,7	10,1	11,4	12,7	14,0
100	2,3	3,8	5,2	6,6	7,8	9,1	10,3	11,5	12,7

120	1,9	3,2	4,4	5,5	6,6	7,6	8,6	9,6	10,6
160	1,4	2,4	3,3	4,1	4,9	5,7	6,5	7,2	8,0
200	1,1	1,9	2,6	3,3	4,0	4,6	5,2	5,8	6,4

20 % - дан жоғары.

Іріктеу шамасының кестесі

Бақылау тесттері үшін статистикалық іріктеудің шамасы

(жиынтық ≥ 5.000 бірлік)

5 % бақылау тәуекелінің баға тәуекелі үшін тым төмен.

Жиынтық күтілетін ауытқуы (% нормасы)	<u>Ауытқудың мүмкін нормасы</u>								
	2%	3%	4%	5%	6%	7%	8%	9%	10%
0.00	149	99	74	59	49	42	36	32	29
0.50	*	157	117	93	78	66	58	51	46
1.00	*	*	156	93	78	66	58	51	46
1.50	*	*	192	124	103	66	58	51	46
2.00	*	*	*	181	127	88	77	68	46
2.50	*	*	*	*	150	109	77	68	61
3.00	*	*	*	*	195	129	95	84	61
4.00	*	*	*	*	*	*	146	100	89
5.00	*	*	*	*	*	*	*	158	116
6.00	*	*	*	*	*	*	*	*	179

10% бақылау тәуекелінің баға тәуекелі үшін тым төмен

Жиынтық күтілетін ауытқуы (% нормасы)	<u>Ауытқудың мүмкін нормасы</u>								
	2%	3%	4%	5%	6%	7%	8%	9%	10%
0.00	114	76	57	45	38	32	28	25	22
0.50	194	129	96	77	64	55	48	42	38
1.00	*	176	96	77	64	55	48	42	38
1.50	*	*	132	105	64	55	48	42	38
2.00	*	*	198	132	88	75	48	42	38
2.50	*	*	*	158	110	75	65	58	52
3.00	*	*	*	*	132	94	65	58	52
4.00	*	*	*	*	*	149	98	73	65
5.00	*	*	*	*	*	*	160	115	78
6.00	*	*	*	*	*	*	*	182	116

* Аудитті өткізуде шығындары жұмсау көзінен тиімді болса онда іріктеу шамасы жеткілікті болып саналады.

Пропорционалды шамасының ықтималдық әдісі бойынша іріктеу нәтижелерін бағалау үшін сенімділік факторлары.

Асырудағы сенімділік факторлары

Дұрыс қабылдамау тәуекелі

Асыру мөлшері	1%	5%	10%	15%	20%	25%	30%	37%	50%
0	4,61	3,00	2,31	1,90	1,61	1,39	1,21	1,00	0,70
1	6,64	4,75,	3,89	3,38	3,00	2,70	2,44	2,14	1,68
2	8,41	6,30	5,33	4,72	4,28	3,93	3,62	3,25	2,68
3	10,05	7,76	6,69	6,02	5,52	5,11	4,77	4,34	3,68
4	11,61	9,16	8,00	7,27	6,73	6,28	5,90	5,43	4,68
5	13,11	10,52	9,28	8,50	7,91	7,43	7,01	6,49	5,68
6	14,57	11,85	10,54	9,71	9,08	8,56	8,21	7,56	6,67
7	16,00	13,15	11,78	10,90	10,24	9,69	9,21	8,63	7,67
8	17,41	14,44	13,00	12,08	11,38	10,81	10,31	9,68	8,67
9	18,79	15,71	14,21	13,25	12,52	11,92	11,39	10,74	9,67
10	20,15	16,97	15,41	14,42	13,66	13,02	12,47	11,79	10,67

Пропорциональды шаманың ықтимал әдісі бойынша іріктеу үшін факторларды кеңейту.

Болжамдалатын қатеге байланысты факторларды кеңейту

Дұрыс емес қабылдау тәуекелі

	1%	5%	10%	15%	20%	25%	30%	37%	50%
Кеңейту факторы	<u>1,9</u>	<u>1,6</u>	<u>1,5</u>	<u>1,4</u>	<u>1,3</u>	<u>1,25</u>	<u>1,2</u>	<u>1,15</u>	<u>1,0</u>

Мүмкін қатемен іріктеу тәуекелін есепке ала отырып, қалаулы түзеудің қатынасы .

Дұрыс емес қабылдау тәуекелі	Дұрыс емес бас тартудың тәуекелі			
	0,20	0,10	0,05	0,01
0,01	0,355	0,413	0,457	0,525
0,0025	0,395	0,456	0,500	0,568
0,05	0,437	0,300	0,543	0,609
0,075	0,471	0,532	0,576	0,641
0,10	0,500	0,561	0,605	0,668
0,15	0,511	0,612	0,653	0,712
0,20	0,6,3	0,661	0,700	0,753
0,25	0,653	0,708	0,742	0,791
0,30	0,707	0,756	0,787	0,829
0,35	0,766	0,808	0,834	0,868
0,40	0,831	0,863	0,883	0,908
0,45	0,907	0,926	0,937	0,952

0,50	1,000	1,000	1,000	1,000
------	-------	-------	-------	-------

Дұрыс емес бас тарту пайызының таңдаулы тәуекелі және сәйкес жай нормативті ауытқулар немесе Ur факторлары.

Дұрыс емес бас тартудың тәуекелі	Қарапайым нормативті ауытқулар	Сәйкес сенімділі немесе деңгей
0,30	±1,04	0,70
0,25	±1,15	0,75
0,20	±1,28	0,80
0,15	±1,44	0,85
0,10	±1,64	0,90
0,05	±1,96	0,95
0,01	±2,58	0,99

Тек қана ақпарат мақсаты үшін

Іріктеу шамасының формуласы

Келесі формула бірлікті орта мәні әдісі бойынша баға іріктеуі үшін іріктеу шамасын анықтау үшін қолданылды:

$$n = \left(\frac{N * Ur * S_{xi}}{A} \right)^2$$

мұндағы:

N = жиынтық шамасы

Ur = бұрыс бас тартудың қалаулы тәуекелін есепке ала отырып, қарапайым нормативті ауытқу

S_{xi} = жиынтықтың бағаланған нормативті ауытқуы

A = іріктеу тәуекелін есепке ала отырып, қалаулы немесе жоспарланған түзетуі.

« Эйс финансы » компаниясының 4 факторы бар. Олар сәйкесінше 3,000, 1,96, \$100 және \$45,000 құрайды. Осыдан, іріктеу шамасы 196 – ны құрайды, келесі түрде саналады:

$$n = \left(\frac{3,000 * 1,96 * \$100}{\$42.000} \right) = 196$$

Іріктеу тәуекелін есепке ала отырып, жоспарланатын түзету.

Іріктеу тәуекелін есепке ала отырып, жоспарланатын түзету (кейде «қолдану нақтылық» деп аталады)мына формула көмегімен анықтайды:

$$A = P * TM$$

Мұнда: A – іріктеу тәуекелін есепке ала отырып, қалаулы немесе жоспарланған түзету

R – мүмін қате мен іріктеу тәуекелін есепке ала отырып, қалаулы түзетудің қатынасы.

TM – мүмкін қате

6 Сабаққа шолыма сұрақтар

C.6.1.

Іріктеудің статистикалық іс пен статистикалық емес әдісінің негізгі айырмашылығы неде?

С.6.2.

Аудиторлық іріктеуді қолданудың 2 басты себебі қандай?

С.6.3.

Саида – дипломатты бухгалтер, маусым айында басталып, 1998 жылғы 31 желтоқсанда біткен «К» компаниясының қаржылық есеп берудің аудиторлық тексерісі барысында өнімді жүзеге асыру мен байланысты шаруашылық операциялар тексерісін өткізді. Төмендегі бағаланған бақылаудың максимальды тәуеклі мен тексерістерді өте жақсы нәтижелеріне негізделе, ол жыл оңенда қаржылық есеп берудің шоттар сальдосының тесттер шамасын төмендету туралы шешім қабылдады. Осы шешімді бағалаңыз.

С.6.4

Бақылау тесттерін өткізуде сәйкестіктен алдын – ала ауытқуды анықтау неге сонша маңызды? Ішкі бақылаудың 7 бекітудің әрқайсысын жүзеге асыру бойынша операциялар үшін сәйкестіктен ауытқуға мысадар көрестіндер.

С.6.5

Іріктеу кездейсоқ болып есептелу үшін қай критерийді орындау қажет?

С.6.6

Шоттар сальдосын тексеру барысында ауытқу ұраы қажетін шешімінен гөрі, неге қателік шешім туралы қабылдау өте күрделі болып саналады.

С.6.7

Шоттар сальдосының бөлшекті тестілеу мен бақылау арасындағы тесттардың басты айырмашылығы неде?

6 сабаққа бақылау тапсырмалары

Б 6.1

Аудит стандарттарының, бірінде былай деп жазылған: қаржылық есеп беруді қарастыру барысында ой – пікірді айту үшін басты негізді қамтамасыз ету үшін жеткілікті компетентті дәлелдемелерді танысу, сұрау, бақылау, растау, процесінде алынады. Белгісіздіктің кейбір деңгейіне «аудиторлық ой – пікір үшін негіз» концепциясы тән. Сонымен қатар, белгісіздіктің кейбір деңгейіне аудиттің толық процессі тән, себебі 100% құжаттар емес, тек қана іріктеу процесінде алынған бөлігі ғана тексеріледі.

Талап етіледі:

А. Іріктеу процессіне тән белгісіздіті қабылдау туралы аудиторлық ақталымдарды түсіндіріңіз.

В. Аудиторлық тәуекел концепциясын іске асыру жиынығында белгісіздікті талқылау.

С. Іріктеу тәуекелдің және аудитормен ішкі бақылау құрылымын бағалаумен оқу кезінде бақылау тесттеріне іріктеу тәуекелі әсер етуін қоса ала іріктелмеген тәуекелдің мінезін талқылау.

Б 6.2

Аудитор Сидоров сату операциясында ішкі бақылау құрамдарының тиімділігін анықтау үшін сапалы белгілер бойынша іріктеуді қолдануды жоспарлап жатыр. Сидоров іріктеуді жоспарлаудың негізгі қадамдарын келесі түрде істейді:

1. Жоспардың мақсатын баяндау (мысалы, жүзеге асыру операцияның қатынасындағы баға және пайда болу немесе бар болу туралы бекітілімдермен байланысты бақылау құралдарының тиімділігін тестілеу)
2. Іріктеуді анықтау (жиынтықтың толықтығы мен тестпен алынған кезені анықтау)
3. Іріктеу бірлігін анықтау (мысалы, клиент шот – фактурасының көшірмесі)

Талап етіледі:

А. Жүзеге асыру шот – фактурасының іріктеуінің статистикалық әдісінде Сидоров қандай басқа қадамдарды қосуы керек? Әр қадам мақсатына жету үшін тапсырманың бөлшекті алдауын өткізу талап етілмейді. Сонымен қоса, кіріспе мысалдар көрсетуге талап етілмейді.

В. Статистикалық аудиторға әдістеме іріктеудің қанағаттандыратын жоспар жүзеге асыруға қалай көмектеседі?

Б.6.3

Осы тапсырманың негізгі назары іріктеу шамасын анықтауға бағытталған.

Талап етіледі:

А. Осы шарттар үшін мүмкін ауытқудың 8% - дың көрсеткіші және 1% - бен 5% диапазонында жиынтық үшін күтілетін ауытқудың көрсетіші бар.

В. Бақылау жүйесінің тәуекелін бағалауды төмендетудің 5% - дың тәуекелі, мүмкін ауытқудың 5% - дық көрсеткіші және жиынтық үшін күтілетін ауытқудың 5% - дың көрсеткішінің іріктеу шамасы 181-ді құрайды. Сомма үшін өзгеріссіз болып қалатын факторларды болжай отырып, келесі әр өзгерістер үшін жаңа іріктеу шамасын санаңдар:

А. мүмкін ауытқудың көрсеткішін 7% -ға дейін көтеру

В. мүмкін ауытқудың көрсеткішін 4% - ға дейін төмендету.

С. жиынтық үшін болжамдалатын ауытқудың көрсеткішін 1% - ға төмендету.

Д. жиынтық үшін болжамдалатын ауытқудың көрсеткішін 3% - ға көтеру.

Е. тәуекелдің төмендетілген бағасының тәуекелін 10% - ға көтеру.

Б.6.4.

Қаржылық есеп беру аудитінде статистикалық іріктеудің техникасын қолдану пікірі негізінде шешім қабылдауды болғызбайды.

Талап етіледі:

А. статистикалық іріктеуді жоспарлауда пікірді қолдануға болатын аудиторлық 4 облысын түсіндіру және анықтау.

В. Аудитор істен іріктеу ауытқудың мүмкін емес деңгейін көрсетіп жатыр деп болжайық. Алынған нәтижелер негізінде аудитор қандай әр түрлі іс – шаралар істейтін баяндап беріңіз.

С. Төлеуге шоттар бойынша 80 – ақшалай ақталынған құжаттардың статистикалық емес іріктеу жиынтықтар 3,200 болып шығуы керек. Ақшалай ақталынған құжаттар рет – ретімен 1 – ден 3200 – ге дейін номерленді және ақшалай ақталынған құжаттар регистріне 1 бетке 40 деп тізім енгізілді. Бақылау тесттерін өткізу үшін іріктеу үшін ақшалай ақталынған құжаттарды таңдаудың 2 әр түрлі әдістемесін баяндап беріңіз.

Б.6.5.

«Сафари» омпениясының аудитінде аудитор өзіне қызық болып көрінетін 10сапалы тізімдерді анықтады. Төменде әр шарттың статистикалық параметрлері және іріктеуде табылған ауытқу мөлшерін көрсетілген:

Сапалы мінездеме	Мүмкін ауытқудың көрсеткіші%	Бақылау тәуекелінің төмендетілген баға тәуекелі.	Жиынтық үшін болжамдалатын ауытқудың көрсеткіші	Іріктеудегі ауытқуды мөлшері /саны.
1	4	5	1,5	1
2	3	5	0,5	0
3	6	5	2,0	4
4	6	5	2,5	5
5	8	5	3,0	2
6	3	10	1,0	0
7	4	10	1,5	2
8	5	10	2,0	4
9	6	10	2,0	1
10	7	10	3,0	4

Талап етіледі:

А. Үлкен жиынтықты болжай отырып, әр сапалы мінездемелер үшін іріктеу мөлешрін анықтаңыз.

В. Әр сапалы міннездемелер үшін іріктеу тәуекеліне өзгерістерді анықтаңыз.

С. Аудитормен жоспарланған бақылау жүйесінің тәуекел деңгейін растайтын бақылау құралдарын анықтаңыз.

Д. Аудиторлармен жоспарланған бақылау жүйесінің тәуекел деңгейін растамайтын бақылау құралдарын анықтаңыз.

Б.6.6.

Алуға шоттар қалдығының аудитін орындауда Эдуард РРС әдісі бойынша іріктеуді қолдану туралы шешім қабылдады. (оны кейде « монетарлы іріктеу » деп те атайды). Егер асырумен байланысты қандай да қателіктер болмаса, онда онша көп емес мөлшерде өзгерістер болады деп күтіледі.

Эдуард РРС әдісі бойынша іріктеудің келесі кестені қолдануды жоспарлап жатыр:

5% - асыру қатысты сенімділік факторы

Асыру мөлшері	Дұрыс емес қабылдау тәуекелі				
	1	5	10	15	20
0	4,61	3,00	2,31	1,90	1,61
1	6,64	4,75	3,89	3,38	3,00
2	8,41	6,30	5,33	4,72	4,28
3	10,05	7,76	6,69	6,02	5,52
4	11,61	9,16	8,00	7,27	6,73

Талап етіледі:

А. Ауыспалы бойынша классикалық іріктеуді ссалыстыру бойынша РРС әдісі бойынша іріктеуді қолданудың артықшылықтарын. Ескерту: (Б) және (В) талаптары бір – бірімен байланысты емес.

В. Келесі ақпараттары берілген жағдайда, Эдуард іріктеу мөлшері мен артықты қалай қолдану қажет:

Мүмкін қателік	\$15,000
Дұрыс емес қабылдаудың тәуекелі	5%
Шешілінетін қателіктердің саны	0
Алуға болатын шоттардың көрсетілетін шамасы	\$300,000

С. Егер РРС әдісі бойынша іріктеуді орындаудың нәтижелерінде төмендегі көрсетілген 3 қателек пайда болса, онда болжамдалынатын қатенің жалпы мөлшерін санап шығындар:

	Сомманың көрсетілген мөлшері	Аудитор анықтаған сомма	Іріктеу аралығы.
1-ші қателік	\$400	\$320	\$1,000
2-ші қателік	500	0	1,000
3-ші қателік	3,000	2,500	1,000

Б.6.7.

МРУ әдісі бойынша іріктеудің 3 жоспарына қатысты мәліметтер төменде берілген.

	1	2	3
Мүмкін қателік	\$110,000	\$140.000	\$170.000
Жиынтық мөлшері	5,000	6.000	8.000
Дұрыс емес қабылдаудың тәуекелі	10\$	5%	10%
Жиынтықтағы божамдалатын сатндартты ауытқу	\$80	\$105	\$120
Мүмкін қателіктен жоғары болатын қателіктің тәуекелі табылмаса :	50%	40%	40%
Ішкі бақылаумен	25%	50%	85%
Мән бойынша аналитикалық және басқа процедуралардың тексерісімен	5%	5%	5%
Қалаулы жалпы аудиторлық тәуекел	100%	100%	100%

Талап етіледі:

А. $AR = I_r \times CR \times AP \times TD$ аудиторық тәуекелі үлгісін қолдана, әр жиынтық үшін дұрыс қаблдаудың сәйкес тәуекелін анықтаныз.

В. Жоспардың әр қасысының ішінен іріктеу мөлшерін санаңыз. Есебін көрсетіңіз.

Б.6.8.

(Ауыспалы бойынша классикалық іріктеу). «Алатау» компаниясының өтелмеген 2,500 немесе бар және соның есепке алынған баланстық құны \$975,000 болып тұр. Осы тексерістің аудитору бола тұра, Мария Жданова тексеріс мақсатымен саны 250 несие түрінде іріктеу істеді. Осы кредиттердің баланстық құны - \$ 95,000

Талап етіледі:

(а) бірлікке шаққандағы орташа мәннің бағалары, (б) айырмашылық бағалары және (В) қатынас бағалары: көмегімен несиенің жалпы бағаланған құнын есептеп шығарыңыз.

№7 сабақ. Компьютерлік ортадағы аудиторлық тексеріс

Бұл сабақ компьютерлік технологиялардың қаржылық есептің аудитіне және бақылау ортасына деген әсерін қарастырады.

Мәліметтерді компьютерлік өңдеу жүйесінің автоматтық емес есептен басты айырмашылығын түсіндіріңіз

- Мәліметтерді қолдан өңдеудің компьютерлік өңдеуден айырмашылығын көрсететін факторлар:
 - ◆ Операцияларды бақылау үшін арналған жазбалардың қысқаша тізімі немесе оның болмауы
 - ◆ Операцияларды орындаудың бірқалыптылығы
 - ◆ Функцияларды бөлу
 - ◆ Кейбір түрлердің қателерінің пайда болуының мүмкіндігі
 - ◆ Әкімшілік жағынан бақылаудың күшеюінің мүмкіндігі
 - ◆ Автоматты операциялардың болуы

Аудиторлық компания қызметіне Интернеттің және электронды мәлімет алмасудың әсерін түсіндіріңіз

- Аудиторларға деген электронды мәлімет алмасуды қолданудың екі әсері:
 - ◆ Қағаз тасушылар жоқ орта, нәтижесі: операцияларды аудиторлық тексеру үшін арналған жазбалардың болмауы
 - ◆ Қызметкерлерді үрдіске қызықтырудың жетіспеушілігінің нәтижесінде электронды жүйеге деген тәуелділік
- Интернетті қолданудың негізгі сәттері қауіпсіздікпен байланысты. Мысалы, сыртқы қолданушыларға ішкі жүйелерге кіруге тыйым салатын желіаралық қорғаныс құралдары.

Компанияның ішкі бақылауына мәліметтерді электрондық өңдеудің жай жүйесінің әсерін түсіндіріңіз

- Бақылаудың бағыты өзгермегенмен, бақылауды іске асыру үшін қолданатын шаралар және баға құралдары өзгеріп отырады. Аса назар келесі бақылау құралдарының сұрақтарына аударылу керек:

- ◆ Функцияларды бөлу
- ◆ Операцияларды құжаттау

Аудиторлық тексеріс үрдісіне әсерін тигізетін мәліметтерді электронды өңдеу жүйесі нені білдіреді

- Субъектінің бизнесімен танысудан кейін аудитор субъектінің компьютерлік жүйелерімен және оны қолданудың тәсілдерімен танысуы керек. Аудитор субъектінің компьютерлік жүйелеріне қатысты ішкі бақылау жүйесін жақсы түсіну керек. Бұл түсінікке бақылаудың жалпы және қосымша бағдарламалары кіреді. Сонымен қатар, аудитор аудиторлық технологиялардың бағдарламаларымен жеке шоттар мен операциялардың деңгейінде пайдалану үшін таныс болуы қажет.

Жүйелік және қосымша бағдарламаларға түсініктеме беріп, олардың есепті бақылануымен байланысын түсіндіріңіз

- Бақылаудың жүйелік бағдарламалары барлық немесе көптеген компьютерлік іс-әрекеттерге байланысты қолданылады, соның ішінде міндеттерді бөлуге деген бақылау, компьютерге жеке рұқсат, бағдарламалар, мәліметтер, құжаттар, ақпараттық бағдарламаларды өндіру, ақпараттық құралдармен басқару, алмастыратын және қалпына келтіретін процестер және т.б.
- Бақылаудың қосымша бағдарламалары нақты қолданыс үшін өндіріледі. Оған жататындар: жалақыны төлеу есебі және тапсырысты өңдеу. Сонымен қатар оларға кіріс мәліметтерін бақылау, өңдеу үрдісін және шығыс мәліметтерін бақылау жатады.
- Қосымша бағдарламалар көбінесе мәліметтерді қолдан өңдеу, есеп жүйесіндегі бағалауға ұқсас ішкі бақылау туралы сұрақ жинағы және блок-сызбалар арқылы бағаланады. Аудитор компьютерлік жүйедегі мүмкін жетіспеушілікті, сонымен қатар компьютерлік өңдеуге дейін және одан кейін автоматты емес қасиеттерді ескеруі қажет.

Мәліметтерді электронды өңдеу ортасындағы аудиторлық тексеріс үрдісін сипаттаңыз

- Аудитор ішкі бақылау жүйесінің алдын-ала бағалауын өткізуі тиіс. Бұл бағалауға аудиторлық тексерісті өткізгенде сүйене алатын бақылаудың барлық қосымша және жүйелік бағдарламалары жатқызылуы керек. Одан кейін аудитор тексерістің барлық кезеңінде, қызметтің дұрыс атқарылғандығын анықтау үшін

бақылау тесттерін өткізуі қажет. Аудитор аудитқа қажетті сәйкестілік тестілеуін өткізу үшін компьютерленген аудиторлық бағдарламаларды қолданудың тиімділігінің деңгейін бағалауы тиіс.

Ішкі бақылауды тестілеудегі компьютерді қолдану және оны қолданбаудағы айырмашылықты атаңыз

- Компьютерді қолданбаудағы аудиторлық үрдіс өзімен субъектінің операцияларын қолдан өңдеу және алынған нәтижелерді субъектінің компьютерлік мәліметтерімен салыстыруды көрсетеді. Бұл әдіс аудитің халықаралық стандартының шегінен өтпейді және кейбір жағдайларда ең тиімді болып саналады.
- Компьютерді қолданатын аудиторлық үрдіс мына жағдайларда қажет: операциялардың көлемі көп болғанда, операцияларды бақылау үшін арналған жазбалар болмағанда немесе олар аз болғанда, сонымен қатар жүйе күрделенген кезде қолданады.

Аудитор аудитті өткізу үшін бақыланатын мәліметтер әдісінде немесе жалпы тағайындалудағы компьютерлік аудиторлық қамтамасыз етуде компьютерді қалай қолданатындығын түсіндіріңіз

- Бақыланатын мәліметтер әдісі субъектінің компьютерлік жүйесінде қателі операциялар жинағын құру мен өңдеу жолымен қолданады. Алынған зерттеу нәтижелері мысалдағылармен салыстырылады.
- Жалпы қатынастағы компьютерлік аудиторлық қамтамасыз ету әр түрлі мақсаттар тобына қолдана алады. Мұндай қамтамасыз ету субъектінің жүйесімен мәліметтерді алу, оларды есептеу, әр түрлі файлдардан алынған мәліметтерді салыстыру, болашақ анализ үшін жұмыс парағы және мәліметтер базасын ойлап табуды өндіре алады.

7 сабақта қарастырылатын сұрақтар

C7.1

Болашақ мамандандырылған бухгалтер ретінде Сіз электронды мәлімет өңдеуді тексеретін үрдісті реттейтін ережелерді білуіңіз қажет. Осыған ұқсас тексерісті өткізуге қажетті білімнің деңгейін және олардың маңыздылығы неде екендігін түсіндіріңіз.

C7.2

Компьютерленген есептілік жүйелері мен қолдан өңдеудің арасындағы негізгі айырмашылықтар қандай?

C7.3

Субъектінің қолдан өңдеуден компьютерлік бухгалтерлік есепке көшкен кезінде аудиторды ең бастысы не қызықтыру керек?

C7.4

Бақыланатын орта түсінігіне мәліметтерді компьютерлік өңдеу жүйесі қалай әсер етеді?

C7.5

Бақылаудың жалпы процедураларының 4 санаты қандай?

Ақпаратты алдын-ала іздестірудегі аудиторларға «кәсіпорын және жеке кіру» тақырыбына арналған субъектінің қызметіндегі сұрақтар жинағы қандай аспектілерде қарастырылады?

C7.6

Неліктен компьютерлік бақылаудың аудиторлық тестілеуі және бақылау тәуекеліне сәйкес бағалау соншалықты маңызды болады?

C7.7

Жалпы қатынастағы аудиторлық компьютерлік қамтамасыз ету дегеніміз не?

Микрокомпьютерлерде қолданатын автоматты аудиторлық жұмыс құжаттаудың компьютерлік қамтамасыз етуін түсіндіріңіз.

7 сабақтың бақылау тапсырмалары

Б7.1

Компьютерлік жүйенің қол еңбегін қолдану жүйесінен айыратын 5 мінездемесін көрсет.

Б7.2

А.Жалпы бақылаудың 5 түрін анықтаңыз және олардың ортақ белгілерін көрсетіңіз.

Ә.Компьютерлік бөлімдегі позицияны және компьютерлік бөлімдегі міндеттерді бөлуге деген негізгі талаптарды анықтаңыз.

Б7.3

А.Компьютерлік аудиторлық қамтамасыз ету дегеніміз не?

Ә.Аудитте қолдана алатын экспертті жүйелердегі аймақтарға мысал келтіріңіз?

Б7.4

«Таш» корпорациясы жақында сатып алынған компьютер үшін, жалақыны есептеуге арналған жеңіл бағдарламаны ойлап табуға тәуелсіз компьютерлік программистті жұмысқа қабылдады. Программист операторға қажетті білім деңгейін минимумға келтіретін компьютерлік мәліметтер жүйесін ойлап тапты. Бұл бағдарлама монитор экранында пайда болатын терезеге жауапты енгізуге негізделген. Бұл жауаптардың мысалдары:

(а) Кіру операциясы:

- 1.Жалақы жөніндегі мәліметтер файлдарына оператордың кіру кодын енгізіңіз.
- 2.Жаңа қызметкерлер бар ма?

(б) Жаңа қызметкерлерді тіркеу операциясы:

1. Қызметкерлердің аты
2. Қызметкерлердің коды
3. Қызметкерлердің әлеуметтік коды
4. Сағатына деген мөлшерлеме
5. Үйленген/бойдақ
6. Қарамағындағылардың саны
7. Шот классификациясы

(в) Ағымдағы жалақыны есептеу операциясы:

1. Қызметкердің коды
2. График бойынша жұмыс атқарған сағаттар саны
3. Графиктен тыс жұмыс атқарған сағаттар саны
4. Осы кезеңдегі қызметкерлердің нәтижелі саны

Тәуелсіз аудитор экрандағы бағдарлама терезелеріне мәліметтерді енгізу үрдісі кезінде қате проводкалар немесе өзге қателіктерді анықтау үшін енгізілген мәліметтердің дәлдігін анықтаудың тексерісін жүргізеді.

Қажет:

Компьютерлік ақпаратпен алмасу жүйесінде аудитор анықтауға үміттенетін, мәліметтердің дәлдігін тексерудің әр түрлі процедураларына мысал келтіріңіз. Әрбір тексеру процедураларына негізделетін дәлелдемелерді атаңыз. Мұндай тексеру түрлерінің бағалауын қарастырамыз.

Б7.5

Сатудан түсетін жылдық табысы 150 млн \$ болатын химиялық компанияның мәліметтерді электронды өңдеу жүйесінің қызметін тексересіз. Компьютерлік жүйені түсіну үрдісі кезінде, Сіз келесілерді анықтадыңыз:

1. Ақпаратты электронды өңдеу жүйесінің менеджері бақылаушы алдында есеп беретін бухгалтерлік есеп бөлімінің бастығының алдында есеп береді. Компанияның вице-президенттерінің бірі болып табылатын қазынаның алдында бақылаушы есеп береді. Ақпаратты электронды өңдеу жүйесінің менеджері бухгалтерлік есеп бөлімінің бастығына жаңа принтерді сатып алу үшін бірнеше рет сұрау алды, бірақ сәтсіз.
2. Компанияда ақпаратты электронды өңдеу жүйесінің жазбаша ереже қызмет атқаруы жоқ. Бірақ, менеджерлердің дәлелдеуінше жүйенің негізгі мақсаты – бухгалтерлік есептіліктің өз уақытында құрылуы.
3. Операциялардың жазбалары бар ленталар негізгі файлдардың мәліметтерін жаңарту үшін күнде пайдаланылады және күнделікті тасталады.
4. Үлкен дисктарды пайдалану мүмкіндігі бар 3-ші ұрпақ компьютері 3 жыл бұрын орнықтырылған болатын және ескі компьютер үшін жазылған көптеген бағдарламалар жаңа компьютерде арнайы эмулятор-бағдарламалардың көмегімен жүзеге асырылады.
5. Сіз шығу мәліметтері, кейінгі шығарып алу үшін кассетада жазылатындығы анықтадыңыз. Шығу мәліметтері бар бірнеше кассета бірнеше күнде шығарылуы керек.
6. Менеджердің дәлелдеуінше компьютер бүгінгі жұмыстың 2 есе көлемін өңдей алады.

Қажет:

А.Жоғарыда келтірілген 6 шарттың әрқайсысының кемшіліктерін анықтаңыз.

Ә.Егер бұл шарттар өзгермейтін болса, мүмкін болаты нәтижені қысқаша суреттеңіз.

Көмек: өз жауабыңызда кемшіліктерді және әрбір шарт үшін мүмкін болатын нәтижені көрсетіңіз.

Б7.6

Бекетов мырза жаңа негізгі компьютер орнатқа «Монитор» компаниясының қаржылық есептілігін жүргізетін аудиторы болып табылады. Төменде Бекетовтың компьютердің операциялары, мәліметтерді өңдеу және түсіру, клиенттердің шот-фактуралары бойынша сұхбаты келтірілген:

1. Ыңғайлық үшін «Монитор» компаниясы списанном құрал-жабдығында орнатылған, мәліметтерді өңдеу жүйесін өзгертпей аударды. Аудару үрдісін жүйені, операцияларды және бағдарламалауды өндіретін компьютерлік бөлімінің қызметкерлерінің (мәліметтерді енгізетін операторлардан өзгелері) дайындығын өткізген компьютерлік компания бақылады.
2. Әрбір компьютерге белгілі бір жұмысшы тағайындалған, яғни ол бағдарламадағы өзгерістерге, бағдарламаны қосуға және туындаған сұрақтарға жауап береді. Әрбір қызметкер өз компьютеріне жауапты болғандықтан, бұл процедура компьютерлік операциялар туралы жазбаларды жүргізуді қажет етпейді.
3. Жұмыс уақыты кезінде компьютерлік залда ең азы компьютерлік департаменттің бір қызметкері болады.
4. Құжаттау жүйесі компьютерлік компания берген материалдардан тұрады – басып шығару форматының жиынтығы және бағдарламалардың шығарылған түрі.
5. Компания бағдарламалық бақылаудың тиімділігін түсінеді, бірақ бұрынғы жүйеден қол бақылауын қалдыруға шешім қабылдады.
6. Компанияның өнімі, түсіру туралы квитанцияны бухгалтерлік есептің негізгі бөліміне жіберетін қоғамдық қоймалардан түсіріледі. Онда шоттарды өңдеу бойынша қызметкер, баптың бағасын енгізеді және әрбір қойма үшін квитанциялардың

номерлерінің ретінің есебін жүргізеді. Бұл қызметкер түсірілген баптар мен олардың бағасына өзгерістерді енгізудің күнделікті ленталарын дайындайды.

7. Жіберілу туралы квитанциялар мен ленталар мәліметтер базасына енгізу және оларды өңдеу үшін компьютерлік бөлімге жіберіледі. Кейінгі жұмыстар компьютерде орындалады. Шығу мәліметтері шоттардың 6 копиясынан және сатылымдарды тіркеудің күнделікті журналынан тұрады. Тіркеудің күнделікті журналы барлық түсірілген баптардың нәтиже соммаларын және оператор ленталармен салыстыратын бағаларын көрсетеді.
8. Барлық шоттардың копиялары, шоттарды өңдеу қызметкеріне қайтады. Ол үш дананы клиентке, бір дананы қоймаға, бір дананы реттеліп номерленген квитанциялар журналында және бір дананы алуға арналған шот регистрлеріндегі ашық файлдар шотына жібереді.

Қажет:

А. Мәліметтер мен ақпарат алмасудың ішкі бақылауының кемшіліктерін және түсіру мен клиенттердің шот-фактуралары жөніндегі квитанцияларды өңдеу бойынша процедураларды сипаттаңыз. Өңдеу бойынша ішкі бақылау мен процедураларды жақсартуға арналған нұсқау беріңіз.

Кемшіліктер	Нұсқаулы жақсартулар

Б. Бақылаудың негізгі бес түрінің және қосымша бақылаудың үш түрінің қайсысы жүйенің әрбір кемшілігіне қолдана алатындығы жөнінде көрсетіңіз.

№8сабақ. Табыс алу циклы және иемдену мен шығыстар

Бұл сабақ барысында сіздер баланс есебінің аудиторлық тексеру тәсілін, пайда алу циклін және иелікке алу мен шығыстар циклдерін зерделейсіздер. Сонымен қатар кассадағы нақты бар ақша қаражаттарына, алу шоттары мен төленуге тиісті шоттарға байланысты аудиторлық рәсімдер де қарастырылады.

Баланстық есеп берудегі таза табысты тексерудің тікелей емес тәсілін сипаттаңыз

- Баланстық тепе-теңдікке сәйкес *Активтер-Міндеттемелер=Капитал* актив пен міндеттемелер сальдосының дұрыс анықталуы соңғы капитал сальдосын дұрыс анықтауға әкеледі. Таза табысты есептеуге байланысты емес операцияларды анықтауға жеңіл болады. Операцияларды тексерумен қоса (таза табыстан басқа), капиталға әсер ететін активтер мен міндеттемелерді тексеру кезең бойындағы шығыс пен таза табысты растауды қамтамасыз етеді.
- Бұған қоса, баланстық есепте шоттардың тексерілуі, қаржылық-шаруашылық қызметіндегі нәтижелер сәйкес есеп шоттарында аудиторға сенімділік береді.

Табыс алу циклына қатысты, негізгі операцияларды сипаттаңыз

- Табыс алу циклына қатысты қызмет мыналарды қамтиды:
 - ✓ Тапсырыстарды қабылдау
 - ✓ Несие беру
 - ✓ Тауарды жеткізу мен қызмет көрсету
 - ✓ Тұтынушыларға есепшотты ұсыну мен сату есебі
 - ✓ Ақша түсімінің есебі мен алынуы
 - ✓ Сатылған тауарлардың қайтарылу мен сату жеңілдіктерінің есебі
 - ✓ Үмітсіз алыну шоттарын есептен шығару
 - ✓ Күмәнді берешектерді растау
 - ✓ Банк көшірмесі мен субъектінің алу есеп шоттар кітабының салыстырма тексерісі

Табыс алу циклындағы жауапкершіліктің функционалдық түрлерін сипаттаңыз және оларды бөлу принципін түсіндіріңіз

- Төменде бөлінуге тиісті жауапкершіліктің негізгі түрлерінің тізімі берілген:
 - ✓ Несие берудің рұқсат функциясы жүзеге асыру функциясынан ажыратылуы керек;
 - ✓ Ақша түсімдерінің сақталуына жауап беретін кассир функциялары, сатудан түскен табысты үлестіру функциясынан және алынуға тиісті шоттар есебінің журналында тіркелетін алыну шоттарынан ажыратылуы тиіс;
 - ✓ Сатудан түскен табыс есебінің жүргізілуі, ақша қаражаттарының түсуінен бөлек жүргізілуі қажет;

- ✓ Ақшалай емес несиелердің есебі, ақша қаражаттарының сақталу функциясынан бөлек жүргізілуі қажет;
- ✓ Ақша қаражаттары түсімінің есебі және сақталуы, банктік тіркеу жазуларының салыстыру функциясынан бөлек жүргізілуі қажет.

Табыс табудың циклы үшін аудиторлық дәлелдеу көздерін атап өтіңіздер:

- ✓ Клиенттердің тапсырысы;
- ✓ Клиенттердің тапсырысын орындауға рұқсат;
- ✓ Тауарды жеткізу құжаттары;
- ✓ Өткізу бойынша үстемешоттар;
- ✓ Сату есебінің журналы және сату бойынша жалпы есеп беру;
- ✓ Несие беру құжаттары;
- ✓ Ақша қаражаттарының аударымын растайтын құжаттар;
- ✓ Прайс-парақтар;
- ✓ Ақша қаражаттары түсімінің есеп журналы;
- ✓ Алынуға тиісті барлық шоттардың соммасы бойынша бас кітаптың негізгі есебі;
- ✓ Пайда болу мерзіміне алынғал тиісті шот сальдоларын орналастыру тізімі;
- ✓ Ай сайынғы есеп берулер;
- ✓ Алынуға тиісті шоттардың салыстырылуы;
- ✓ Субъекттің есеп жазуларының банктің есеп беруімен салыстырылуы;
- ✓ Қарастырылуға жататын тапсырыстар;

Табыс табу циклын бақылауының негізгі принциптерін түсіндіріңіз

- Табыс табу циклын бақылауының негізгі принциптеріне мыналар жатады:
 - ✓ Сәйкес міндеттерді бөлу
 - ✓ Жұмыскерлерді ұжымдастыратын
 - ✓ Тексеру мен салыстыру рәсімдері
 - ✓ Операцияны жасауға сәйкес рұқсат
 - ✓ Сәйкесінше құжаттар мен есеп жазулары

Табыс табу циклы контекстінде бақылау бағыттарын сипаттап беріңіз

- ✓ Сатудан түскен табыс есебі шынайы және сәйкес құжаттарды иемденеді
- ✓ Барлық шынайы сатудан түскен табыс және барлық түскен ақша қаражаттары ескерілген
- ✓ Сатуға жәнешоттарды есептен шығаруға рұқсат алынған
- ✓ Барлық төлем құжаттары дәл құрастырылған
- ✓ Өткізу бойынша операциялар тиісті үлгімен жүйелендірілген
- ✓ Сатудан түскен табыс есебі сәйкестендірілген

✓ Сатудан түскен табыс және ақша қаражаттарының түсімі сәйкес кезеңде ескерілген

Сатудан түскен табысқа, алынуға тиісті шоттарға, ақша қаражаттарының түсіміне байланысты, сұрақтар жинағына кіретін бақылау бағыттары сұрақтарының мысалдарын келтіріңіз

✓ Ішкі бақылау туралы сұрақ жинағы, осы циклға қатысатын шоттарға байланысты әр дәлелдемеге сәйкес бақылау дәрежесін анықтау үшін жасалуы керек.

✓ Сатудан түскен табыс, алынуға тиісті шоттар және ақша қаражаттарының түсімдері туралы ішкі бақылау туралы сұрақ жинағының мысалы «Ішкі бақылау» сабағында қарастырылған.

Ақша қаражаттарының түсімін бақылау үшін қажет, субъект қызметінің ақпарат алуының түрін көрсетіңіз

■ Аудитор кассадағы бар қаражат көлемі туралы, субъекттің банктегі шоттары туралы, чектерге қол қоятын жауапты тұлғалары туралы, т. с. с. туралы ақпарат алуы қажет. Бұл ақпарат аудиторға, баланстық есеп беруде көрсетілген ақша қаражаттарының сальдосына байланысты барлық қатысты қауіпке баға беруге және ақша төлемдері мен ақша қаражаттарының сақталуын жүзеге асыратын бақылауға баға беруге көмектеседі.

Ақша қаражаттарының сальдосын аудиторлық тексеруде қолданылатын талдау типтерін сипаттаңыз

■ Көбіне талдау өткен жыл мен ағымдағы жыл сальдоларының салыстыруларымен және операцияларды бақылау мен ерекше баптардың банктік есеп берулерімен шектеледі.

Ақша қаражат сальдосына қатысты жасалған негізгі дәлелдемелерге анықтама беріңіз және осы дәлелдемелерді растау үшін қолданылатын нақты іс әрекеттерді сипаттап беріңіз

■ Аудитордың ең қызуғышылық тудыратын объектісі болып банк есебіндегі сальдо болып табылады және субъект банкирлерінен алынған дәлелдемелер көмегімен анықталады. Кассадағы бар ақша қаражаттары баланстық есеп беру күндері аудитормен саналған болуы тиіс. Көбіне меншік құқығы бар болғанда долбарылады. Басты проблема мынада: ақша қаражаттары шет елдің валютасымен берілген кезде, баға берудің қажеттілігі қандау.

■ Солайша аудитор сәкес анықталулар бар екеніне көз жеткізу қажет, әсіресе субъекттің әр түрлі ақша қаражаттарының қорларыда шектеулер бар болғанда.

Ақша қаражаттары қорларына қатысты кейбір нақты аудиторлық процедураларға мысал келтіріңіз

- Ең басты аудиторлық процедура болып, ақша қаражаттарының қорларына жататын банкирлерінен алынған және банктік есептерінің сальдосының дәлелдемелері болып табылады. Аудитор жыл аяғында банктік есептер құрамындағы баптарды тексереді.

- Егер субъектінің біраз мөлшерде ақша қаражаттары бар болса, онда аудитор жыл өтуіне байланысты немесе жыл аяғында есепті қайта санауы мүмкін.

Алынатын шоттар бойынша есептерді тексеруге қажетті субъект қызметінің ақпараттандырылу типін көрсетіңіз

- Субъектінің қызметі жайлы ақпараттадырылу аудиторға алынатын есептерді бағалауға көмектеседі. Бұл ақпараттандырылуға кепілдік қызметті көрсету тәжіребесі мен сатуларды қайтарудың деректері және т.б. жатады.

- Субъектінің қызметі жайлы ақпараттандырылу солайша бар анықтамалардың шындығына сенімділік болуына байланысты тараптарды анықтауға көмектеседі.

Есептерді алуы үшін аудиторлық тексерулерді қолданылатын анализ түрлерін жазыңыз

- Аудитордың талдауына сату көлеміндегі өзгерістер мен кіріс қойылымдарының өзгерісі, алынатын есеп сальдосының пайда болу уақыты мен тарату тізімі, күмәнді есептердің резервін қарау. Мұндай қарау қатынастардың есептелуін және өткен периодтармен салыстыруын қосады.

Алыну бойынша шоттарға қатысты жасалған ең маңызды дәлелдемелерді атап өтіңіз және бұл дәлелдемелерді растауда қолданылатын нақты аудиторлық процедураларды сипаттаңыз

- Алыну бойынша шоттардың бар болуы сатып алушының растауларынан тексеріледі. Алынуға тиісті дебиторлық берешекті есептеу үшін дәлелдеулер плюс алыну бойынша шоттардың пайда болу мерзімдерін тестілеу, жыл біткен соң ақша қаражаттарының түсімдерін қайта қарау, жеңілдіктер мен кепілдіктер, сатылған өнімдердің қайтарылғандарының қорын қайта қарау, күмәнді шоттар бойынша қорлардың құрылуының шындығын қарау керек.

Алынуға тиісті шоттарды тексеру үшін нақты кейбір аудиторлық іс әрекеттерге мысал келтіріңіз.

- Нақты аудиторлық іс әрекеттерге құрылу мерзімі бойынша алыну шоттарының сальдо тізімін орналастыру, сатып алушылардан алыну шоттарының расталуы мен жыл аяқталғанда пайда болған ақша түсімдерін қарау жатады.

Алыну шоттарына қатысты растау түрлерін және олардың дәлелдеулерінің сенімділігін сипаттаңыз

- Оң растау тұтынушыдан оң немесе теріс болуына қарамастан міндетті түрде жауапты талап етеді. Бұндай растаулар баланста жазылғандай шоттардың сол соммада расында бар екенін растайтын елеулі дәлелдеме.
- Теріс растаулар тек қана егер берешек көлеміне қатысты келіспеушіліктер бар болса талап етіледі. Олар көбінесе оң растауларға қарағанда сенімділігі төмен деп қарастырылады.

Иемдену мен шығындану циклдерінің бухгалтерлік шоттарын және негізгі операцияларын сипаттаңыз

- Иемдену және шығындану циклының қызметі көбіне өзіне мыналарды қосады:
 - ✓ Сатып алуға тапсырыс
 - ✓ Сатып алуға рұқсат
 - ✓ Сатып алуға өтінім жазулары
 - ✓ Тауарларды қабылдау мен қызметтерді тұтыну
 - ✓ Жеткізушінің түбіртегін растау мен алу
 - ✓ Криторлық берешектер есебі
 - ✓ Төлемдердің санкциялануы
 - ✓ Чектердің жазылуы
 - ✓ Субъект төлем шоттарының есеп кітабы мен банктік деректермен салыстыру
- Иемдену мен шығындану шоттарының негізгісі, ТМҚ есептеудің уақытша шоттары және шығын шоттары, кредиторлық берешек шоттры мен ақша құралдарының шоттары болып табылады.

Иемдену мен шығындану циклының фуункционалдық жауапкершілік түрлерін сипаттаңыз және олардың бөліну принциптерін түсіндіріңіз

- Төменде бөлінуге тиісті негізгі жауапкершілік түрлерінің тізімі берілген:
 - ✓ Сатып алуға рұқсат функциясы, сатып алу функциясының өзінен бөлек жүргізілуі қажет
 - ✓ Чектерге қол қою жауапкершілігі, төлемдерді жүзеге асыруға рұқсатының жауапкершілігінен бөлек жүргізілуі қажет
 - ✓ Ақшалай емес төлем шоттардың дебеттелуіне рұқсат, чектерге қол қоюдан бөлек жүргізіледі
 - ✓ Ақша қаражаттарының есебі, банктік есеп жазуларын сәйкестендіруден бөлек жүргізілуі қажет

Иемдену және шығындану циклдарының аудиторлық тексерулердің көздерін атап өтіңіз

- ✓ Сатып алуға берілген тапсырыстын орындалмауы
- ✓ Алыну бойынша мерзімінде хабарланбаған келіспеушілік
- ✓ Жеткізушілердің мерзімдері бойынша шот фактурасының келіспеушілігі

- ✓ Төлену шоттар сальдосының тізімі
- ✓ ТМҚ тізімі
- ✓ Қорлану есебінің кітабы
- ✓ Негізгі қорлар жқніндегі есеп
- ✓ Ақша төлемдері жөніндегі есеп\
- ✓ Банктік есеп берулер
- ✓ Жеткізушілердің түбіртектері
- ✓ Жеткізушілердің есеп берулері
- ✓ Төленген чектер
- ✓ Банктік салыстырулар

Иемдену мен шығындану циклдерінің бақылауының негізгі принциптерін түсіндіріңіз

■ Шығындану мен иемдену циклдерінің негізгі бақылау принциптері болып:

- ✓ Сәйкесінше қызметтердің бөлінуі
- ✓ Қызметкерлерді жұмылдыратын бірлік
- ✓ ТМҚ сияқты активтердің физикалық сақталуы
- ✓ Тексеру мен салыстыру процедуралары
- ✓ Іс әрекетерді орындау үшін сәйкес рұқсаттар
- ✓ Сәйкес құжаттар мен есеп жазулары

Иемдену мен шығындану циклдерінің контекстіндегі бақылау бағыттарын сипаттаңыз

- ✓ Есеп жазулары шын және сәйкес құжаттары бар
- ✓ Барлық шын сатып алулар мен барлық ақша төлемдері ескерілген
- ✓ Сатып алуларға рұқсат алынған
- ✓ Сатып алуға барлық ұсыныстар дәл құрастырылған
- ✓ Сатып алулар бойынша операциялар дұрыс түрлендірілген
- ✓ Қорлану есебі сәйкестендірілген
- ✓ Қорланулар сәйкес кезеңде ескерілген

Қорлануға, төлену шоттары, ақша төлемдері мен негізгі қорларға қатысты, бақылау бағыттары туралы сұрақ кітапшасына кіретін сұрақтардың мысалдарын келтіріңіз

■ Қорлануға, төлену шоттары, ақша төлемдері мен негізгі қорлардың ішкі бақылау сұрақтары төменде қарастырылған

Ішкі бақылау сұрақжинағы: сатып алулар мен кредиторлық берешектер

Шарт

1. Тіеу бөлімі мен қабылдау бөлімі, сатып алу бөлімі мен бухгалтерия оқшауланған ба?
2. Қоймашыларға жеткізулердің төлнұсқалары жіберіледі ме? Сатып алу бөлімне ше? Бухгалтерияға?

Шындық

3. Міндеттемерді ескеруге дейін жеткізуге тапсырыс пен жеткізушілердің шот фактурасы және жеткізу туралы есеп берумен салыстырылады ма?

Толықтылық

4. Жеткізуге ұсыныс бланктері нөмірленген бе және құжаттардың жоғалуын болдырмас үшін нөмірлерді бақылайды ма?
5. Жеткізу бойынша есеп беруде осы орындалады ма?
6. Кредиторлық берешек бөлімі жеткізушілерге қайтап берілген тауарларды ескере ме?
7. Жеткізуден кейін жеткізушілердің шот фактурасы тізімге кіргізіле ме?
8. Жеткізу бойынша сәйкестендірілмеген есепті дәлдікке қайта оқып қарайды ма?

Рұқсат

9. Бәсекелес тауарлардың каталог баптары бойынша қаралып түсіріледі ме?
10. Барлық тауарлар көрсетілген талаптарға сай сатып алынады ма?
11. Әрдайым сатып алулар кезінде, қызметкерлерге рұқсат етілген сатып алулар жүргізіледі ме?
12. Жауапты тұлға сатып алу бағасын орнатады ма?
13. Барлық сатып алулар, сатып алу бөлімімен келісілген бе?
14. Жеткізушілерге қайтарылған тауарларды тіеу туралы құжаттар дайындалып бекітеді ма?
15. Жауапты тұлға төлеу шот фактурасын бекітеді ма?

Дәлдік

16. Сатып алу бөліміне тәуелсіз, тауарларды қабылдайтын персонал қабылдау кезінде жеткізілген тауарлардың мөлшері мен сапасын анықтайды ма?
17. Жеткізушілердің ай сайынғы есеп беруі олардың кредиторлық берешектерімен сәйкестендіріледі ме?
18. Кредиторлық берешек бөлімінде жеткізуге ұсыныс шот фактурасы және мерзімдер, бағалар, мөлшеріне сәйкес жеткізу есебі бақыланады ма?

Жіктелуі

19. Сатып алу есебінде дебеттік жазулардың жіктелуінде, есеп инструкциясында басқаруда және шот жоспарларында берілген бе?

Есеп беру

20. Бас кітапта бақылау шоты мен көмекші журналдағы мерзімдік кредиторлық берешектер салыстырыла ма?

Мерзімділік

21. Тауарды алу мерзіміне төлену шоттары мен сатып алу жазулары датасы, есеп инструкциясы басқаруда берілген бе?

Есептелген міндеттемелер мен бақылауға қажет төлем шоттарының субъект қызметіндегі ақпараттандырылу неге қажет екенің түсіндіріңіз

▪ Субъект қызметіндегі ақпараттандырылу, аудиторға есептелмеген мүмкін болатын міндеттемелерді анықтауға көмектеседі (сатып алулар мен төлеу шоттарын тексеру кезіндегі аудитордың алдында тұрған жоғары риск). Субъектке негізгі жеткізушілерді білу, субъекттің іскерлік жоспарлары мен қызмет тенденциясында ескерілмеген сатып алулар мен тасырыс бойынша міндеттемелерді анықтауда көмектеседі.

Төлену шоттары мен есептелген міндеттемелерді аудиторлық тексеруде қолданатын талдау түрлерін сипаттаңыз

▪ Аудитор көбіне елеулі жеткізуші алдында ағымдағы міндеттеме сальдосын өткен кезеңдегі сальдомен сәйкестендіріді және пайда ставкасының міндеттілігі мен сатып алулар міндеттемесіне қатысын тексереді. Тексерілген қатыстықтың қалыптылығы, аудиторға барлық міндеттемелер ескерілгендігі туралы сенімдік береді.

▪ Шығын шоттарының қайта қаралуы солайша еңбекақы төмелі мен ұқсас шығындар сияқты баптар үшін есептелген міндеттемелердің растығын анықтауға мүмкіндік береді.

Есептелген міндеттемелер мен төлеу шоттарына қатысты жасалған ең негізгі дәлелдемелерге анықтама беріңіз, және бұл дәлелдемелерді растауда қолданылатын нақты іс әрекеттер мінездерін сипаттаңыз.

▪ Ағымдағы міндеттемелерге қатысты толықтылық ең басты елеулі дәлелдеме. Толықтылықты қамтамасыз ету үшін аудитор ескерілмеген міндеттемелерді анықтауға тырысады. Аудитор солайша жеткізушілерден растауды талап етуі мүмкін.

▪ Гарантия сияқты есептелген міндеттемелер есебі, оларды есептеуде қолданатын әдістерді қарау жүзінде және олардың сальдоларының өткен кезең сальдосымен сәйкестендіру кезінде және статистикамен дәлелденуі мүмкін.

▪ Төлену шоттарының және есептелген міндеттемелердің бар болуы тек қана егер, аудитор субъект міндеттемелердің асырылуына мүдделі болғанын анықтаса ғана елеулі дәлелдеме ретінде қарастырады.

Төлену шоттары мен есептелген міндеттемелерге қатысты, кейбір нақты аудиторлық іс әрекеттерге мысал келтіріңіз

▪ Нақты іс әрекеттерге жеткізушілерден алынған міндеттемелер сальдосын жатқызуға болады. Олар солайша өзіне, есептелмеген міндеттемелерді жеткізушілердің келісілмеген есетері мен түбіртектерінің сатып алу

тапсырыстарын қарау жолын, және жыл аяқтағаннан кейін жүзеге асырылған төлемдерді қарауды қосады.

▪ Сонымен қатар аудитор есептелген міндеттемелердің шындығына есеп беріп, олардың сальдосын өткен кезең сальдосымен сәйкестендіреді.

8 сабаққа шолу сұрақтары

С 8.1.

Мысалы сіз субъекттің алыну шоттарының таңдауын жасап, алыну шот сальдоларына әсер ететін бухгалтерлік шоттарға жеткілікті дәлелдемелер тапқыңыз келеді. Барлық дебеттік соммаларына дәлелдемелер алу үшін қайда үндейсіз? Не тапқыңыз келеді? Барлық кредиттік соммаларды дәлелдеу үшін қайда үндейсіз? Не тапқыңыз келеді?

С 8.2.

Табыс табу циклын тексеруде қандай шоттар қатысады?

С 8.3.

Ақша қаражаттарын есептеу мен табыс табу циклының бақылау структурасында қандай нақты бақылау (міндеттемелер бөлімшесені қосымша) іс әрекеттері болуы қажет?

С 8.4.

Төлену шоттары мен алыну шоттарының арасындағы дәлелдеу тәсілдерінің айырмашылығын түсіндіріңіз.

С 8.5.

Неге нақты бақылауда акцент активтерді тексеруінде сияқты міндеттемелердің бар болуына емес ал олардың толық бекітілуіне жасалған?

8 сабаққа арналған бақылау тапсырмалары

Б 8.1.

Өнер қоғамында тұрғындардың мәдени дамуына арналған мұражай бар. Мұражайдың жұмыс уақыты кезінде 2 қызметкер кіре берісте бұл қоғамның мүшелері болып табылмайтындардан кіру үшін 5 доллар мөлшерінде төлем жинайды. Өнер қоғамының мүшелеріне тегін кіру мүшелердің карточкасын көрсеткен кезде рұқсат беріледі.

Күннің соңында қызметкерлердің біреуі табысты кассирге жібереді. Кассир барлық табысты қызметкердің көзінше санайды да, оны сейфқа салады. Әр жұма сайын түскен кейін кассир және қызметкердің бірі ақша қаражатының барлық сомасын банкке жібереді де, депозитті енгізгені туралы бланкті

алады, ол ақшалардың түсуі туралы журналдағы жеті сайынғы проводкалардың негізі болып табылады.

Өнер қоғамының директорлар кеңесінің шешімі бойынша кіру төлемдерді жинау кезіндегі ішкі бақылауды күшейту керек екендігін айтты. Кеңес турникетті немесе билеттерді сатуға арналған арнайы будкаларды орнату бұдан алатын пайдаға қарағанда артатындығын анықтады. Бірақ кеңес бақылаудың жалпы жүйесін жақсартуға арналған барлық талпыныстардың бөлігінің құраушысы - кіру билеттерін сату деп келісті.

Өнер қоғамының директорлар кеңесі Сагит мырзаны кіру үшін арналған төлемдерді жинауға деген ішкі бақылауды қарастыруға және басшылыққа өзінің ұсыныстарын ұсынуға рұқсат сұралы.

Қажет: Кіру үшін арналған төлемдерді жинау қатысына байланысты ішкі бақылаудың кемшіліктерін анықтау, Сагит мырзаға әлсіз жақтарды жоюдың жолын анықтау үшін қажет.

Төмендегі мысалға сәйкес жауапты беріңіз:

Әлсіз жақ	Нұсқау
1.Кіруге төлеген тұлғалардың саны бойынша құжаттауды құруға арналған негіздің болмауы	1.Кіруге арналған төлемдер кезінде алдын – ала нөмірленген кіру билеттерін беру қажет

Б 8.2.

«Ока өзенінің ресурстарын басқару» - Ока өзенінің бассейніндегі суды қорғау мен сақтау, бақылау мақсатында құрылған мемлекеттік құрал, сонымен қатар гидгоэнергия, иррегация, ағын бойындағы жерді сақтау және қорғау үшін судың ағының реттеу.

Басқарудың директорлар кеңесі бізді 1990 жылдың 30 маусымында аяқталған кезеннің аудитін өткізу үшін таңдады. Аралық жұмыс наурызда аяқталды және компанияның негізгі қызметінің және ішкі бақылаудың тестілерін өткізгендегі процедураларды қарастырғанда келесілер анықталды.

1. Басшылықта негізгі офистета негізгі офистен 300 км радиуста орналасқан 3 филиал бар, олардың әрқайсысы қызметті өз ауданында жүзеге асырады. Филиалдардың атқаратын қызметіне: электростанцияларға қызмет көрсету, счетчиктердің көрсеткіштерін алу, шоттарды жазу, клиенттердің регистрлерін жүргізу, дебиторлық берешектерді жинау және негізгі кітаптын шотына арналған негізгі офистің бухгалтериясына берілетін әр түрлі ағымдағы есептілікті әзірлеу жатады.

2. Басшылық жауапты қызметкерлердің бақылауында болатын әр түрлі бөлімдерден тұрады, және олар келесі қызметтерді атқарады: (а) счетчиктерді орнату, (ә) счетчик көрсеткіштерін алу, (б) шоттарды жазу және оларды дебиторлық берешек регистрінде көрсету, (в) ақша қаражаттарын жинау, (г) несиелерді қабылдау және несиелермен одан кейінгі жұмыс, (ғ) бухгалтерлік есеп.

3. Негізгі офистің бухгалтериясының қызметкерлері ішкі аудиттің қызметін атқарады және әр филиалда кем дегенде 2 жылда 1 рет аудитті жүргізеді. Ішкі аудиттер жалпы болып келеді, бірақ банктік қалдықтар немесе өтелмеген міндеттемелерді алуға арналған шоттардың расталуы кірмейді.

4. Көтерме тарифтер және ірі коммерциялық немесе өндірістік клиенттерге электроэнергияны өткізген кезде клиенттермен келісімдермен анықталған шоттар бойынша жазылады. Ирригацияға арналған суды өткізу келісіммен анықталған тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

5. Қаржылық – шаруашылық қызметтің нәтижесінің есептілігіне сәйкес қызмет көрсетілетін клиенттердің саны: көтерме өткізу (сату) – 50, тұрғындарға бөлшек сату - 9000, бөлшек-коммерциялық -1600 және суды тұтынушылар -150.

6. Келісім шарттарына сәйкес иррегациялық суға деген келісімдерден табыс актілерге деген стандартты тарифке негізделген және сәір мен қыркүйек аралығындағы ауыл шаруашылық кезең бойына тұтынған судың көлеміне тәуелді емес. Басшылық табысты ай сайын есептеу және ауыл шаруашылық кезең сонында шоттарды фермерлерге ұсынады.

7. Басшылық электроэнергияның барлық тұтынушыларына электросчетчиктерді орнатқанға дейін депозиттерді енгізу қажет деп санайды. Тұғындар депозитті 5\$ мөлшерінде енгізу қажет, ал тұтынушыларға деген дипозиттер 5\$ мен 100\$ арасында болады. Үмітсіз берешек – соңғы жылдары дипозитті есептегеннен кейін минимумға келетін қатысты емес берешек.

8. Қаржылық шаруашылық қызметінің нәтижесіндегі есеп беруде табыстан ескерілуінде қолданылатын, сатылған киловат – сағаттың жалпы мөлшері сол классификацияны қолданылуымен ескеріледі.

9. Алынуға тиісті шоттар негізінде әр ай сайын төленіп отырады

10. Активтердің сақталуын қамтамасыз етуінде немесе операцияларды ескеруде ішкі бақылау бойынша біздің жұмысымыз барысында ешқандай елеулі заңсыздықтар табылған жоқ.

Б 8.3.

«Пеликан» компаниясының аудиті кезеңде біліктілігі жоқ аудитормен келесі жағдайлар анықталған жоқ:

1. Клиенттің дебиторлық берешегінің уақыты бойынша, қалыптастыру кестесіндегі уақыты бойынша кейбір шоттар дұрыс қалыптастырылмаған
2. Дебиторлық берешектің айналым коэффициенті күтілген нәтижеден едәуір төмен болып шықты
3. Тиелмеген тауарларға чектер жазылған
4. Жыл соындығы бірнеше сатылулар басқа есепті кезеңде ескерілген
5. Кейбір сатылулардың соммалары дұрыс көрсетіліп, бірақ дебиторлық берешек регистрінде басқа клиенттің шоттарына жазылып кеткен
6. Үмітсіз берешек резерв соммалары төмендетіліп кеткен
7. Кейбір сатылымдардың қате соммасы есепке алынып жазылған
8. Дебиторлық берешек регистрінде қорытындылар жүргізілгенде арифметикалық қателер жіберілген
9. Мерзім балансындағы өткізуден ескерілмеген сомма келесі айда алынған
10. Бірнеше өтірік сатылулар ескерілген
11. Клиенттің несиелен қамтамасыз етуге арналған кейбір кепілдік шоттары бухгалтерлік баланста көрсетілмеген
12. Жыл соында алынған ақша қаражаттарының бөлігі, басқа есепті кезеңде ескерілген

Талап етіледі:

А. Әрбір қатені анықтауға мүмкіндік беретін нақты тесттерді анықтау

Ә. А пунктінде көрсетілген әрбір нақты тест үшін аудитордың шот сальдосына қатысты талаптарын анықтаңыз.

Б. Нақты алынған тест үшін (физикалық, дәлелдемелер, математикалық, ауызша және аналитикалық) дәлелдемелер түрін көрсетіңіз

(Әрбір бөлімге кестенің бір тізбек форматын қолданыңыз)

Иемдену және шығындану циклдері

Б 8.4.

Компания басшылары заводта сатып алынған бөлшектер үшін төленген ақша қаражаттарының ішкі бақылау жүйесінің бақылауын жүргізуге үндеді. Ақша қаражаттарының төлемдері заводтарда өңделіп дайындалған ақша құжаттарының ақтаулары негізінде компанияның орталықтандырылған бас офистерінде өңделеді. Әр завод бөлшектерді өз мұқтажықтарына сатып алады.

Басшылардың үндеуіне жауап ретінде заводта жасалған бөлшектер үшін төленген ақша қаражаттарының ішкі бақылау жүйесіне шолу жоспарланған. Келісімшартты жоспарлаудың алғы шарты ретінде, әрбір менеджерге жазбаша түрде бөлшектерді сатудағы ақша төлемдерінің ақтау құжаттары туралы баяндауды өтінді. Төменде осы баяндаудың үзінділері келтірілген:

1. Сатып алу бөлімі склад басшысы берген тапсырыстар негізінде жұмыс істейді.
2. Тапсырыстар алдын ала нөмірленген иемдену тапсырыс бланктерде құрастырылады.
3. Иемдену тапсырысының төлнұсқасы толық толтырылған реквизиттермен алу бөліміне жіберіледі.
4. Тауарлар алынған кезде, алу бөлімі иемдену тапсырыс төлнұсқаларына «заказ получен» деген мөр қойып жеткізуді бекітеді де тапсырысты кредиторлық берешек бөліміне жібереді.
5. Иемденуге ұсыныстар, белгіленген ұсыныстардың төлнұсқасы және жеткізушілердің шот фактурасы төлену шоттарымен сәйкестендіріледі.
6. Жеткізушілердің дәл толтырылған шот фактурасы кредиторлық берешек бөлімінің қызметкерлерімен тексеріледі.
7. Төлем бойынша ақталған алдын ала нөмірленген ақша құжаттары дайындалады және растайтын құжаттармен бірге заводтын бас бухгалтеріне жіберіледі.
8. Растайтын құжаттар сақтау үшін кредиторлық берешек бөліміне қайтарылады, ал бекітілген ақталған ақша құжаттары төлем үшін корпорацияның бас офисіне жіберіледі.
9. Корпорацияның бас офисімен берілген чек тізімдерімен есе берулер, кредиторлық берешек бөліміне сақтау үшін жіберіледі.

Талап етіледі:

Әрбір жоғарыда көрсетілген төлем бойынша процедураларды, жақсы ішкі бақылау жүйесіне сай келе ме және қандай тәсілде ішкі бақылау процедурасы әлсіретеді және нығайтады. Мысалы:

Сәйкес келеді немесе сәйкес келмейді	Әлсіретеді немесе нығайтады
Сәйкес келеді	Сатып алуға тапсырыстар заң жүзінде сатып алу санкциясын қамтамасыз етеді

Б 8.5.

«Халық» өндірістік компаниясы, соңғы екі жылда өз күшін көбейтті. Осы компанияның 1999 жыл 31 мамыр кезенімен аяқталған бақылау нәтижелеріне жүгінсек, сіздер ішкі бақылаудың кейбір анықталған әлсіз жақтарын басшылыққа көрсететіндеу ішкі бақылау бойынша меморандум шығардыңыз.

«Халық» компаниясының бас бухгалтері, бірнеше жыл бойы істеп келе жатқан ішкі бақылау жүйесі үшін компания өте үлкен болып кеткенімен келісіп, сізден бақылау түріне байланысты кеңес сұрады.

Талап етіледі:

А. Әр ішкі бақылау жүйесіндегі сіз тапқыңыз келетін негізгі қызметтерді бөлу туралы бас бухгалтерге ақпарат беріңіз және өз түсіндірменізді жазыңыз.

В. «Халық» компаниясының тауарлы кредиттік жүйесінің және келесі иемдену функцияларында тапқыңыз келген ішкі бақылау жүйесіндегі негізгі тетіктері жайында оған кеңес беріңіз.

a. Сатып алу

b. Тауарларды қабылдау

c. Қорлану есебі

Б 8.6.

Семенов – «Заря» корпорациясының аудиторы. Семенов ағымдағы жыл келісіміне сәйкес кредиторлық берешекке қатысты орындалуға тиісті аудиторлық жұмыс сұрақтарын қарастырып жатыр.

Өткен жыл құжаттары «Заря» корпорациясының мындаған жеткізушілерінен 100не растау сұраныстары қайтіп жіберілгені туралы пайымдайды. Ақшалай түрдегі көп мөлшердегі қалдық шоттарын тандау мақсатында, Семенов жүргізген тандау негізіндегі тандалған жеткізушілер болды. «Заря» корпорациясы мен Семеновтың, растау тапсырыстарына жауап пен бухгалтерлік есеп берудегі айырмашылық сұрақтарын шешуде көп уақыт кетті. Растау тапсырыстарына жауап бермеген жеткізушілерге альтернативті аудиторлық іс әрекеттер қолданылды.

Талап етіліді:

А. Семенов қолданылатын нақты тесттер анықтауда, қандай кредиторлық берешектердің дәлелдемелерін қарастыру керек екенін анықтаңыз.

В. Семеновтың қай ситуацияда төлену шоттарының дәлелдемелерін қолдану керек екенін анықтаңыз және оларды қолдану қажеттілігі бар ма екенін айтып беріңіз.

С. Растауға төлену шоттарының тандауы негіз ретінде ақшалай түрдегі үлкен мөлшердегі қалдықтарды қолдану рационалды тәсіл болмауы мүмкін бе және қандай рационалды іс әрекеттерді растау үшін төлену шоттарын тандауда қолдануға болады.

Б 8.7.

Деректер «Алмаз» компаниясының есеп шотына қатысты.

1. Балан бойынша есеп шотында ақша қалдығы: 30 қарашаға \$38,500; 31 желтоқсанға \$47,030

2. Банк құжаттарына сәйкес, шоттағы қалдық: 30 қарашаға \$39,580; 31 желтоқсанға \$44,500
3. Жолдағы депозит: 30 қарашаға \$5,200; 31 желтоқсанға \$6,500
4. Төленбеген чектер: 30 қарашаға \$6,300; 31 желтоқсанға \$4,300
5. Банк қызметіне төлем: 30 қарашаға \$20; 31 желтоқсанға \$30. «Алмаз» компаниясы банк қызметіне төлемдерді келесі айда есептейді.
6. Желтоқсандағы ақша төлемдерімен қамтамасыз етілмеген сомма: \$300. «Алмаз» компаниясы хабарламаға ешқандай проводкалар жасаған жоқ. Қантар айында қайта депозит жасалған.
7. Банктік жазуларға сәйкес желтоқсандағы депозиттердің соңғы соммасы: \$247,700
8. Бухгалтерлік баланс бойынша желтоқсан айында алынған ақша құралдары (жолдағы депозиттерді қосқанда): \$250,000
9. Бухгалтерлік балансқа сәйкес желтоқсандағы ақша құралдарының төлемдері: \$241,470

Талап етіледі:

- A. Желтоқсан айына ақша құралдарының дәлелдемелерін дайындаңыз.
- B. Заң бұзушылықтар болды ма? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
- C. 31 желтоқсанға ақша құралдарының дұрыс қалдығы қанша?

Б 8.8.

«Патрисия» компаниясында ақша құралдарының операциясы бойынша ішкі бақылауы әлсіз. Төменде 30 қараша 2000 жылға ақша құралдарының қалпы туралы деректер берілген:

Кассада банкке аударылмаған алынған ақша құралдарымен қоса қалдығы \$18,901.62. Банктік құжаттарға сәйкес \$100 көлемінде алынған кредит компанияның бухгалтерлік кітабында белгіленбеген. Банктік жазуларға сәйкес сальдо \$15,550. Төленбеген чектер: №62 \$116.25 соммасына, №183 \$150 соммасына, №284 \$253.25 соммасына, №8621 \$190.71 соммасына, №8623 \$206.80 соммасына және №8632 \$145.28 соммасына.

Банкке аударылмаған алынған ақша құралдарын \$3.794.41 көлемінде ұрлап келесі сәйкестілікті дайындапты:

Бухгалтерлік кітаптағы қалдық, 30 қараша 19X0		\$18,901.62
Қосу: төленбеген чектер		
8621	\$190.71	
8623	\$206.80	
8632	\$145.28	442.79
		\$19,344.41
Алу: банкке аударылмаған алынған ақша құралдары		<u>3,794.41</u>
30 қарашаға 19X0 банк сальдосынан жазу		\$15,550.00

Есептемеген: ескерілмеген несие	100.00
30 қарашаға 19X0 фактілік ақша құралдарының соммасы	<u>\$15,450.00</u>

Талап етіледі:

А. Кассир қанша ұрлағаның көрсететін жұмыс құжатын дайындау

В. Ұрлауды қалай жасыруға тырысты

С. Тек бар ақпаратты қолданып, компанияда болмаған ішкі аудиттің екі мінездемесін атаңыз.

№9сабақ. ТМҚ және негізгі құралдардың сальдосы, өндірістік цикл, енбекақы циклі және қаржылық-инвестициялық цикл

Осы сабақта сіздер ТМҚ және баланс бойынша негізгі құралдардың сальдо шоттарын аудиторлық тексеру және өндірістік пен қаржылық-инвестициялық циклді тексеру тәсілін өтесіздер.

ТМҚ тексеру үшін қажет субъектінің қызметі туралы хабардар болу түрін көрсетіңіз

- Аудитор мыналар туралы ақпарат алуға міндетті:
- ◆ субъектінің шикізаты мен аяқталған өнімі және ТМҚ жататын бақылау ресімдері туралы;
- ◆ ТМҚ сальдосын арттыру немесе төмендету үшін басшылықтың мүмкінді мотивациясын;
- ◆ ТМҚ ескіруі жағдайында қор құру қажеттілігін бағалау үшін субъект шығаратын өнімнің өмірлік циклін.

ТМҚ сальдосын аудиторлық тексеру үшін қолданатын талдаулардың типтерін сипаттаңыз

- ТМҚ талдауына әдетте жалпы кіріс пен ТМҚ айналымының коэффициентін өткен кезеңдердің коэффициенттерімен және сала бойынша статистикалық берілгендермен салыстыру кіреді. Сонымен бірге аудитор ерекше операциялардың немесе ірі сомаға проводкалардың бар болу мүмкіндігін білу үшін ТМҚ шоттарын қарап шығу керек және проводкалардың өздерін есеп жазбаларған енгізілген ТМҚ санын қолдағы ТМҚ нақты санына сәйкестігін зерттеу қажет.

ТМҚ сальдосына қатысты ең басты пайымдауларға анықтама беріңіз, және осы пайымдауларды мақұлдау үшін қолданатын ресімдерді сипаттаңыз

- Аудитор қоймаға бару, өзі қорларды санап, баланстық құнымен салыстыру арқылы ТМҚ бар болуын белгілейді. Қоймадан тыс ТМҚ мөлшері оны ұстап отырғандармен мақұлдануы тиіс. Кезең соңындағы тестілер (шектеу тестілері) бар болуы мен толықтығын тексеруге көмектеседі. ТМҚ бағалауын тексеру аудиторлық жұмыстың ең күрделі (және ең тәуекелді) облыстарының бірі болып табылады. Бағалау әдістері белгіленуі тиіс және бірінен соң бірі қолданылуы қажет. Сонымен бірге тестілер де ТМҚ өзінің таза сату құнынан жоғары бағаланбайтынына сенімді болу үшін өткізіледі. ТМҚ сальдосын тіркейтін құжаттама ТМҚ меншік құқығын белгілеу үшін қайта қаралуы қажет.

Мәні бойынша ТМҚ қатысты кейбір аудиторлық ресімдердің мысалын келтіріңіз

▪ Мәні бойынша ТМҚ қатысты ең басты аудиторлық ресім – қоймада ТМҚ жылдық инвентаризациясы (физикалық есептеу) кезінде аудитордың қатысуы. Егер қоймада ТМҚ есептеуді бақылау мүмкін емес болса, онда аудитор бақылаудан босатылады.

Аудитор міндетті:

- ♦ Тестілік есептеу (бақылау тексерісін) өткізуге;
- ♦ ТМҚ шоты бойынша жиынтық сомаға барлық ТМҚ саналғаны мен енгізілгеніне сенімді болуға;
- ♦ ТМҚ соңғы сальдосы мен ТМҚ қалпының дұрыстығына сенімді болуға.

▪ Мәні бойынша өзге аудиторлық ресімдерге ТМҚ өз құнының ең аз бағасын немесе МСФО сәйкес сатудың таза құнын тексеру жатады.

ТМҚ тексеру аудиторлық ресімдеріне қатысты аудит стандарттарының талаптарын түсіндіріңіз және ТМҚ физикалық есептеуді бақылауға жататын пункттерге анықтама беріңіз.

▪ Стандарт міндетті түрде ТМҚ инвентаризациясы (қайта есептеу) кезінде аудитордың қатысуын және ТМҚ мөлшерін бағасын және математикалық дәлдігін тестілеу мен жазып алуын талап етеді.

▪ Аудитор дәлелдемелерді зертегеннен кейін шын мәнінде ТМҚ белгілі түрде бар болуында мен субъектінің меншік құқықтарында сенімді болуы керек. Сонымен бірге аудитор хабарланған бағалау әдісі тиісінше мен өткен кезеңге сәйкес кезекті пайдаланып жатқанына сенімді болу қажет.

Шығарылған өнімді тексеру үшін қажет субъектінің қызметі туралы ақпаратты білу типін көсетіңіз

▪ Аудитор бағалау әдістерінің сәйкестік және қолдану кезектілігінің дәрежесін сәйкесінше қарастыру үшін субъектінің бизнесі туралы білуі керек. Бизнесі білу аудиторды ескірген өнім туралы алдын алуы мүмкін.

Шығарылған өнім сальдосын аудиторлық тексеру үшін қолданылатын талдау типтерін сипаттаңыз

▪ ТМҚ кірісі мен айналысы коэффициенттерін талдаумен қатар аудитор уақытша өндірістік шоттарды қарастырады. Олардағы едәуір немесе біркелкі емес ауытқулар шығарылған өнімді бағалауға байланысты белгілі бір мәселелерді көрсетуі мүмкін.

Шығарылған өнімге қатысты ең басты пайымдауларға анықтама беріңіз, және осы пайымдауларды мақұлдау үшін қолданатын ресімдерді сипаттаңыз

▪ Аудитор негізінен ТМҚ бағалау әдісінің тексерісіне мүдделі. Ол қолданылатын бағалау әдісінің мәнін түсініп оны қолданудың кезектілігін қадағалау керек. Аудитор сонымен қатар ТМҚ өз құнының ең азы немесе сату құны бойынша және өткен кезеңдерге сәйкес кезекпен бағаланатынына сенімді болуы керек.

Негізгі құралдарды тексеру үшін қажет субъектінің қызметі туралы ақпаратты білу типін көрсетіңіз

▪ Субъектінің бизнесін білу аудиторға мүмкін болатын сатып алу мен жоюға жататын актив типтерін анықтауға көмектеседі. Бұл білім сонымен бірге жалдау бойынша міндеттерді және инвестициялық сипаттағы міндеттерді қажетті стандартқа сәйкестігін қарастыруға көмектеседі. Субъектінің бизнесін білу аудиторға негізгі құралдардың бизнес үшін құнымен салыстырғанда оның баланстық құнының жоғарлауын анықтауға көмектеседі. Тозуды есептеу мақсатында бұл білім аудиторға негізгі құралдардың қалдық құнын есептеу мен пайдалы қызмет ету мерзімін дұрыс бағалауға көмек беруі мүмкін.

Негізгі құралдарды аудиторлық тексеру үшін қолданылатын талдау типтерін сипаттаңыз

- Негізгі құралдардың талдауына әдетте кіреді:
 - ◆ Ағымды сальдоларды өткен кезеңдегі сальдолармен салыстыру;
 - ◆ Тексеру кезеңіндегі тозудың активтерге арақатынасын өткен кезеңдердегі тозудың активтерге арақатынасымен саыстыру;
 - ◆ Тексеру кезеңіндегі негізгі құралдарды жөндеуге шығындарды өткен кезеңдердегі негізгі құралдарды жөндеуге шығындармен салыстыру;
 - ◆ Капиталдануы тиіс жөндеуге арналған шығындардың баптарын анықтау;
 - ◆ Негізгі жоспарлармен (бюджеттермен) барлық толықтыруларды (жақсаруларды) салыстыру;

Негізгі құралдарға қатысты ең басты пайымдауларға анықтама беріңіз, және осы пайымдауларды мақұлдау үшін қолданатын ресімдерді сипаттаңыз

▪ Аудитор бәрінен гөрі негізгі құралдардың бар болуын, меншік құқығын және бағалауын мақұлдауға мүдделі. Аудитор әдетте жаңадан келген әне шыққан негізгі құралдардың тізімін құрастырады және осы баптардың әр

қайсысын тиісті құжаттармен тіркеуі қажет. Аудитор маңызды құрылыстар (жақсарулар), қосымшалардың инвентаризациясын дербес өткізуі мүмкін. Құжаттамалық дәлелдемелер меншік құқығын белгілеу үшін қарастырылуы қажет.

- Сонымен қатар аудитор стандарт талаптарына сәйкес негізгі құралдарды ашылғанына сенімді болу керек

Мәні бойынша негізгі құралдарға қатысты кейбір аудиторлық ресімдердің мысалын келтіріңіз

- Осы саладағы мәні бойынша типті аудиторлық ресімдерге жатады:
- ◆ Жаңадан түскен және шыққан неізгі құралдарды құжаттармен тіркеу;
- ◆ Активтердің инвентаризациясы;
- ◆ Жалдаудың қажетті есебін бағалау;
- ◆ Шығу кезіндегі тозу мен кірістер/шығындардың есепкеалуын қайта есептеу;
- ◆ МСФО талаптарына сәйкестігін мақұлдау.

Өндіріс циклі мен еңбекақы циклінің негізгі операциялары мен шоттарын сипаттаңыз

- Өндіріс циклінің қызметіне өндірісті жоспарлау, шешу, тауарлар мен қызметтерді өндіру, ТМҚ сақтау, есепке алу, тауарларды жіберу және әр түрлі есепке алу жазбаларын салыстыру жатады
- Еңбекақы циклінің қызметіне персонал туралы жазбаларды жүргізу, хронометраждау, еңбекқыны аудару, аударымдарды мақұлдау, еңбекақыны төлеу, қызметкерлердің еңбекақысынан аудару, заңмен орнатылған есептемелерді ұсыну, төлемдердің есеп жазбаларын және өндіріс жазбаларын салыстыру жатады.
- Өндіріс циклі әсер ететін негізгі шоттарға ТМҚ шоттары (өз өндірісінің жартылай фабрикаттарымен қоса), жүкқұжат шығындары, уақытша өндіріс шоттары, еңбекақы жөніндегі шығындар мен материалдарды сатып алуға шығындар және сатылған өнімнің өзіндік құны жатады.
- Еңбекақы циклі әсер ететін негізгі шоттарға қызметкерлердің еңбекақысы жөніндегі шығындар, қызметкерлерге жәрдемақы төлеу, еңбекақы жөніндегі есептелген міндеттемелер және банктегі шоттар жатады.

Өндіріс циклі мен еңбекақы цикліндегі жауапкершіліктің функционалдық түрлерін сипаттаңыз және олардың бөліну принципін түсіндіріңіз

▪ Рұқсат беру, сақтау және есепке алуға жауапкершілік бөлінуі қажет. Осы қатардағы екі немесе одан да көп міндеттемелерді біріктіру қателер, ауытқулардың және алаяқтық фактілерінің пайда болуына әкеледі.

▪ Еңбекақы цикліндегі төмендегі бес міндеттемелер әр түрлі адамдармен немесе бөлімдермен орындалуы қажет:

- ◆ Әкімшілік және еңбек қарым-қатынастары;
- ◆ Жұмыс істелген уақытты растау;
- ◆ Хронометраж (жұмыс уақытын есепке алу) және өндірістік есепке алу;
- ◆ Еңбекақыны есепке алу;
- ◆ Еңбекақыны беру.

Өндірістік цикл және еңбекақы циклі үшін аудиторлық дәлелдемелердің көздерін атаңыз

▪ Өндірістік цикл шоттары үшін дәлелдеме көздеріне (құжаттарға) сату болжамдары, сатып алу түбіртектері, өндірістік кестелер, материалдарды жеткізуге тапсырыстар, өнімнің өзіндік құны немесе еңбек шығындарының есепке алу жазбалары, уақытша өндірістік шоттарды талдау, ТМҚ есепке алу жазбалары және активтердің амортизациялық кесеттері жатады.

▪ Еңбекақы циклінің шоттары үшін дәлелдеме көздеріне жұмысқа қабылдауға рұқсат беру, жұмыс істелген уақытты есепке алу кестелері, кәсіптік одақтармен келісімдер, қызметкерлердің еңбекақысынан шегерімдерді есепке алу жазбалары, жұмыс күшін талдау, белгіленген есептемелер жатады.

Өндірістік цикл және еңбекақы циклін бақылаудың негізгі принциптерін түсіндіріңіз

▪ Өндірістік цикл және еңбекақы циклін бақылаудың негізгі принциптеріне жатады:

- ◆ Міндеттемелердің тиісінше бөлінуі;
- ◆ Операцияларды орындауға тиісінше рұқсат беруі;
- ◆ Тиісті құжаттар мен есепке алу жазбалары;
- ◆ Салыстырмаларды әзірлеу;
- ◆ Басшылықтың қорытынды құжаттарды қарастыруы.

Өндірістік цикл мен еңбекақы циклі контекстіндегі бақылау бағытын сипаттаңыз

- Осы циклдер үшін бақылау бағыттарына жатады:
 - ♦ Есепке алынған өндірістік операциялар және еңбекақыға байланысты операциялар нақты және олардың тиісінше құжаттары бар;
 - ♦ Өндірістік цикл мен еңбекақы циклінің барлық операциялары есепке алынды;
 - ♦ Өндірістік цикл мен еңбекақы циклінің барлық операцияларына рұқсат алынды;
 - ♦ Өндірістің өзіндік құны мен еңбекақы есептеулері жөніндегі есепке алу жазбалары нақты орындалды;
 - ♦ Еңбекақы және материалдарды сатып алу жөніндегі шығындар дұрыс жіктелді;
 - ♦ Өндірістік есеп және еңбекақы есебі тиісінше;
 - ♦ Өндірістік цикл және еңбекақы циклінің операциялары тиісті кезеңде есепке алынды.

Өндірістік цикл және еңбекақы цикліне қатысты бақылау бағыттары туралы сұрақтар тізіміне кіретін сұрақтардың мысалын келтіріңіз

- Өндірістік цикл және еңбекақы циклінің шоттарын ішкі бақылау туралы сұрақтар тізімінің мысалдары қарастырылды.

Еңбек ақы есептемелерін тексеруге қажет субъектінің қызметі туралы ақпаратты білу типтерін көрсетіңіз

- Аудитор еңбекақыне есептеуге жататын келесі сәттер туралы ақпаратты анықтау керек:
 - ♦ Қызметкерлер саны және еңбекақының жалпы қоры;
 - ♦ Еңбек ақыны төлеу кезеңділігі мен тәсілі;
 - ♦ Сыйақылар, іс сапарлар және т.б. қоса өтемақылар жүйесі;
 - ♦ Уақытша жұмыскерлерді пайдалану дәрежесі;
 - ♦ Ұжымдық шарттың бар болуы және оның жағдайлары;
 - ♦ Еңбек ақыны есептеу жөніндегі үшінші тарапты пайдалану.

Еңбек ақыны есептеуді аудиторлық тексеру үшін қолданылатын талдау типтерін сипаттаңыз

- Еңбек ақы жөніндегі шығындар өткен кезеңдердің бюджеті мен көрсеткіштерімен салыстырылуы қажет. Айдан айға ауытқулар зерттелуі және негізделуі тиіс. Есептелген міндеттемелерді есептеу әдістері қаралуы және есептелген сальдо өткен кезеңдердегі сальдолармен салыстырылуы қажет.

Есептелген еңбек ақыға қатысты ең басты пайымдауларға анықтама беріңіз, және осы пайымдауларды растау үшін қолданатын ресімдерді сипаттаңыз

▪ Аудитор ең бастысы пайымдаулардың нақтылығы, толықтығы және бағалауда мүдделі. Нақтылық персонал және атқарылған жұмыс уақытын есепке алу кестелерімен расталған атқарылған жұмыс сағаттарының мөлшерін есепке алу жазбаларын қадағалау жолымен тексеріледі. Толықтылық қорытынды сальдоларын және есептеулерді тестілеу жолымен тексеріледі. Бағалау ұжымдық келісімдерде немесе жеке контракттарда көрсетілген еңбек ақы ставкаларын қадағалау арқылы тестіленуі қажет.

Қаржылық-инвестициялық циклдің негізгі операциялары мен шоттарын сипаттаңыз

▪ Қаржылық-инвестициялық циклдің қызметіне қаржылық жоспарлау, инвестициялау, заем және заемдерді төлеу жатады.

▪ Инвестициялық циклдің негізгі шоттарына қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді инвестициялар, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді берешектер, инвестициялардан кіріс шоттары, пайыздар жөніндегі шығындар, есептелген пайыздар және қолма-қол ақша жатады.

Қаржылық-инвестициялық циклдегі жауапкершіліктің функционалдық түрлерін сипаттаңыз

▪ Қаржылық-инвестициялық циклде төмендегі міндеттемелер бөлінуі тиіс:

- ◆ Инвестициялау мен заемге рұқсат беру;
- ◆ Инвестицияларды сақтау;
- ◆ Инвестицияларды есепке алу;
- ◆ Кезеңдік салыстырулар.

Қаржылық-инвестициялық цикл үшін аудиторлық дәлелдемелер көздерін атап шығыңыз

▪ Қаржылық-инвестициялық шоттар үшін дәлелдемелер көздеріне (құжаттарға) жатады:

- ◆ Ақша ағымдарының болжамдары;
- ◆ Бюджет;
- ◆ Контрактілер мен келісімдер;
- ◆ Акционерлер тізімі мен акция сертификаттарын тіркеу журналы;
- ◆ Айналымдағы облигациялар мен вексельдер;
- ◆ Бірлескен кәсіпорын мен серіктестік туралы келісімдер;

- ◆ Инвестициялардың сертификаттары;
- ◆ Патенттер және тауар маркалары сияқты материалдық емес активтерді тіркеу құжаттары;
- ◆ Осы цикл шегіндегі қызметке санкция беретін директорлар кеңесінің хаттамалары.

Қаржылық-инвестициялық циклді бақылаудың негізгі принциптерін сипаттаңыз

- Инвестициялық циклді бақылаудың негізгі принциптеріне жатады:
 - ◆ Міндеттемелерді тиісінше бөлу;
 - ◆ Корпоративтік басқарудың тиісінше деңгейі (яғни білім, тәуелсіздік және директорлар кеңесін тарту);
 - ◆ Бағалы қағаздармен операцияларды жасау үшін үшінші тараптың қызметтерін пайдалану.

Қаржылық-инвестициялық цикл контекстіндегі бақылау бағыттарын сипаттаңыз

- Осы циклдер үшін бақылау бағыттарына жатады:
 - ◆ Есепке алынған инвестициялық және қаржылық операциялар нақты және олардың сәйкесінше құжаттамалары бар;
 - ◆ Барлық инвестициялық және қаржылық операциялар есепке алынды;
 - ◆ Инвестициялық және қаржылық операциялар нақты орындалды және есептелді;
 - ◆ Инвестициялық және қаржылық операциялар дұрыс жіктелді;
 - ◆ Инвестициялық және қаржылық операциялардың есепке алынуы сәйкесінше;
 - ◆ Инвестициялық және қаржылық операциялар сәйкесінше кезеңде есепке алынды.

9-САБАҚҚА ШОЛУ СҰРАҚТАРЫ

С 9.1

«Лиза» компаниясының ішкі бақылау ресімдері қазынашылық бөлімінің қызметкерінен еңбек ақы жөніндегі чектерді кезеңдік беруді талап етеді. Бұл қызметкерден чектерін алмаған қызметкерлер оларды қазынашылық бөлімінде ала алады. осындай бақылаудың мақсатын түсіндіріңіз.

С 9.2

«Аудит» мамандығының студенті айтқан мына сөздерге баға беріңіз: «Мен өндірістік есепті түсінбеймін, сондықтан мен аудиторлық компанияда жұмыс

істегім келеді, онда маған тек қаржылық есеп туралы білімдер қажет болады».

С 9.3

Өндірістік циклде қандай негізгі міндеттемелер бөлінуі тиіс?

С 9.4

«Өтемақылық бақылау» дегеніміз не? Қаржылық-инвестициялық цикл шоттары үшін мысал келтіріңіз.

С 9.5

Компания басшылығы байланысқан тараптардың ашылмаған операцияларына тартылған болса, аудитор үшін қандай тәуекел бар.

9-САБАҚҚА БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Б 9.1

«Шторм» компаниясы пластмасса бұйымдарын әзірлеу өндірісінде қолдану үшін әр түрлі химиялық өнімдерді шығарады. Зауыт екі ауысым, аптасына бес рет жұмыс істейді, техникалық қызмет көрсету үшінші ауысымда және қажет болса сенбі сайын жүргізіледі.

Жаңа ішкі аудит бөлімінің персоналы аудит өткізіп, ішкі бақылау жүйесіне қатысты комментарийлер жағымсыз болды. Аудиторлардың комментарийлері ішкі бақылау компоненттері шикізат пен материалдардың қозғалысына жатты.

Шикізатты тікелей зауытта алады, сериялық өндіріс қызметкерлерінің бірі шикізат үшін қол қояды, кейін ол сериялық өндіріс процесінің бастапқы орнының жанында сақталады. Алу туралы биркалар бақылаушыға күн ішінде беріледі, кейін күннің аяғында ол биркаларды ТМҚ бақылау бөліміне тапсырады. ТМҚ бақылау бөлімі нақты өндіріс туралы апта сайынғы есептемелерді және нормативтік формулаларды қолданып, материалдарды тұтынуды есептейді. Инвентаризация тоқсан сайын өткізіледі. Сатып алу туралы тапсырыстарды ТМҚ бақылау бөлімі дайындайды, мұнда тез мерзімді тапсырыстар жиі пайда болады. Тез мерзімді тапсырыстар үшін шикізаттың қажеттілігіне қарамастан, өндіріс меңгерушісі бақылаушыдан ТМҚ-ның артық деңгейі жөніндегі қызметтік жазбаларды тұрақты алып тұрады, ол ТМҚ құрамына кіретін шикізаттың жоғары құнымен түсіндіріледі.

Техникалық қызмет көрсету үшін детальдары қоймада сақталады. Екі ауысымда кладовщик жұмыс істейді. Тапсырыстар қоймадан әр бір зат алынғанда ресемделуі тиіс, алайда бұл шарт әрдайым сақтала бермейді. Қойма кладовщик болмаған кезде құлыпқа жабылмайды, өйткені қоймадан

детальдарды дереу алу керек. Сонымен қатар қойма үшінші ауысым жұмыс істеген уақытта жабылмайды, өйткені техникалық қызмет көрсету бригадасы одан қажетті бөліктерді алады. Сатып алу туралы тапсырыстарды кладовщик әзірлейді. Инвентаризация циклмен өткізіледі. Тез мерзімдік тапсырыстар жиі ресімделеді.

Талап етіледі:

А. «Шторм» компаниясының ішкі бақылау жүйесіндегі (1) ТМҚ элементтері және (2) техникалық қызмет көрсету материалдарына қатысты жеткіліксіздіктерді анықтаңыз.

Б. Осы аспектілерді жақсартуға қатысты ұсыныстар жасаңыз.

Б 9.2

«Жемчужина» компаниясының аудитындағы мәні бойынша ТМҚ сальдосын тестілеуін өткізгенде аудитор Якушев мүмкін болатын келесі әлеуетті ауытқуларды анықтады:

1. ТМҚ-ның барлық баптары есептелмеді немесе белгілінбеді.
2. Клиент ТМҚ қорытындыларында қателер жіберілді.
3. Кезең соңында алынған тауарлар, мүмкін, инвентаризацияға енгізілді, бірақ бухгалтерлік құжаттарда көрсетіледі.
4. Моральдық тозған немесе бұзылған ТМҚ қоймада белгіленбеді.
5. Мүмкін, қоймада деп белгіленген ТМҚ шын мәнінде жоқ.
6. Мүмкін, клиенттің персоналы ТМҚ дұрыс емес санады.
7. Өзіндік құнының ең төмені және нарықтық құн әдісі, мүмкін, дұрыс емес қолданылды.
8. ТМҚ-ға мүмкін, бос контейнерлер (сыйымдылықтар) кіргізілді.
9. Мүмкін, консигнациядағы тауарлар ТМҚ-ға енгізілді.
10. Мүмкін, сатып алу туралы шарттардан залалдар танылмады.

Талап етіледі:

А. Әр қатені табуға көмектесетін мәні бойынша тестілерді анықтау.

Б. Әр тест үшін ол жататын қаржылық есептеменің пайымдауларын көрсетіңіз.

В. Мәні бойынша әр тест нәтижесінде алынған дәлелдемелердің типтерін көрсетіңіз (яғни физикалық, растау, құжаттамалық, жазбаша арыздар, математикалық, ауызша немесе аналитикалық). (Сұрақтарға жауап беру үшін кестенің мына форматын қолданыңыз: әр бөлім үшін бір баған).

Б9.3

Сіз «Лилия» компаниясының 1-ші жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жыл үшін аудитын өткізуге келісім жасастыңыз.

«Лилия» компаниясы 1 жылдың 31 желтоқсанын қоса мерзімге дейін сатып алушыларға жіберген тауарлар қорлар есебінен шығарылды. Инвентаризацияға сәйкес қорлар бухгалтерлік кітаптарда компанияның бас бухгалтерімен көрсетілді. Үздіксіз инвентаризация жөнінде ешқандай жазбалар жүргізілмейді. Барлық сатулар меншік құқығы жүкті түсіру пунктінде берілетіні ескеріліп, жүк түсіру станциясы – ФОБ шарттарында жүргізіледі. Сізге барлық шот-фактуралар дұрыс көрсетілді деп болжау керек.

Төменде сәйкесінше 1-ші жылдың желтоқсаны мен 2-ші жылдың қаңтарында сату журналына енгізілген сату жөніндегі шот-фактуралардың тізімдері келтірілген:

Шот-фактуралар бойынша сату сомасы	Сату бойынша шот-фактураның күні	Сатылған өнімнің өзіндік құны	Жүкті түсіру күні
Желтоқсан			
a. \$3.000	21 желтоқсан	2.000	31 желтоқсан
b. 2.000	31 желтоқсан	800	3 қараша
c. 1.000	29 желтоқсан	600	30 желтоқсан
d. 4.000	31 желтоқсан	2.400	3 қараша
e. 10.000	30 желтоқсан	5.600	29 желтоқсан (консигнацияға жіберілді)
Қаңтар			
f. \$6.000	31 желтоқсан	4.000	30 желтоқсан
g. 4.000	2 қаңтар	2.300	2 қаңтар
h. 8.000	3 қаңтар	5.500	31 желтоқсан

Талап етіледі:

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді назарға алып, кезеңдер бойынша сатуларды бөлу талдауының негізінде 31 желтоқсанға арналған қажетті түзету журналдық проводкаларды көрсетіңіз.

Б9.4

Аудитор Рахимов баланстық есептемесінде «Негізгі құралдар» бабы бар өндірістік компанияның қаржылық есептемелердің тексерісін өткізеді. Компания басшылығы Рахимовтан «Негізгі құралдар» бабына кіретін немесе

кірмейтін төменде келтірілген маңызды баптар үшін түзетулер мен қайта жіктеулер қажетті ме деп сұрады:

1. Жыл ағымында жер учаскесі сатып алынды. Келесі жылы бұл учаскеде компанияның бас кеңсесі салынады. Сатып алу мүлікті сату жөніндегі агентке төленді, және жер учаскесінен бұрынғы қожайынның жабдықтарын шығару жөніндегі барлық шығындар төленді. Осы шығындар шығындар бабында тіркелді және «Негізгі құралдарға» кіргізілмеді.
2. Жерді құрылысқа дайындау үшін учаскені тазарту жөніндегі жұмыстар өткізілді. Осы шығындар «Негізгі құралдарға» енгізілді.
3. Жерді тазарту нәтижесінде алынған орман материалдары мен гравий сатылды. Орман материалдарын мен гравийді сатудан түскен кірістер «Басқа кірістер» шотында көрсетілді және «Негізгі құралдарға» енгізілмеді.
4. Машиналар кешені роялти шарты бойынша сатып алынды. Роялти төлемдері өндірілген бірліктердің негізінде есептелінеді. Машиналардың өзіндік құны, оларды жеткізу, түсіру және роялти төлемдері капиталданды және «Негізгі құралдар» шотына енгізілді.

Талап етіледі:

А. «Негізгі құралдар» үшін аудит (пайымдау) мақсатын анықтау және әр бапқа қатысты мәні бойынша негізгі тестілерді көрсету.

Б. Әр 1-4 пункт үшін түзетулер және қайта жіктеулер қажеттілігін анықтау. Мұндай түзетулер мен қайта жіктеулер нәліктен қажет немесе қажет еместігін түсіндіріңіз. Жауабыңызды кесте түрінде ресімдеңіз:

Баптардың нөмірі	Түзету немесе қайта жіктеуді өткізу қажеттілігі бар ма? Иә/Жоқ	Түзету және қайта жіктеуді өткізуге қажет немесе қажет еместің себептері

Б9.5

Тәуелсіз аудитор Пирогов 1999 жылы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін «Макет» компаниясының қаржылық есептемелерінің аудиторлық тексерісін өткізуге қатысты. «Макет» компаниясының балансында компания өз қызметінде қолданатын жылжымалы құрылыс жабдықтарының маңызды мөлшері есепте тұр. Жабдықтарды есепке алу үшін қосымша журнал қолданылады. Пирогов ішкі бақылау құрылымын зерттеп және бақылап, оны сәйкес деп таныды.

Талап етіледі:

«Макет» компаниясының қаржылық есептемелеріндегі жылжымалы құрылыс жабдықтары мен тиісті тозу шарттарын тексеру үшін Пирогов өткізуі қажет мәні бойынша тестілерді анықтаңыз.

Б9.6

Шот сальдолары үшін тәуекелді таппаудың деңгейін анықтауында қандай факторларды қарастыру орынды болады?

Б9.7

Аудитор зерттеген бағалы қағаздарға қатысты жұмыс құжаттарында қандай мәліметтер ұсынылуы керек?

Б9.8

«Траст» компаниясы инвестициялық циклінің шоттар сальдосын тексеру барысында аудитор Куприн мына ауытқулардың пайда болуы мүмкін немесе қазір де бар екендігін анықтады:

1. Алу үшін пайыздарды есептеуде арифметикалық қате жіберілді.
2. Аффилірленген компания жай акциялардың 25% инвестициялары бастапқы құн бойынша ескеріледі.
3. Ішкі кастодианмен ұсталатын бағалы қағаздар қазынашының атына жазылған.
4. Кезең басындағы өкімдегі бағалы қағаздар шілдеде жеке қолдануға ауыстырылды және желтоқсанда алмастырылды.
5. Рұқсат берілген бағалы қағаздарды сатып алу өзіндік құны бойынша ескерілді, ал брокерлік қызметтердің төлемі шығындарға жатқызылды.
6. Бар деп есепке алынған он акция жоқ.
7. Акцияларға нарықтық инвестициялар өзіндік құны бойынша есептеледі, ол ағымдағы нарықтық бағадан жоғары.
8. Нарықтық бағалы қағаздар тізілімі шоттардың бас кітабына сәйкес келмейді.
9. Бағалы қағаздарды сатудан түсетін кірістер салық салудан кейін есептеледі.
10. Банк қызметін қамсыздандыру ретінде кепілге берілген бағалы қағаздарды ашу жоқ.

Талап етіледі:

А. Әр ауытқуды анықтауға қыжетті мәні бойынша тестілердің түрлерін анықтаңыз.

Б. Мәні бойынша әр тестке қатысты қаржылық есептемелердегі пайымдауларыңызды көрсетіңіз.

В. Мәні бойынша өткізілген тестілердің нәтижесінде алынған дәлелдемелердің түрлерін көрсетіңіз (мысалы, физикалық, растайтын, құжаттамалық, жазбаша ұсыныстар, математикалық, ауызша немесе аналитикалық). Жауабыңызды кесте түрінде ресімдеңіз, әр А,Б,В, бөлімдері үшін бөлек баған қолданыңыз.

Б9.9

Сіздің компания 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған «Бронь» компаниясының қаржылық есептемелеріне аудиторлық тексеріс өткізді. Компания құралдардың негізгі түрлерін өндіреді және дилерлер мен дистрибьютерлердің қызметтерін қолданып нарыққа жеткізеді.

Сіз «Бронь» компаниясының бөлімшелері біреуінің төлем шоттарын тексеруіңіз қажет. Бұл бөлімшенің жеткізушілер алдындағы кредиторлық борышы \$2,500,000 құрайды, бұл барлық төлем шоттарының 60% құрайды. Төлем шоттары барлық міндеттемелердің 40% және барлық міндеттемелер мен өзіндік капиталдың 30% құрайды. Осы жыл ішіндегі таза кіріс \$3,000,000 құрайды.

Жеткізушілерден шот-фактуралар сатып алу бөліміне түседі, онда олар тауарларды алу туралы есептемелермен және мөлшер мен бағалардың сәйкестігін тексеру үшін тиісті сатып алу тапсырыстармен салыстырылады. Кейін шот-фактуралар мен тауарларды алу туралы есептемелер математикалық дәлдігін тексеру және төлемге соңғы рұқсат алу үшін бухгалтерия бөліміне жіберіледі.

Тауарларды алу туралы тіркелген есептемелермен шот-фактуралар төлем күні (айдың жетінші жұмыс күні) екі топқа бөлінеді: бір топқа өткен айдың күні қойылған тауарларды алу туралы есептемелерімен шот-фактуралар алынады, басқа топқа – ағымдағы айдың күні қойылған тауарларды алу туралы есептемелерімен шот-фактуралар. Кейін қорытынды сомасы және әр топ үшін бөлек қатар санымен нөмірлері бар салыстыру журналы толтырылады. Қаржылық есептемелердегі төлем шоттары өткен кезеңнің күні қойылған салыстыру журналынан тауарларды алу туралы есептемелерімен барлық шот-фактуралардың қорытынды сомасы түрінде болады. Растайтын құжаттарды тіркеу журналы жүргізілмейді.

Сатып алу бөлімі келіспеген алу туралы есептемелерді және шот-фактураларды сақтайды.

Компанияда белгіленген шоттарды жабу жөніндегі ресімдер сәйкес, алайда компания жолдағы ТМҚ ешқашан есептемейді.

Компания жеткізушілерден алатын есептемелер бухгалтер бөлімінің қызметкеріне жолданады. Қызметкер жеткізушілердің есептемелеріндегі барлық төлем шоттарын салыстырмайды, бірақ мерзімі өтіп кеткен төлем шоттарын салыстырады.

Компания аудиторлар үшін төлем шоттарының тізімін құрастырды. Ол тізім қаңтарда төленген желтоқсандық төлем шоттарын салстыру журналынан құрастырылды. онда жеткізушінің аты/атауы, реттік нөмірі, шот-фактураның күні, төлем күні мен мөлшері жазылған. Осы тізімді тез ұарап шығу мыналарды анықтады:

1. Қаңтардың күні қойылған және \$200,000 есептелетін шот-фактуралар «Плюс» жарнамалық агенттігімен «Лучшие Дома и Сады» журналында ақпан және наурыздағы жарнама үшін жазылды. Осы шоттар вице-президенттің талабы бойынша төлем шоттарының жылдық тізіміне енгізілді, вице-президент бұл шешімді жарнама бөлімінің бюджетте белгіленген шығындары мен жыл ішіндегі нақты шығындармен сәйкестікті жақсарту мақсатымен түсіндірді. Шығын жарнама үшін шығын деп тіркелді.

2. Тізілімге енгізілген сомалар: еңбек ақы бойынша төлемдер, еңбек ақыға салынатын салықтар, компания пайдасына қызметкерлердің қатысу бағдарламасының шегіндегі басқа да төлемдер болып табылады.

3. Юрист және бухгалтер қызметтерін төлеуге байланысты шоттар тізілімде жоқ.

Талап етіледі:

Осы компанияның төлем шоттарының аудитына байланысты мәні бойынша тестілер мен мәселелерді талқылаңыз. Сіздің тестіңізде қолданатын (а) тестілерді және төлем шоттарының тізімі үшін сіз ұсынатын (б) түзетулерді жақсылап талқылаңыз.

№10 сабақ. Инвестициялар, ұзақ мерзімді міндеттемелер, меншік капиталының шоттары және аудиторлық тексерісті аяқтау

Осы сабақта Сіздер баланс бойынша инвестицияларды, ұзақ мерзімді міндеттемелерді және меншік капитал шоттарын аудиторлық тексеру әдістерін қолдануға үйренесіз. Сабақ аудиторлық тексерісті аяқтау үшін қажет қадамдардың қарастырумен аяқталады.

Ұзақ мерзімді инвестицияларды аудиторлық тексеруде маңызды қадамдарды сипаттаңыз:

- Әдетте аудитор инвестициялардың тізімін құрастырады және зерттейді немесе бағалы қағаздарды ұстаушылардың детальдарын растайды. Жаңа инвестициялардың бастапқы құны операцияға сәйкес құжаттамамен салыстырылуы қажет. Аудитор сатудан кірістердің, пайданың жіне залалдың дұрыс есепке алынуында сенімді болу керек. Сонымен бірге аудитор инвестициялардан кірістердің түсуінде сенімді болу керек.
- Аудитор балансты құрастыру күнінде инвестициялардың баланстың құнын нарықтық құнымен салыстыру керек немесе оны тексерілген қаржылық есептемелердің немесе басқа да сенімді көздердің баланстың құнымен салыстыру қажет.

Ұзақ мерзімді міндеттемелердің аудиторлық тексеруде маңызды қадамдарды сипаттаңыз:

- Әдетте аудитор төлем вексельдерінің және ұзақ мерзімді міндеттемелердің тізімін құрастырады және кредитор міндеттемелерінің атабиғатын (пайда болуын) және шарттарын детальды растайды. Аудитор пайыздар мен басқа да шығындар сәйкесінше танылғанында және ұзақ мерзімді міндеттеменің ағымдағы бөлімі дұрыс есептелгенінде сенімді болу керек. Сонымен бірге аудитор кез келген аренданы капитализациялау қажеттілігін қарастыру қажет.

Меншік капитал шоттарын аудиторлық тексеруде маңызды қадамдарды сипаттаңыз:

- Аудитор меншік капитал шоттарын әсер ететін барлық операциялардың тізімін құрастыру қажет. Барлық операциялар басшылықтың бастапқы рұқсат беруіне, жирек Директорлар Кеңесінің рұқсат беруі, дейін ақадағалуы керек. Айналымдағы акциялардың саны регистраторда куәландырылуы керек немесе егер компанияның жеке тіркеу бөлімі болса, сертификаттар немесе сертификат түбіртектерінің санына сәйкес тиісті кітапта расталуы қажет.
- Акцияның табыстылығына әсер ететін акциялар үшін опциондар және т.с.с. құжаттарға жазылуы керек.

Баланс бойынша аудит әдісін қолданып таза табысты жанама тексеру тәсілін түсіндіріңіз:

- Активтер – Міндеттемелер = Капитал баланстың теңдеуіне сәйкес активтердің және міндеттемелердің сальдосын дұрыс анықтау капиталдың сальдосын дұрыс анықтауына әкеледі. Таза табысты есептеуге жатпайтын операциялар жеңіл анықталуы мүмкін. Осылайша (жанама әдісімен болса да) кезең үшін таза табыс пен залалды есептеуге болады.
- Осыған қоса, баланстың есептемелердің шоттарын зерттеу аудиторға қаржылық – шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есептемелердің тиісті шоттары турал сенім береді.

Табыстар мен залалдарға қатысты пайымдауларды атап шығыңыз:

- Табыстар мен залалдарға қатысты пайымдауларға кіреді:
 - ◆ Табыстардың шоттарында нақты мөлшерде және тиісті кезеңде тиісті шоттарда дұрыс тіркелген орындалған шаруашылық операциялардың барлық нәтижелері белгіленді.
 - ◆ Консигнация бойынша тауарларды және қайтару құқығы бар сатылған өнімді есепке алу МСФО – ға сәйкес жүргізіледі.
 - ◆ Шығындардың шоттарында нақты мөлшерде және тиісті кезеңде шоттарда дұрыс тіркелген орындалған шаруашылық операциялардың барлық нақты шығындары белгіленді.
 - ◆ Барлық табыстар, шығындар, сатылған өнімнің өзіндік құны, төтенше, ерекше және сирек болатын шаруашылық операциялар дұрыс жіктелді және ашылды.

Табыстар мен шығындар шоттарын тексеру үшін талдау әдісі қалай қолданылатынын түсіндіріңіз.

- Талдау мүмкін болатын ерекше ауытқуларды анықтау үшін табыс шоттарындағы ағымдағы көрсеткіштерді өткен кезеңдегі деректермен және / немесе бірнеше жыл деректерінің тенденциясымен салыстыру үшін қолданылуы мүмкін. Сонымен бірге салыстырулар бюджет және болжамдардың деректеріне қатысты өткізілуі мүмкін.

- Басшылықтан ерекше ауытқулардың түсіндірмесін талап ету керек. Аудитор басшылықтың түсіндірмелері шын және тенденциялар мен өзгерістер мөлшерінің бағытын толық түсіндіретініне толық сенімді болу керек.

Шартты міндеттемелерді анықтау мен тексерудің аудиторлық ресімдерін түсіндіріңіз.

- Шартты міндеттемелерге жататын аудиторлық дәлелдемелердің негізгі көздері:
 - ◆ Клиенттің қорғаушыларымен іс хат – хабары туралы мәліметтерді алу;
 - ◆ Банктен кепілдіктер туралы мәліметтерді алу;
 - ◆ Контрактар мен келісімдерді қарау;
 - ◆ Салық салуды және салық агентінен келген іс – хаттарды қарау;

- ◆ Клиенттің заттары – ұсыныстары;

Клиенттің қорғаушы фирмасына жолданған хат – сұрау салудың мысалдағы_мазмұнын сипаттаңыз, және осы хатқа жауаптардың мүмкін нәтижелерін түсіндіріңіз.

- Хат - сұрау салуға мыналар енгізілуі тиіс:
 - ◆ Сұрау салуға қатысты барлық ұйымдардың тізімі;
 - ◆ Қазіргі кезде бір және мүмкін болатын искілердің тізімі;
 - ◆ Қазіргі кезде бар және мүмкін болатын искілер бойынша клиенттің күтілетін әр сипатын, мәртебесін және бағасын сипаттау.
- Хатқа сонымен қатар аудиторға тікелей қорғаушы компанияның жауапты ұсыну туралы сұрау салынады, жауапқа кіреді:
 - ◆ Искілер мен мүмкін болатын искілердің сипатының дәйектілігі жөнінде хабарлама;
 - ◆ Клиенттің қазіргі кезде бар және мүмкін болатын әр искіті бағалау жөніндегі хабарлама;
 - ◆ Хат-сұрау салуға енгізілмеген искілердің немесе мүмкін болатын искілердің тізімі.
- Хат-сұрау салуда кез келген искілер туралы айтпаған жағдайда, аудитор клиентке искінің күтілетін нәтижесін бағалау туралы сұрау салумен өтініш жасау керек және осы бағаны қорғаушы фирмамен растауын алу қажет. Қорғаушы фирманың кез келген бағамен келіспеу жағдайында аудитор келіспеудің мән-жайын талқылау үшін қорғаушы фирмамен және клиентпен кездесі өткізуі қажет.

Аудитордың сұрау салуына қатысты Хаттың мысалы

Компания ХХХ
Қазақстан, Алматы, 48100

(Юристің аты мен мекенжайы)

Құрметті мырзалар,

Біздің (бухгалтерлік балансты құрастыру күнге) және аталған күні аяқталатын (кезеңге) арналған қаржылық есептеменің аудитын өткізуге байланысты компанияның басшылығы біздің аудиторларға (аудиторлық фирманың атауы мен мекенжайы) шартты міндеттемелердің белгілі бір түрлерінің сипатын және бағасын әзірледі және ұсынды, оған төменде көрсетілген міндеттемелер кіреді, сіз компанияның атынан заңдық кеңес беру немес ұсыну түрінде маңызды көңіл бөлгендерге қатысты және

сіздің қатысыңыз бар аспектілерге байланысты. Ос шартты міндеттемелер компания басшылығымен осы мақсаттарда маңызды деп қарастырылады. Сіздің жауабыңызға (бухгалтерлік балансты құру күніне) арналған, сондай-ақ аталған күн және сіздің жауабыңыздың күніне дейінгі кезең ішінде сұрақтар кіргізілуі тиісті.

Соттың қарауындағы тяжба немесе алдағы соттық процесс

(сипаты ұсынылады)

Бекітілмеген кінәлар мен бағалар

(сипаты ұсынылады)

Біздің аудиторларға бар болса, сіздің пікіріңізше жоғарыдағы ақпаратқа қосымша ретінде, сондай-ақ жоғарыда атлғандардан ерекшеленетін аспектілер жөніндегі түсіндіру кіретін түсіндіру материалын; шартты міндеттемелерге қатысты шара қолданбау фактілерін белгілеу; немесе аталған аспектілердің тізімі толық екендігі туралы бекітуіңізді ұсыныуыңызды өтінеміз.

Біздің түсінуімізше, қаржылық есептемені ашудың қажеттілігіне әкелуі мүмкін бекітілмеген кінәлар мен бағаларға байланысты аспектілерге қатысты бізге заңды қызмет ұсыну барысында, сіз осындай кінәлар мен бағаларға байланысты ашу мүмкіндігін ашуыңыз немес қарастыруыңыз қажет туралы кәсіптік қорытынды қалыптастырасыз және бізге қатысты кәсіптік жауапкершілікке сәйкес сіз бухгалтерлік есеп стандарттарының тиісті талаптарына қатысты және ашу сұрақтары жөнінде ақпарат ұсынасыз және кеңес бересіз. Біздің түсінуіміз дұрыс екендігі жөнінде біздің аудиторларға растауыңызды өтінеміз.

Жауабыңызда кез келген шектеудің сипаты мен себептерін айтуыңызды өтінеміз. Жауап үшін конверт қоса беріліп отыр.

Ізгі ниетпен Сіздің,

Клиенттің қолы

Клиенттің ұсыным хатының маңыздылығын түсіндіріңіз

▪ Клиенттің ұсыным хатына қаржылық есептеменің мазмұнына компания басшылығының жауапкершілік алуы және аудиторға барлық қаржылық есептемелер және іске қатысты толық ақпарат ұсынылғандығы туралы растау кіреді. Хат әдетте басшылықтың барлық қаржылық есептемелердің дұрыстығы мен толықтығы туралы растауын және бағалаудың тиісті әдістері қолданғандығын растайды.

▪ Көбінесе жағдайда ұсыным хат аудитордың адекватную тексеру жұмысының орнын баса алмайды. Алайда кейбір жағдайларда басшылықтың

ұсынымы жалғыз дәлелдеме болады (мысалы, компанияның болашақ жоспарларына).

Байланысқан тараптардың шаруашылық операцияларын аудиторлық тексерудің маңыздылығын түсіндіріңіз

▪ Байланысқан тараптардың арасындағы шаруашылық операциялар аудиторлық тексерістен өту қажет, өйткені қаржылық есептеменің халықаралық стандарттары (ҚЕХС) мұндай операциялардың және егерде болса экономикалық тәуелділіктің ашылуын талап етеді.

Кейін болатын оқиғалар үшін аудитордың жауапкершілік дәрежесін сипаттаңыз

▪ Аудитор баланстық есептеме құрастыру күнінен кейін болған оқиғаларды анықтау үшін зерттеу мен сұрау салу өткізу қажет, ол үшін бөлек түзетулер мен ашулар өткізу керек.

▪ Аудитор осы оқиғаларды қаржылық есептемелерде көрсетудің дұрыстығын анықтау үшін қажетті дәлелдеме табу керек.

▪ Кейін болатын оқиғаларды белгілеу үшін қоданылатын ресімдер мүмкіндігінше аудиторлық қорытынды шығарғанға дейін өткізілуі керек.

Кейін болатын оқиғалардың 1-ші және 2-ші типтерін және осы типтердің әр қайсысына байланысты аудиторлық ресімдерді сипаттаңыз

▪ 1-ші типке алдағы болған шартты қаржылық есептемеде түзетуді талап ететін оқиғалар жатады. 2-ші типке қаржылық есептемеде түзетуді талап етпейтін, бірақ қосымша ашуы талап ететін оқиғалар жатады.

▪ 1-ші типтің оқиғасын анықтаған жағдайда, аудитор тиісті түзетудің қаржылық есептемеге енгізілуін қадағалауға міндетті. 2-ші типтің оқиғасын анықтаған жағдайда, аудитор тиісті ашылуың қаржылық есептемеге енгізілуін қадағалауға міндетті.

Аудит үшін келесі маңызды оқиғаларды табу үшін ақпарат көздерін анықтаңыз

▪ Кейін болатын оқиғалар туралы ақпарат көздеріне басшылықтан сұрау салу, компанияның қорғауы фирмасымен іс хат-хабар жүргізу, ішкі қаржылық есептемелерді қарау, жыл аяқталғаннан кейін өткен операцияларды қарау, жыл аяқталғаннан кейін өткізілген Директорлар кеңесі жиналыстарының хаттамалары және клиенттердің ұсынымдары кіреді.

Аудиторлық тексерістің аяқталу сатысы уақытында өтетін ресімдерді сипаттаңыз

- ◆ Жиналған дәлелдемелердің жетістігі мен дұрыстығын бағалау;
- ◆ Қаржылық есептемелердегі ашылуларды қарастыру;
- ◆ Қаржылық есептемелердің жалпы талдауын өткізу;
- ◆ Жиналған дәлелдемелердің аудиторлық қорытындыны қандай дәрежеде негіздейтінін бағалау;
- ◆ Жұмыс құжаттарының бумасына кіретін құжаттарды қарау.

Тәуелсіз қарастырудың неізгі мақсаттарын түсіндіріңіз

- Тәуелсіз қарастырудың неізгі мақсаттарына жатады:
 - ◆ Жиналған дәлелдемелердің аудиторлық есептемені әзірлеу үшін жеткіліктігін және бірде бір ресім өткізілмей қалмауын немесе маңызды қорытындының жасалмай қалмауын қадағалау.
 - ◆ Жұмыс құжаттарының кәсіпорынның қабылданған практикасына сәйкес әзірленуін, оған атқарылан жұмыс туралы тиісті құжаттамалар кіретінін, жасалған қорытындылар үшін негіз болатынын және аудиттың халықаралық стандарттарына толық сәйкес келетін дәлелдемелерді ұсынатынын қадағалау.
 - ◆ Жұмыстың толық атқарылғанын және есептеменің компанияның қабылдаған практикасына және барлық қажетті сыртқы талаптарға сай әзірленуін қадағалау.
 - ◆ Клиенттің барлық маңызды мәліметтер туралы хабардар болуын қаағалау.

Клиенттермен қарым-қатынас жөніндегі КМАП ұсыныстарын түсіндіріңіз

- КМАП аудиторлық тексеріс барысында анықталған мәліметтерді клиентке хабарламасы, осы хабарлама өткізілген жұмыстан алынған мәліметтерге негізделетінін және компания басшылығының қызығушылық танытатын барлық сұрақтарын көрсетуі міндетті еместігінің айқын көрсетілуін талап етеді. Хабарлама үшінші тараптардың қолдануын қарастырмайды және мүмкіндігінше жазбаша болуы қажет.

10-САБАҚҚА ШОЛУ СҰРАҚТАРЫ

C10.1

Неліктен кірістер мен шығындар шоттарының көбісі аудиторлық тексерістің тек аналитикалық ресмідерінен өтеі?

C10.2

Шартты міндеттемелерге қатысты дәлелдемелерді жинау үшін клиенттің қорғаушы компаниясының хатымен қатар қандай ресімдер қолданылуы мүмкін?

C10.3

Кейін болатын оқиғалардың екі типі қандай? Олардың қаржылық есепемелерде есепке алуы әдістерінің айырмашылығы неде?

C10.4

Аудиторлық тексерісті аяқтаудың алдында түзету проводкаларының аудиторлық черновиқтеріне және ашылудың жазбларына «ұсынылды» деген белгі неліктен қойылады? Неліктен аудиторлар осы проводкалар мен ашылуларды оңғы нұсқауда құрасырып, оны субъектіге тапсырмайды?

C10.5

Бағалы қағаздарға инвестициялады тексеру барысында эмитенттердің атын, акциялардың саны, сертификациялық нөмірлер, өтеу мерзімдері, пайыздық ставкалар әне дивиденттердің ставкасы туралы ақпаратты алу үшін аудитор қандай аудиторлық ресімдерді қолдана алады?

10-САБАҚҚА БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

B10.1

«Успех» корпорациясының тұрақты аудиторы Джанбаев меншік капиталы шоттарының және компанияның сатып алынған өзінің акцияларының тексерісіне кірісті. Джанбаев бақылау тәуекелінің максималды бағалауында мәні бойынша тестілерді әзірлеуі шешті.

«Успех» компаниясы номиналдық және хабаланған құнсыз жай акцияларды шығарды және регистратордың қызметтерін атқарады. Өткен жылдың ішінде «Успех» компаниясы жай акцияларды шығарды және өзінің жай акцияларын қайа сатып алды, олардың кейбіреулерін компания жылдың соңында ұстап тұрды. Операциялардың бірқатары акционерлердің арасында жыл ішінде өткізілді.

Жай акциялармен жасалған операцияларды акционерлердің жеке шоттары бойынша қосымша кітапта және акция сертификаттарын тіркеу журналында қадағалауға болады. Компания дивиденттерді қолмақол ақшамен де, акциямен де төлеген жоқ. Компанияның акцияның басқа түрлері, акционерлік құқықтары, валанттары, опциондары жоқ.

Талап етіледі:

Джанбаев меншік капиталның шоттарын және компанияның сатып алынған өзінің акцияларын зерттеуде мні бойынша қандай тестілерді қолдануы керек.

Б10.2

Аудитор Гринев «Гора» компаниясының 2000 жылғы 31 желтоқсана аяқталатын жыла арналған қаржылық есептеменің аудитын өткізеді. Гринев объектідегі жұмысты аяқтауды және аудиторлық есептемеге қол қойғызуды 2001 жылғы 10 мамырға жоспарлайды. Гринев 2000 жылғы бухгалтерлік есептемеге әсер ететін 2000 жылғы 31 желтоқсаннан кейін жасалған оқиғалар мен операциялар жөніне қобалжиды.

Талап етіледі:

А. Гриневтың қарауын және бағалауын талап ететін кейін болатын оқиғалардың жалпы типтері қандай?

Б. Кейін болатын оқиғаларға қатысты дәлелдемелерді жинау үшін Гринев қандай аудиторлық ресімдердің атқарылуын қарау керек?

Б10.3

Чанышев «Престиж» жабық акционерлік қоғамында бақылаушы болып қызмет етеді. Компанияның негізгі иеленушілері жақын арада зейнетке шығып, өзінің меншік бөлімдерін сатқылары келеді. Осы опрецияны өткізу үшін тексерілген қаржылық есептемелер қажет болғандықтан, компания 1999 жылғы 30 қарашада аяқталатын есепті кезең үшін қаржылық есептеменің аудиторлық тексерісін өткізу үшін «Класс» аудиторлық компаниясын жалдады.

Иеленушілермен соңғы жиналыста Чанышев аудит барысы туралы мәліметтер ұсынды. Негізгі жұмыстың барлығы дерлік атқарылды және алдын ала қаржылық есептемелер келесі он күннің ішінде дайын болады. «Класс» аудиторлық компаниясы есептемені 2000 жылғы 15 қаңтар күніне жоспарлады. Қалған жұмыстың типі туралы сұраққа Чанышев алда атқарылуы тиіс үш негізгі міндеттерді атады:

1. Кейін болатын оқиғаларды қарау
2. Клиентің ұсыным хаты
3. Басшылыққа хат

Талап етіледі:

1. Кейін болатын оқиғаларды қарауды өткізудің себебін сипаттаңыз.

2. Кейін болатын маңызды оқиғаларды анықтаудың мүмкін болатын екі тәсілін және осы тәсілдердің әр қайсысының компанияның қаржылық есептемесіне мүмкін болатын әсер етуін сипаттаңыз.
3. Клиенттің ұсыным хатын құрастырудың мақсатын сипаттаңыз.
4. Клиенттің ұсыным хатына енгізілуі мүмкін төрт пунктті сипаттаңыз.
5. Басшылыққа хат құрастырудың мақсатын сипаттаңыз.
6. Басшылыққа хатта көрсетілуі тиіс негізгі үш пунктті сипаттаңыз.

Б10.4

«Водомер» компаниясының 2000 жылғы 31 желтоқсандағы аяқталатын жылға арналған қаржылық есептемелерін тексеру барысында аудитор Ризов қаржылық есептемеге әсер етуі мүмкін 2000 жылғы 31 желтоқсаннан кейін өткен оқиғалар мен операцияларды анықтады, бірақ олар есептеме шығатын күн 2001 жылғы 8 ақпанға дейін. Төменде осы оқиғалар мен операциялар келтіріледі:

1. 2001 жылғы 3 қаңтарда «Водомер» компаниясы Канададан шикізат алды. Шикізатқа тапсырыс 2000 жылдың қазанында берілді және қоймадан қарашада жіберілді, жеткізудің шарты – жеткізушінің жауапкершілігі оның қоймасынан тауарды тиеу сәтінен аяқталады (ФОБ-тиеу).
2. 2001 жылғы 15 қаңтарда компания бұрын жұмыс істеген қызметкерге 2000 жылдың наурыз айында өткен несчастнй жағдайдың нәтижесінде алған дене жарақаттары үшін өтемақы төлемінің искін төледі. Компания бұрын осы жағдай өнінде міндеттемелерді тіркеген жоқ.
3. 2001 жылғы 25 қаңтарда компания «Электрик» компаниясының айналымдағы акцияларын сатып алу туралы келісімге келді. Бұл сатып алу «Водомердің» сату көлемін сәйкесінше екі есе ұлғайтады.
4. 2001 жылғы 1 ақпанда су тасқыны нәтижесінде «Водомер» компаниясының зауыты зақымдалды, және сақтандырылмаған қорларға маңызды залал келтірілді.
5. 2001 жылғы 5 ақпанда «Водомер» компаниясы хлыққа \$2,000,000 сомасына конвертирленетін облигацияларды шығарды және сатты.

Талап етіледі:

Жоғарыда аталған әр оқиға немесе операция үшін нәтижесінде аудитор дәл осы оқиға мен операцияға көңіл аударған аудиторлық ресімдердің түрін, және олардың қаржылық есептемелерде ашылу формаларын, дәл осы ашлулардың себептерін негздеп, белгілеңіз. Жауабыңызды кесте түрінде көрсетіңіз.

Оқиғаның/ операцияның №	Аудиторлық ресім	Қажетті ашылу немесе прводка мен себептері

Б10.5

«Амир» компаниясының қаржылық есептемелерін аудиторлық тексеру барысында компания президенті Алов және аудитор Лютиков ұсыным хатқа енгізгілері келетін аспектілерді қарастырды. Төменде көрсетілген ұсыным хатты алғаннан кейін Лютиков Аловқа ол толық еместігі туралы хабарлады:

**Е.К. Лютиковқа,
аудиторға**

Сіздің «Амир» компаниясының 1999 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық есептемелерін және қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы, таратылмаған кіріс туралы және ақша қаражаттарының жылжуы туралы сәйкесінше есептемелерді «Амир» компаниясының қаржылық жағдайы, қызмет нәтижелері және қолмақол қаражаттың ағымы қаржылық есептеменің халықаралық стандарттарына сәйкес қаржылық есептемеде нақты ұсынылғандығы туралы қорытынды қалыптастыру мақсатымен тексеріске байланысты, біз Сіздің зерттеу уақытында Сіз үшін жасалған келесі ұсынымдарды растаймыз. Есепті кезеңде болмады:

1. Активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнына немесе жіктемесіне маңызды әсер етуі мүмкін жоспарлар мен мақсаттар.
2. Қаржылық есептемедегі мәліметтердің стандарттарға сәйкес еместігі немесе жеткіліксіздігіне қатыст реттеу агенттіктерінен хабарламалар.
3. Алдында сатылған активтерді сатып алуға келісімдер.
4. Біздің юристердің пікірінше, қаржылық есептемелердің стандарттарына сәйкес оң шешілуі мүмкін және ашылуы керек қабылданбаған тәуекелдер.
5. Жай акцияларды қайта сатып алу үшін опциондар мен келісімдер немесе опциондар, варранттар, конверсиялар немесе басқа талаптар үшін жай акциялардың қорлары.
6. Өтемақы балансы немесе қолмақол сальдосын шектеу кіетін басқа да келісімдер.

Р. Алов,
«Амир» компаниясының президенті

2000 ж. 14 наурыз

Талап етіледі:

Президент Аловтың ұсыным хатында қандай аспектілер болу керектігін көрсетіңіз.

Б10.6

Тәуеліз аудитордың қаржылық есептемелерді ұсынудың дәлдігі жөніндегі қорытындысын қалыптасыру өткізілген аудиторлық тексерістің негізгі нәтижесі болып табылады. Тәуелсіз аудитор әзірлеген ең көп тараған есептеме аудитордың қорытындысы бар аудиторлық есептеме болса да, аудит процесінде құрастырылатын есептеменің басқа да түрлері бар. Осындай есептеменің бірі басшылыққа хат жазу (бейресми есептеме) болып табылады.

Талап етіледі:

А. Басшылыққа хат құрастырудың мақсатын анықтаңыз?

Б. Басшылыққа хатқа енгізіген ақпаратың негізгі типтерін анықтаңыз. Жоғарыда анықалған типтердің біреуіне толық мысал келтіріңіз.

Б10.7

А. Кәсіптік стандарттармен танылған растау міндеттемелерінің төрт типіне сипаттама беріңіз.

Б. Оның әр қайсысына байланысты сенімділік деңгейін және тәуекелділік дәрежесін көрсетіңіз.

Б10.8

Аудитордың аудитке жатпайтын қаржылық есептемелер туралы сұрақта кәсіптік жауапкершілігінің шектелуі жиі дұрыс емес қабылданады. Дұрыс емес түсінудің дәрежесі жұмыс процесінде кәсіптік талаптар сақталса және басқа да сәйкесінше шаралар қолданылса маңызды азаюы мүмкін.

Талап етіледі:

Аудитке жатпайтын қаржылық есептемені әзірлеуге байланысты аудитор кез болуы мүмкін жеті оқиғаның немесе келіспеушіліктің тізімі келтірілген. Аудитордың жауапкершілік дәрежесін және қажет болса оның дұрыс емес түсінудің дәрежесін азайту бойынша әрекеттерін қысқаша талқылаңыз:

1. Аудитор есепке алынған кезеңнің жұмыстрын аяқтау процесіне, сондай-ақ қаржылық есептемені құрастыруға телефон арқылы қатысты. Субъект аудитор қарылық есептеменің аудитын өткізді және сәйкесінше есепке алу жазбаларын зерттеді деп есептейді.

2. Басқарушысы тәуелсіз агент болып табылатын ферманы иеленетін бизнесмендер тобы олар үшін аудитке жатпайтын тоқсандық есептемелерді құрастыру үшін аудиторды жалдады. Аудитор оған тәуелсіз агент-басқарушы ұсынған ақпаратты қолданып есептемелер құрды. Кейін бизнесмендер қаржылық есептемелердегі дәлсіздіктерді анықтады, өйткені олардың агенті ресурстарды өзі иеленді. Бизнесмендер аудитордың жұмысын төлеуден бас тартты және аудитор агенттің ұсынымдарына сенбеу керектігін айтып, оны алаяқтық фактісін анықтамауда айыптады.

3. Сынамалы балансты бас кітаппен салыстыру кезінде аудитор «Аудитке шығындар» шотын тапты, онда субъект есепке алу және тоқсандық қаржылық есептеме құрастыру бойынша аудитордың қызметтерінің барлық чектерін қосты.

4. Тексерілмейтін (аудитке жатпайтын) қаржылық есептемелерге аудитордың төмендегі хаты қоса берілді:

«Біз 2000 жылғы 30 маусымда аяқталатын алты айлық кезеңге арналған сіздің компанияның 2000 жылғы 30 маусымдағы баланстық есептемесін және қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы, таратылмаған кіріс туралы және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы тиісті есептемелерді қоса береміз».

5. Аудитор шоттардың жіктемесінің сәйкестігін бағалау үшін субъектінің бірқатар шот-фактураларын қарады. Аудитор жұмыс құжаттарда кейбір шот-фактуралардың жоқтығын анықтады, алайда ол құрастыратын қаржылық есептемеге осы шот-фактуралар әсер етпейді деп ешқандай шара қолданбады. Кейін субъект осы шот-фактуралардың жоқтығын анықтағанда, ол аудиторға қаржылық есептемелерді әзірлегенде шот-фактуралардың жоқтығын есепке алуы, және олардың жоқтығы туралы субъектіге хабарлауы тиіс деп айыптады.

6. Аудитор клиенттің есепке алу жазбаларынан ақпаратқа сүйеніп, қаржылық есептеменің алғашқы (черновой) нұсқасын әзірледі. Есептемелерді субъектімен бірге қарастырғанда аудитор жер және кейбір құрылыстар бағалау құны бойынша есепке алынғандығын анықтады.

7. Аудитор субъектінің бақылаушысы құрастырған қаржылық есептемелерді қарастыруы керек (аудитті өткізбей). Осы қарастыру барысында аудитор МСФО сәйкес кейбір баптар үшін түзету проводкаларын өткізудің және ашылудың енгізілудің қажеттілігін анықтады. Бақылаушы ұсынылған түзетулерді өткізуге келіседі, алайда қосымша қосымшалар мен ашылуларды құрастырудан бас тартады, өйткені есептемелер тексерілмейді (аудитке жатпайды).

Б10.9

Осы сұрақ аудитордың қаржылық есептемеге шолу жөніндегі есептемедегі мүмкін болатын жетіспеушіліктерге байланысты 17 пункттен тұрады. Әр пункт бойынша ең дұрыс жауапты таңдап алыңыз.

«Уля» аудиторлық фирмасы «Восток» жабық компаниясының 1998 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған жылға арналған қаржылық есептеменің аудитін өткізді, және ескертпелерсіз пікір айтты. «Восток» компаниясы 1999 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған жылға арналған салыстырмалы қаржылық ақпаратты жариялады. «Уля» фирмасы «Востоктың» 1999 жылға арналған қаржылық есептемесіне шолу жасады және келісім жөніндегі ассистент Гордеев шолу бойынша төменде келтірілген аудиторлық есептеме құрастырды. Келісім жөніндегі бас аудитор Мартынов өткен жылға арналған аудиторлық есептемені қайта шығармауды шешті, бірақ Гордеевке өткен жыл үшін аудиттен өткен есептемеге байланысты жауапкершілікті айта отырып, есептемеге ағымдағы жылға шолу бойынша бөлек параграф қосуға кеңес берді.

Мартынов Гордеев құрастырған құжаттың жобасын қарап, ондағы көптеген жетіспеушіліктерді өзінің *Шолу бойынша ескертпелерде* көрсетті.

Шолу бойынша аудиторлық есептеме

Біз «Восток» компаниясының 1999 жылғы 30 қыркүйектегі жағдайы бойынша қоса берілген бухгалтерлік балансқа және онымен байланысты табыстар мен шығындар туралы есептемеге, сондай-ақ Аудиторлар палатасымен жарияланған стандарттарға сәйкес көрсетілген күн үшін өткен жылға арналған ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептемеге шолу жасадық. Осы қаржылық есептемеге енгізілген барлық ақпарат «Восток» компаниясы басшылығының ұсыныс болып табылады. Біздің шолуымыздың нәтижесінде біздің жауапкершілігіміз осы қаржылық есептеме жөнінде шектеулі сенімділіктен тұрады.

Принципті тұрғыда шолу компания қызметкерлерінен сұраудан және қаржылық есептемеге қолданатын аналитикалық ресімдерден тұрады. Шолу сонымен қатар қаржылық есептемелерге қолданылатын халықаралық стандарттардан және басшылық тарапынан маңызды бағалаудан, сондай-ақ барлық ұсынылған қаржылық есептемеге сияқты бағалаудан тұрады.

Біздің шолуға негізделіп, қоса беріліп отырған қаржылық есептемеге енгізілуі қажет кез келген маңызды өзгерістер туралы бізге белгілі емес. Сәйкесінше, қоса беріліп отырған қаржылық есептеме компания үздіксіз

қызмет етеді деп жорамалға негізделіп құрастырылды. Сонымен бірге, осы есептеменің күнінен кейін болған оқиғалар мен жағдайларға байланысты есептемені жаңарту біздің жауапкершілігімізге кірмейді.

Біз 1998 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған жыл үшін қаржылық есептеменің аудитін өткіздік, және біз 1998 жылғы 7 қараша күні қойылған есептемеде ескертусіз пікір айттық, алайда біз осы күннен кейін аудиторлық ресімдерді орындаған жоқпыз. Біздің ойымызша, жоғарыда аталған қаржылық есептеме өткен жыл үшін аталған күнге қаржылық есептеменің халықаралық стандарттарына сәйкес барлық маңызды аспектілерде дұрыс ұсынылды.

«Уля» аудиторлық фирма
1999 жылғы 6 қараша

Талап етіледі:

1-17 пунктерде Мартынов белгілеген жетіспеушіліктер көрсетіледі. Әр жетіспеушілік бойынша бөлек-бөлек Мартыновтың пікір дұрыс, ал Гордеев қателесе (М) белгілеңіз; егер Гордеевтің пікірі дұрыс, ал Мартынов қателесе (G); (B) егер Мартынов пен Гордеев те қателесе.

Шолу бойынша Мартыновтың ескертпелері:

1. Бірінші (кіріспе) параграфта өткен кезеңге арналған аудиттен өткен қаржылық есептемеге сілтеме болуы міндетті.
2. Ағымдағы жыл үшін барлық негізгі қаржылық есептемелер бірінші (кіріспе) параграфта дұрыс **емес** белгіленген.
3. Бірінші (кіріспе) параграфта сілтеме жасалған стандарттар Аудиторлар палатасымен шығарылған стандарттар **болмауы** керек, бірақ олар компиляция және қаржылық есептемеге шолу бойынша жалпы қабылданған стандарттар болуы қажет.
4. Бірінші (кіріспе) параграфта айтылған қаржылық есептеме жөнінде шектеулі сенімділікті білдіру жөніндегі аудитордың жауапкершілігі екінші параграфқа (шолудың масштабы) енгізілуі керек.
5. Екінші параграфта (шолудың масштабы) өткен кезеңге арналған аудиттен өткен қаржылық есептемеге сілтеме болуы керек.
6. Екінші параграфта (шолудың масштабы) шолудың масштабын аудитпен салыстыру енгізілуі керек.
7. Екінші параграфта (шолудың масштабы) «қолданылатын ҚЕХС бағалауға», «басшылық өткізген маңызды баға берулерге» және «барлық қаржылық есептемені ұсынуға баға беруге» сілтеме жасалмау керек.

8. Екінші параграфта (шолудың масштабы) ағымдағы жылға арналған қаржылық есептеме жөнінде пікір айтылмайтыны туралы пайымдау енгізілуі қажет.
9. Үшінші параграфта «қаржылық есептеменің халықаралық стандарттарына сәйкестігіне» сілтеме жасау қажет.
10. Үшінші параграфта кезектілікке сілтеме жасалуы керек.
11. Үшінші параграфта шолу жөнінде есептеменің таратылуына шектеу қою қажет.
12. Үшінші параграфқа енгізілген «үздіксіз қызмет ететін кәсіпорынға» сілтеме екінші параграфқа (шолудың масштабы) енгізілуі керек.
13. Үшінші параграфтағы есептемені жаңарту жөніндегі аудитордың жауапкершілігін шектеуге белгі екінші параграфқа (шолудың масштабы) енгізілуі керек.
14. Төртінші (бөлек) параграфта өткен кезең үшін аудиттен өткен қаржылық есептеме жөнінде айтылған пікірдің типі туралы айтылмау керек.
15. Төртінші (бөлек) параграфта өткен кезең үшін барлық қаржылық есептеме **дұрыс емес** анықталған.
16. Төртінші параграфта қаржылық есептеменің халықаралық стандарттарына сәйкес аудиттен өткен қаржылық есептемені әділ ұсынуға сілтеме енгізілмеуі тиіс.
17. Есептемеде өткен жыл үшін аудиторлық есептеменің күнін белгілеу мақсатымен екі күн қойылуы қажет.

Б10.10

Аудитор Боев шағын компанияның жалғыз иесі мен басқарушысы Буниннан телефон қоңырауын алды. Бунин Боевты оның компаниясының қаржылық есептемелерін құрастыруды сұрады және сыртқы қаржыландыру мақсатында қаржылық есептемелердің екі аптадан кейін дайын болу керектігін хабарлады. Боевтың есептемелерді қолданудың нақты мақсаттары туралы сұраққа Бунин анық жауап берген жоқ. Боев Бунин оның жұмысын аудиторлық тексеріс ретінде ұсынатындығында сенімді болды. Түсініспеушілік болмас үшін, Боев Бунинға келісім бойынша тек қаржылық есептемелерді құрастыру болатынын түсіндірмеуді шешті. Боев, егер ол жұмысты екі аптаның ішінде аяқтаса, оған маңызды сома төленетінін түсініп, келісімді қабылдады және жұмысқа кірісті.

Боев жұмыс барысында «Кәсіптік қызметтерге шығындар» деп аталған есептелген шығындардың шотын және шоттың сальдосы оның қызметінің төлемі екендігін анықтады. Боев бухгалтерге шотты «Шектеулі аудиторлық келісімді төлеу» деп қайта атауға кеңес берді. Сонымен бірге Боев шоттар жіктемесінің сәйкестік дәрежесін анықтау үшін бірнеше шот-фактураларды тексерді. Кейбір шот-фактуралар болған жоқ. Боев жоқ шот-фактуралардың нөмірлерін келесі аудиторлық келісімде осы шот-фактуралардың қадағалауын өткізу керек деген ескерту жасап жұмыс құжаттарда атап

шықты. Сонымен қатар Боев қазіргі уақытта бар есепке алу жазбаларына алмастырудың ағымдағы құны бойынша бағаланған негізгі қаражаттар кіретінін анықтады. Осы жазбаларға негізделіп, Боев баланстық есептеме, қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есептеме және меншік капиталындағы өзгерістер туралы есептеме құрастырды.

Боев ескертулердің алғашқы (черновой) нұсқасын жасады, бірақ алмастыру құны туралы кез келген ескерту қаржылық есептемені қолданушыларды шатастыруы мүмкін екендігін шешті. Боев Бунинға қолданушылар Буниннан негізгі қаражаттардың алмастыру бағасы құнының мәнін және әсерін түсіндіретін бөлек хат алса, олар ақпаратты жақсырақ алатынын түсіндірді. Боев Бунинға әр бетке мына ескертпе жазылған қаржылық есептемелер мен ескертілерді жолдады:

Қаржылық есептемелер толық аудиторлық тексеріссіз жолданды

Талап етіледі:

Боевтың сәйкес емес әрекеттерін анықтаңыз және әр сәйкес емес қызметтерді болдырмау үшін Боев не істеу керектігін атаңыз. Жауабыңызды кесте түрінде беріңіз:

Сәйкес емес әрекет	Сәйкес емес қызметті болдырмау үшін Боев не істеу керек

